Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Адамдар табиғаттан бөлек өмір сүре алмайды. Табиғатты аялап, қалай үйімізді таза ұстасақ сондай таза ұстауымыз керек.

Менің аулам таза. Көктемде және жазда аулам тап-таза, жап-жасыл болады. Балалар аулада ойнайды. Ересектер саябақта демалып жүреді. Достарымның да ауласы тап-таза болып тұрады. Ол үшін аула тазалайтын ағайлар мен апайларға рахмет дейміз. Ал біз қандай көмек бере аламыз? Біз ойнаған жерді жинап, түкірмей, қоқыстарды шашпай жүруіміз керек. Ағаш бұтақтарын сындырмай, көк шөпті баспау керек.

Тазалық-денсаулық кепілі. Егер топырақ, су, ауа таза болса денсаулығың зор болады. Сол себепті, менің ата-аналарым қалада болатын сенбілікке қатысады. Ағаштар егеді. Жол жиектерін әктейді.

Біздің қаламызда саябақ көп. Біз отбасымызбен «Жерұйық» саябағына барып дем аламыз. Бірақ саябақтар аз. Мен балаларға арналған саябақ болса деп армандаймын. Оны «Балалар саябағы» деп атаймын. Оған балалар ағаш және гүл егеді. Балалар ағаштарды аялау керегін түсінеді. Өздері еккен ағаштарды қурауға тырысады. Таза табиғат болса табиғат, аман болар адамзат. Табиғатты аялайық!

Каппасова Мархаба

Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейі, 3-сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Табиғаттың таза болуына адамдардың тазалықты дұрыс сақтамауы кедергі. Адамдар қоқысты қоқыс жәшігіне тастамайды. Фабрикалардың, көліктердің, зауыттардың түтіндері табиғатты ластайды. Егер табиғатты таза ұстамай, ластап жүрсек, табиғат бұзылады.

Әрбір адам табиғатты қорғауға өз үлесін қоса алады. Мысалы, қоқысты арнайы жәшікке тастау, су мен электр қуатын үнемдеу, ағаш отырғызу – бұл бәріміз жасай алатын қарапайым, бірақ маңызды істер. Сондықтан «Таза Қазақстан» деген ойды өмірлік қағидаға айналдыруымыз қажет.

Мен табиғаттың таза болуы үшін әрбір екі сағатта ауланы тазартып жүретін роботтар жасап шығаратын едім. Әрбір көшелерге «Табиғатты таза ұстайық!» - деп жазылып тұрған белгілер қоямын, себебі табиғат – біздің ортақ үйіміз.

Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ, - деп ата-бабаларымыз дұрыс айтқан. Сондықтан оның таза болуы біздің қолымызда.

Тукен Иман

Әлкей Марғұлан атындағы № 40 мектеп –лицейі, 3-сынып оқушысы

Табиғат – адамзаттың баға жетпес байлығы, өмірдің өзегі. Әрбір орман, өзен, тау мен дала – біздің ұлттық құндылығымыз, ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып келе жатқан асыл мұрамыз. Сондықтан туған жеріміздің табиғатын аялау, оны таза ұстап, болашаққа қалдыру – әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы. Соңғы жылдары елімізде экологиялық мәдениетті дамыту мақсатында ауқымды жобалар қолға алынып келеді. Солардың бірі – «Таза Қазақстан» ұлттық бастамасы. Бұл бастама тек бір реттік сенбілік емес, халықты табиғатты сүйуге, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға шақырады. Әр ауылда, әр қалада табиғатты қорғау шаралары өтіп, еріктілер қозғалысы кең қанат жайып келеді. Жастар өз еркімен өзен-көлдерді тазалап, ағаш отырғызып, қоршаған ортаны сақтауға белсене атсалысуда. Бұл – еліміздің жарқын болашағына деген үміттің белгісі.

Мен әлемге әйгілі Қазақстанда тұрамын. Біздің еліміз өте үлкен, табиғаты тамаша! Тауларымыз, ормандарымыз, өзендеріміз, көлдеріміз көп. Мен табиғатты жақсы көремін. Аспанымыз ашық, ауамыз таза болғанын қалаймын. Сондықтан мен Таза Қазақстан дегенді естігенде, өз елімді таза, әдемі елестетемін. Меніңше, Таза Қазақстан – бұл көшелерде қоқыс жатпайтын, өзендерде балықтар жүзіп жүретін, ағаштар жайқалып өсетін ел. Мұндай елде өмір сүру өте жақсы. Мен табиғатты қорғау керек деп ойлаймын. Мысалы, мен ешқашан қоқысты жерге тастамаймын. Ауламызды тазалаймын, ағаштарға су құямын. Мен үйімнің бақшасына әкеммен бірге ағаш егіп, гүл отырғызып, оны суарамын. Бұл да Таза Қазақстанға қосқан кішкентай көмегіміз деп ойлаймын. Табиғат бізге ауа, су, көкөніс, жеміс береді. Біз оны қорғасақ, ол да бізге пайдасын береді. Егер ормандар кесілсе, жануарлар жоғалады. Егер суды ластасақ, адамдар да балықтар да ауырады. Сондықтан бәріміз бір -бірімізге көмектесуіміз керек. Мен болашақта еліміздің одан да таза, одан да көрікті болуын қалаймын. Ол үшін кішкентайдан тазалықты үйрену керек. Үлкендер де, балалар да табиғатты құрметтеп, оған қамқор болу керек. Таза Қазақстан - бұл менің арманым. Мен сол арманның орындалуына өз үлесімді қосқым келеді. Мен өз болашағымды көгілдір аспан астында, мөлдір өзендер мен сыңсаған ормандар

арасында елестетемін. Бұл – тек арман емес, қол жеткізуге болатын нақты мақсат. Ол үшін әрқайсымыз Таза Қазақстан идеясын жүрекпен қабылдап, күнделікті өмірімізде іске асыруға тырысуымыз керек. Өйткені таза ел – бай ел, жасыл ел – мәңгі ел.

Аманкельды Дильназ

Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейі, 4-сынып оқушысы

Табиғат – адамзаттың тіршілік көзі. Ауа, су, жер, жасыл өсімдіктер – бұлардың бәрі адамның өмір сүруі үшін қажет. Алайда бүгінгі күнде табиғаттың ластануы, орманның кесілуі, өзен-көлдердің тартылуы, ауа мен судың ластануы секілді күрделі мәселелер жиілеп барады. Қазақстан да бұл экологиялық мәселелерден шет емес. Сондықтан елімізде «Таза Қазақстан» -атты маңызды экологиялық бастама қолға алынған. Бұл бастама – әрбір азаматтың қоршаған ортаны қорғауға атсалысуына, елдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған.

«Таза Қазақстан» бастамасы – тек үкіметтің немесе экологиялық ұйымдардың жұмысы емес. Бұл – әрбір қазақстандықтың, соның ішінде менің де азаматтық борышым. Өзімнің үлесімді күнделікті өмірде кішкентай, бірақ маңызды істер арқылы қоса аламын. Мен ең алдымен, қоқысты сұрыптап тастау мәдениетін қалыптастыруға тырысамын. Пластик, шыны, қағаз қалдықтарды арнайы жәшіктерге салып, оларды қайта өңдеуге жіберу – табиғатты сақтаудың бір жолы. Сонымен қатар, табиғатқа шыққанда артта қалдық қалдырмау, сенбіліктерге қатысып, көшелер мен саябақтарды тазалау сияқты істер де менің үлесім бола алады. Ата-анама, достарыма, туыстарыма экологиялық әдеттер жайлы айтып, оларды табиғатты аялауды үйретуге шақырамын.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек? Қоршаған ортаны таза ұстау үшін тек бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның белсенділігі қажет. Ең алдымен, әр адам өзінен бастауы керек. Төмендегі қарапайым әрекеттер арқылы біз қоршаған ортаның ластануына қарсы тұра аламыз. Қоқысты сұрыптау, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге тапсыру арқылы қоршаған ортаға зиян келтірмейміз. Пластикті азайтып, бөтелкенің орнына мата сөмке мен қайта пайдалануға болатын ыдыс қолдану қажет. Жарықты, суды, жылуды үнемдеу арқылы табиғи ресурстарды сақтаймыз.

Қоғамдық көлік пайдалану немесе велосипедпен жүру – бұл ауаға бөлінетін зиянды газдарды азайтады. Экологиялық білім беру, балалар мен жастарға табиғатты сүюді, қорғауды үйрету маңызды. Егер әр адам осындай қарапайым әрекеттерді әдетке айналдырса, еліміз таза, экологиясы сау мемлекетке айналады.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат – менің өмірімнің, болашағымның бір бөлігі. Табиғатсыз өмір сүру мүмкін емес. Таза ауа, мөлдір су, көк аспан мен жасыл орман – менің денсаулығым мен рухани байлығымның кепілі. Әрбір өзеннің сылдыры, құстың сайрауы, гүлдің иісі өмірдің кереметтігін сезіндіреді. Сонымен қатар, менің болашақ ұрпағым да осы табиғатта өмір

сүреді. Егер біз қазір табиғатқа қамқорлық танытпасақ, келешек ұрпаққа тек қоқыс пен ластанған ауа ғана қалуы мүмкін. Бұл менің жүрегіме ауыр тиеді. Сондықтан мен табиғатты аялап, оның әрбір бөлшегін қорғауға тырысамын.

«Таза Қазақстан» – жай ғана жоба емес, бұл – үлкен мақсат, елдің болашағын жарқын ететін жол. Әрбір азамат өз үлесін қосса, қоршаған орта да жақсарады, адамдардың өмір сүру сапасы артады. Мен «Таза Қазақстан» идеясын толық қолдаймын және өз іс-әрекеттеріммен елімнің экологиялық жағдайын жақсартуға тырысамын. Табиғат – біздің ең үлкен байлығымыз. Оны аялау – әрбір саналы адамның парызы.

Назаров Тимур

№41 орта мектеп, 4 «А» сынып оқушысы

Я живу в такой красивой стране — в Казахстане. У нас есть горы, степи, леса, реки и озёра. Природа моего родного края богатая и разнообразная. Я горжусь своим Казахстаном и хочу, чтобы он всегда оставался чистым и красивым. Но, к сожалению, не все люди у нас берегут природу. Иногда я вижу мусор в парках, бутылки у рек, сломанные деревья. От этого становится грустно. Ведь если мы сами не будем заботиться о нашей стране, кто это сделает?

Я считаю, что чистый Казахстан начинается с каждого из нас. Нужно не бросать мусор, помогать убирать территорию, не портить природу. Мы с классом часто выходим на субботники — убираем школьный двор, сажаем деревья и цветы. Это несложно, но очень полезно.

Если каждый будет делать хотя бы маленькое доброе дело для чистоты — весь Казахстан станет чище. Я мечтаю, чтобы наша страна была не только сильной и красивой, но и чистой. Я готова помогать природе и учить этому других!

Ноэль София

№41 орта мектеп, 4 «А» сынып оқушысы

«Что сделать для поддержания чистоты окружающей среды»

Я думаю, что чистая окружающая среда — это очень важно для всех людей, животных и природы. Когда вокруг чисто, приятно гулять, играть и дышать свежим воздухом. Но к сожалению у нас бывает и по другому, если везде мусор, дым и грязь — жить становится грустно и трудно.

Чтобы сохранить чистоту, нужно начинать с себя. Я, например, никогда не бросаю фантики и бутылки на землю. Всегда ищу урну. Если вижу мусор на улице — стараюсь убрать, если могу. Дома мы сортируем отходы: отдельно пластик, бумагу и пищевые остатки.

Ещё я считаю, что нужно сажать больше деревьев и цветов. Растения делают воздух чище и красивее. А ещё нельзя ломать ветки, рвать траву просто так, пачкать стены домов и скамейки.

Важно также меньше использовать пакеты и одноразовые вещи. Я беру с собой многоразовую бутылку и эко-сумку. Это несложно, но помогает природе.

Если каждый человек будет заботиться об окружающей среде, наш мир станет чище, красивее и добрее. Я хочу жить в таком мире — и готова для этого стараться!

Камбар Малика
№41 орта мектеп, 4 «Б» сынып оқушысы

Я буду защищать природу, потому что

Я буду защищать природу, потому что природа — это наш общий дом. Без природы не было бы ни людей, ни животных, ни деревьев, ни цветов. Всё живое на Земле связано, и если мы уничтожим природу, нам самим негде будет жить.

Разве есть человек на земле, который не любит гулять в лесу, слушать пение птиц, собирать листья осенью. Мне нравится, как пахнет после дождя, как шумят деревья на ветру. Это всё — природа. Я люблю гулять в парке со своей бабушкой, когда мы гуляем, она рассказывает истории из своего детства. А ещё у меня есть собака Умка и я хочу, чтобы ей было где бегать, чтобы было чисто и красиво.

Я не выбрасываю мусор на улицу, экономлю воду, стараюсь не рвать лишние цветы. Я верю, что даже маленькие дела помогают сохранить природу. Если каждый человек будет заботиться хоть о чём-то — вместе мы сможем спасти наш мир.

Я буду защищать природу, потому что она нуждается в нашей помощи. И потому что я её люблю.

Төрәлі Төреғали
№42 орта мектеп, 3 «Ә» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек ?

Қоршаған орта біздің өміріміздің маңызды бөлігі. Табиғат, орман, өзендер, көлдер, ауа — бәрі де біздің денсаулығымыз бен өміріміз үшін қажет. Сондықтан қоршаған ортаның тазалығын сақтау өте маңызды. Біз оны таза ұстап, ластанауымыз керек.

Алдымен, біз қоқыс тастамауымыз керек. Көшеде, табиғатта, парктерде қоқыс тастау — өте жаман әдет. Егер әркім өз қоқысын жинап, қоқыс жәшіктеріне тастаса, онда табиғат таза болады. Сонымен қатар, қоқысты сұрыптап, қайта өңдеуге жіберу де маңызды. Бұл біздің табиғатымызға пайда әкеледі.

Екіншіден, суды үнемдеу керек. Су – өмірдің негізі. Бірақ кейде біз суды қажетсіз босқа жұмсаймыз. Су құбырларын жабуды ұмытпау, душ қабылдағанда суды үнемдеп қолдану – осының бәрі су ресурстарын қорғауға көмектеседі.

Үшіншіден, ағаштарды отырғызу өте маңызды. Ағаштар ауадағы оттегіні қамтамасыз етеді, сонымен қатар олар топырақты қорғап, климатты реттейді. Көшелерде, мектепте немесе саябақта ағаш отырғызуға көмектесу – бұл табиғатқа үлкен көмек

Төртіншіден, экологиялық таза өнімдерді таңдау керек. Қарапайым мысал – қайта өңдеуге болатын материалдардан жасалған заттарды қолдану. Пластиктен бас тарту, орнына қағаздан немесе шыныдан жасалған өнімдерді алу табиғатты қорғауға көмектеседі.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін әрқайсымыз жауаптымыз. Егер әрқайсымыз табиғатқа қамқорлық жасасақ, онда біздің жеріміз таза әрі әдемі болып қалады. Табиғатты қорғау – біздің болашақ ұрпаққа да үлкен сыйлық.

Дүйсен Райяна

№42 орта мектеп, 4 «Ә» сынып оқушысы

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан – үлкен, әдемі және табиғаты бай ел. Біздің елімізде кең дала, биік таулар, терең өзендер мен жасыл ормандар көп. Осындай табиғатқа ие болу – үлкен бақыт. Бірақ, біз осы байлықты сақтауымыз керек. Қазіргі уақытта адамдар табиғатты ластап жатыр. Кейбір адамдар қоқысты көшеге, өзенге немесе орманға тастайды. Бұл өте жаман. Қоқыс су мен ауаны ластайды, жануарлар мен құстарға зиян келтіреді. Егер біз табиғатты таза ұстамасақ, ол ауырады.

Мен табиғатты қорғауды өз міндетім деп санаймын. Біздің мұғаліміміз бізге табиғатты қорғау, қоқыс тастамау туралы үнемі айтып келеді. Ол: «Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Оны таза ұстау – бәріміздің борышымыз» – дейді. Мен осы сөздерді әрқашан есте сақтаймын. Егер әр адам өзінің ісіне жауапты болса, Қазақстан таза болады. Қоқыс тастамау, оны дұрыс жинау – табиғатқа деген құрмет.

Мен өзім қоқысты ешқашан жерге тастамаймын. Қайда барсам да, қоқыс жәшігін іздеймін. Үйде анаммен бірге пластик, қағаз, металды бөлек жинаймыз. Бұл қайта өңдеуге жіберіледі. Суды, жарықты да қажетсіз пайдалану – табиғатты ластау болып табылады. Сондықтан мен суды үнемдеуге тырысамын. Жарықты босқа жағпаймын.

Таза Қазақстан болу үшін әрбір адам өз үлесін қосуы керек. Егер біз бәріміз тазалықты сақтасақ, еліміз одан да әдемі болады. Таза ауа, таза су – біздің денсаулығымыз үшін маңызды. Сондықтан мен өз елімнің табиғатын қорғауға әрқашан көмектесемін. Таза Қазақстан – бұл біздің болашағымыз!

Серікұлы Арғынбек

№ 43 Қосымша білім беру мектеп-орталығы, 3 «Ә» сынып оқушы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Мен Қазақстанды өте жақсы көремін. Біздің еліміз – кең, байтақ, табиғаты әсем. Ормандарымыз, тауларымыз, өзен-көлдеріміз бар. Осындай сұлу табиғатты таза ұстау – бәріміздің борышымыз.

Мен Таза Қазақстанға өз үлесімді қоса аламын. Ең алдымен, көшеге қоқыс тастамаймын. Қоқысты әрдайым арнайы жәшікке саламын. Мектепте «Сенбілік» күні болғанда, достарыммен бірге мектеп ауласын тазалаймыз. Бұл – өте пайдалы іс.

Үйде анама аула тазалауға көмектесемін. Кейде аға-әпкелеріммен бірге ағаш отырғызамыз. Ағаштар ауаны тазартады, көлеңке береді. Мен де табиғатқа пайда келтіргім келеді.

Суды да, жарықты да босқа қолданбаймын. Бұл – табиғатты аялаудың бір жолы. Мен үнемдеуді үйреніп жүрмін. Кейде достарыма да тазалықтың маңызын түсіндіремін. Егер бәріміз осылай әрекет етсек, еліміз таза әрі көрікті болады.

Мен Таза Қазақстанды қолдаймын! Өз елімнің жарқыраған, жасыл, таза болғанын қалаймын. Сондықтан тазалықты өзімнен бастаймын!

Геньсор Ярослав

№ 43 Қосымша білім беру мектеп-орталығы, 4 «Б» сынып оқушы

«Я защищаю природу, потому что...»

Я защищаю природу, потому что она даёт нам всё, что нужно для жизни. Без природы человек не может жить. Она — наш дом.

Во-первых, природа даёт нам воздух, воду и еду. Мы дышим кислородом, пьём чистую воду, едим овощи, фрукты, злаки — всё это мы получаем от природы. В деревне и посёлке воздух особенно чистый и свежий — это тоже заслуга природы.

Во-вторых, природа даёт дом не только людям, но и животным, птицам, рыбам и всем живым существам. Леса, поля, реки и горы — всё это нужно для жизни.

В-третьих, природа помогает нам чувствовать радость и спокойствие. Когда мы гуляем в лесу или парке, нам становится приятно. Природа вдохновляет нас на творчество и хорошие поступки.

Без природы на Земле не было бы жизни. Поэтому каждый человек должен беречь её. Я хочу защищать природу, чтобы она всегда оставалась красивой и чистой.

Цивинская Эвелина

№ 43 Қосымша білім беру мектеп-орталығы, 4 «Б» сынып оқушы

«Я защищаю природу, потому что...»

Я защищаю природу, потому что она — наш дом. Мы живём на планете Земля, и всё, что нас окружает — деревья, цветы, реки, животные и птицы — это природа. Без неё мы не сможем жить.

Я люблю гулять по зелёным паркам, слушать пение птиц и дышать чистым воздухом. Если мы не будем заботиться о природе, деревья засохнут, вода станет грязной, а животные исчезнут.

Я стараюсь защищать природу каждый день. Я не бросаю мусор на землю, берегу воду и свет, сажаю цветы у дома. Я рассказываю друзьям, как важно сохранять чистоту.

Если каждый человек будет заботиться о природе, наша Земля станет ещё красивее и чище. Я хочу, чтобы будущие дети тоже могли увидеть зелёные леса, чистые реки и голубое небо.

Я защищаю природу, потому что люблю её и хочу, чтобы она всегда была рядом с нами.

Оспанов Альмади

№45 орта мектеп, 4 «Ә» сынып оқушысы

Қазақстан – біздің Отанымыз, біздің үйіміз. Мен өз Отанымды жақсы көремін және таза болғанын қалаймын. Біздің Отанымыз өте сұлу және бай. Сол байлықты сақтау, қадірлеу, таза ұстау тек біздің қолымызда. Егер қоршаған ортамыз таза болса, адамдардың да өмір сүруі жақсарады. Таза табиғатта өмір сүру адам өмірін ұзартады деп ойлаймын. Егер ауамыз ластанған, айналамыз қоқысқа толы болса, ол адам өміріне, яғни бізге зиянын тигізеді. Егер әрқайсымыз табиғатты қорғауға үлес қоссақ, еліміздің болашағы жарқын болады.

Таза Қазақстан – таза болашақтың кепілі деп ойлаймын. Сондықтан оның тазалығы, табиғатының сұлулығы – бәріміздің ортақ міндетіміз. Табиғат адамға барлық қажеттілікті береді – таза ауа, су, азық-түлік, емдік шөптер. Біз де табиғатқа солай жақсылық жасауымыз қажет. Мен де өз үлесімді қосуға дайынмын. Ең алдымен, мен айналамды таза ұстауға тырысамын. Қоқысты кез - келген жерге тастамаймын, керісінше, арнайы жәшікке саламын. Бұл кішкентай іс болып көрінгенімен, табиғатты қорғауда маңызы зор. Кішкентай істер үлкен өзгерістерге бастайды. Біздің жасаған әрбір таза ісіміз – Қазақстанның жарқын, таза болашағына қосқан үлесіміз деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, қоршаған ортаның тазалығын сақтау – әр адамның міндеті деп ойлаймын. Табиғатты қорғау арқылы біз өз болашағымызды қорғаймыз. Таза табиғат – денсаулық кепілі, ал оны сақтау – біздің қолымызда.

Сейфулла Айзере Даулетқызы

№ 45 орта мектеп, 4 «Б» сынып оқушысы

Менің Отаным – Қазақстан. Бұл менің туған жерім, жүрегіме ең жақын мекен. Қазақстан–кең байтақ даласы бар, таулары мен өзендері, ормандары мен шөлі бар ғажайып ел. Осындай байтақ жердің иесі болу–әрбір қазақ баласы үшін үлкен мақтаныш. Бірақ мені бір нәрсе қатты ойландырады: біз осы табиғатты сақтап жүрміз бе?

Кейбір адамдар қоқысты жерге лақтырады, өзен-көлдерді ластайды, ағаштарды кесіп, табиғатқа зиян келтіреді. Мұндай жайттарды көргенде жүрегім ауырады. Өйткені табиғат–біздің өміріміздің тірегі. Біз ауадан тыныс аламыз, судан шөл қандырамыз, ал жасыл орман бізге сая береді. Табиғат болмаса, адамзат өмір сүре алмайды.

Сондықтан мен «Таза Қазақстан» идеясын толық қолдаймын. Бұл–еліміздің болашағы үшін өте маңызды жоба. Мен өзім де тазалық жұмыстарына атсалысамын. Мектеп ауласын жинауға қатысамын. Бұл – кішкентай істер болса да, үлкен өзгеріске бастайтын қадамдар.

Менің арманым–жасыл желекке оранған, тап-таза Қазақстанды көру. Көшелерімізде қоқыс емес, гүлдер жайқалып тұрса, адамдар табиғатты аяласа, онда біздің болашағымыз да жарқын болмақ. Табиғатты сақтау–бұл тек үлкендердің емес, біздің, балалардың да міндеті.

Таза Қазақстан–тек арман емес, ол – біздің саналы ісіміз арқылы жүзеге асатын шындық. Ендеше, әрқайсымыз өз аулымызды, мектебімізді таза ұстаудан бастайық! Таза табиғат–таза жүректен басталады.

Қорытындылай айтқанда, табиғатты таза ұстау–бәріміздің ортақ ісіміз. Табиғат–бізге ауа, су, көлеңке, сұлулық сыйлайтын ең қымбат байлық. Біз өз елімізді шын жақсы көрсек, онда оның әрбір бұрышын таза, көрікті етіп сақтауға тырысуымыз керек. Әр бала кішкентай болса да тазалыққа үлес қосса, Қазақстанымыз көркейе түседі. Менің ұсынысым–әр адам өз ауласын, көшесін, мектебін таза ұстауға тырысса екен. Мектепте «Тазалық күні» жиі өткізілсе, бәріміз бірге сенбілікке шығып, айналаны жинасақ жақсы болар еді. Әр сынып бір тал ағаш егіп, оны күтіп-баптаса, мектеп ауласы жасыл желекке айналар еді. Үлкендер де, балалар да табиғатты қорғауға бірге атсалысса екен деймін. Сонда ғана біздің еліміз таза, көркем, әрі бақытты мекенге айналады.

Баймурзин Ануар

«№ 46 балабақша-мектеп-гимназия» кешені, 3 «А» сынып оқушысы

Я сейчас нахожусь в том возрасте, когда решаю, кем я стану в будущем. Мои родители сейчас трудятся над моим образованием, воспитанием, закладывая любовь, уважение и патриотизм к нашей любимой Родине. Будущее Казахстана зависит от качества нашей работы, от того, насколько серьезно мы будем к ней относиться. Образование, воспитание, ценности, приоритеты, которые будут нам привиты с детства — станут для нас жизненной основой.

Я узнал, что по инициативе президента нашей страны Касым-Жомарта Токаева в стране проводится республиканская экологическая акция «Таза Қазақстан». Она уже собрала более трех миллионов участников, которые

привели в порядок сотни тысяч дворов и общественных пространств по всей стране, было утилизировано более миллиона тонн мусора.

«Таза Қазақстан» — это концепция, в которой предусмотрен комплексный подход, охватывающий различные методы и подходы к развитию экологической культуры. Основные направления включают экологическое мышление, ответственное поведение, в том числе и меры по его стимулированию, экологическое образование и информирование.

Чтобы сохранить чистоту окружающей среды мы должны нести ответственность за будущее своей страны, начиная с личного выбора каждого гражданина. Понимая это, я стремлюсь стать достойным гражданином своей родины, приложив все усилия для собственного развития. Образование и саморазвитие становятся основами, на которых строится моё видение будущего нашей страны.

Я думаю, что важно принимать активное участие в общественной жизни. Одним из ключевых аспектов, определяющих будущее страны, является её экология. Сохранение природы, борьба с загрязнением окружающей среды — это то, что я считаю необходимым для обеспечения здоровой и благополучной нашей жизни.

Возможно, мой вклад пока мал по сравнению с масштабами задач, стоящих перед человечеством, но я твёрдо верю, что каждый шаг, каждый осознанный выбор имеет значение.

Наша семья принимает активное участие в субботниках, которые проводятся у нас во дворе. Направляясь на отдых в лес или на озеро, мы часто убираем мусор не только за собой, но и очищаем близ лежащую территорию. А также мы принимаем участие в посадке деревьев, что способствует улучшению и очищению воздуха нашей окружающей среды.

Акция «Таза Казахстан» даёт возможность каждому казахстанцу ощутить свою значимость и вклад в развитие страны. Развивает любовь к родной земле, учит нас беречь свою Родину. В Казахстане акция «Таза Казахстан» стала символом таких изменений, объединив сотни тысяч граждан вокруг идеи чистоты и защиты природы. Этот путь укрепляет не только экологическое сознание, но и национальное единство, закладывая основы для более ответственного отношения к природным ресурсам страны.

Я защищаю природу, потому что Казахстан славится своими красивыми ландшафтами, горами, реками и озерами. Здесь обитают редкие виды животных и растений, которые не встречаются больше нигде в мире. Я очень люблю свою Родину и хочу, чтобы наша страна всегда процветала и была чистой, красивой с богатой природой и чистым воздухом!

Петерс Амалия Антоновна

«№ 46 балабақша-мектеп-гимназия» кешені, 3 «Д» сынып оқушысы

Что нужно делать, чтобы сохранить чистоту окружающей среды?

Окружающая среда – это природа, в которой мы живём: воздух, вода, деревья, животные. Чтобы сохранить её чистой, каждый человек должен заботиться о ней.

Во-первых, нельзя бросать мусор на улицу. Все отходы надо выбрасывать в специальные урны. Лучше всего сортировать мусор - бумага, пластик и стекло, чтобы его переработали.

Во-вторых, нужно беречь деревья. Их нельзя рубить или пилить зря. Они дают нам кислород, которым мы дышим. Также нельзя загрязнять водоёмы.

Кроме того, можно сажать деревья и цветы, участвовать в субботниках и рассказывать другим, как важно беречь природу.

Если каждый человек будет стараться сохранить природу, наша планета тогда останется чистой и красивой.

Задворных Валерия

«№ 46 балабақша-мектеп-гимназия» кешені, 4 «В» сынып оқушысы

«Есть такое твёрдое правило: встал поутру, умылся, привёл себя в порядок — и сразу же приведи в порядок свою планету». У каждого из нас есть своя маленькая планета. Это – ваша страна, город, улица, двор. Каким вы хотите видеть наш Казахстан: чистым и красивым, или грязным и хмурым? А какой видят нашу Республику гости, приезжающие к нам? Это важно. Потому, что все, что нас окружает влияет на наше настроение, чувства и здоровье. Потому, что наши гости расскажут о нашей Родине своим близким. Я хочу, чтобы их рассказы были наполнены восторгом и восхищением.

Когда окружающая нас среда чистая, ухоженная мы чувствуем себя хорошо и радостно, становимся добрее. В грязном, неопрятном городе все выглядит серо и угрюмо. Отсутствие красоты портит настроение людей, они быстро устают, ссорятся и ругаются. А ведь настоящие сокровища нашей страны – это добрые сердца и улыбки наших людей, наши традиции, гостеприимство. Я думаю, мы должны сделать все, чтобы сердца наших людей стали еще добрее, а улыбки еще ярче.

А какое маленькое дело сможем сделать я и ты для того, чтобы наш Казахстан стал чище, уютнее, красивее?

Я точно могу выключать свет и воду, когда они не нужны, так я сохраню природные ресурсы, уменьшу выбросы вредных веществ в атмосферу. Я могу правильно и экономно использовать бумагу, так я сохраню деревья. Деревья – это маленькие помощники планеты, они очищают воздух от загрязнений. Я могу посадить маленькое деревце, куст, цветы – они будут радовать моих соседей. Я могу не бросать мусор на улице, совсем не трудно дойти до урны. Я могу сортировать мусор, тогда он отправится на переработку. Могу я – можешь и ты.

Русская пословица говорит: «По капельке – море, по былинке – стог». Это значит, что каждый может внести свой маленький вклад в одно большое великое дело. «Твоя роза так дорога тебе, потому что ты отдавал ей все свои дни» -

говорил Лис Маленькому Принцу. Я думаю, когда человек отдает свое время и силы какому-то делу, это становится ему дорого.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» (Легка ноша, поднятая сообща) гласит казахская пословица, давай вместе сделаем нашу Республику Казахстан чистой, уютной и красивой. Я готова, а ты?

Гуторов Руслан

№ 47 мектеп-гимназия, 3 «Б» сынып оқушысы

Казахстан - мой родной край. Здесь живут добрые люди и растут красивые цветы. Чтобы природа радовала нас, ее нужно беречь. Народ говорит: «Чисто не там, где убирают, а там, где не мусорят». Это значит, что каждый должен быть аккуратным и уважать труд других.

Когда я гуляю, я никогда не бросаю мусор на землю. Я помню пословицу «Береги платье снову, а честь смолоду». Природа – это тоже наша честь. Если мы будем любить и защищать свою землю, Казахстан станет чище и добрее.

Как говорит народ; «Что посеешь, то и пожнешь». Если мы посадим деревья, уберем мусор и будем заботиться о родной земле, она отблагодарит нас свежим воздухом, зеленью и красотой.

В завершении моего эссе, хочу написать небольшой стих о моем родном крае:

Мой Казахстан – как солнца свет,
Красивей Родины и нет!
Леса, поля и синие реки-
Такой природы нет на свете!
Чтобы все вокруг у нас цвело,
Нам нужно делать всем добро.
Не мусорить, не загрязнять,
А чистоту везде держать.
Я верю: если будем все стараться-
Природа будет улыбаться!

Спивак Екатерина

№ 47 мектеп-гимназия, 3 «А» сынып оқушысы

Казахстан - наш общий дом. Мы должны беречь его природу. Чистая экология важна для нашего здоровья.

Каждый из нас может внести свою лепту в заботу об окружающей среде. Для того нужно экономить электроэнергию и воду, уменьшить употребление пластика и бумаги.

Мы можем проводить субботники, высаживать деревья, сдавать мусор в переработку.

У Казахстана большой потенциал в развитии возобновляемых источников энергии. Можно использовать ветроэнергетические установки и солнечные батареи.

Природа Казахстана – невосполнимое богатство. Наш долг – сохранить ее для себя и для будущих поколений.

Даниленко Анна

№ 47 мектеп-гимназия, 4 «Б» сынып оқушысы

Республика Казахстан – моя Родина. Это большая и красивая страна с живописными пейзажами. Здесь широкие степи, высокие горы, густые леса и множество озер.

Чтобы сохранить чистоту и красоту этой природы, люди должны не загрязнять ее разными отходами, мусором. Выбрасывать мусор только в специально отведенные места, контейнеры, урны. Я часто наблюдаю как маленькие дети бросают во дворах жилых домов, парков, скверов и улиц фантики от конфет, шоколадок и чипсов. Меня это расстраивает. Я считаю, что необходимо с малых лет учить детей тому, что нужно беречь природу, ведь любая чистота начинается с себя.

От мусора страдает не только природа, но и животные, птицы, рыбы. Все в природе циклично. Если загрязнять почву – гибнут растения, и, как следствие, не получится хороший урожай.

Относись к природе с умом!

Қанат Аман

А. Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі, 4 «А» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Тазалықтың барлық түрі — бұл тек көрініс пен сыртқы белгі емес, жеке тұлға мен қоғамның үйлесімді дамуының негізі. Қазақ мәдениетінде «тазалық» пен «тәрбие» ұғымдары әрқашан өзара байланысты болып, халқымыздың терең даналығын көрсетеді. «Таза үйде – таза жүрек» деп ата-бабамыз бекер айтпаған. Бұл сөз физикалық, рухани және экологиялық тазалықтың адамның моральдық тәрбиесі мен құндылықтарын қалыптастыратынын айғақтайды.

Соңғы уақытта бүкіл еліміз бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүріп жатыр. Біз де оған атсалысып, мектебіміздің ауласын қоқыстан тазартып, ағаштарды баптап-күтіп өз үлесімізді қосамыз. Қыста үлкен сынып оқушылары мектеп ауласындағы қарды тазартып тазалықа үлес қосты. Мен осындай бірлігі жарасқан мектепте оқитынымды мақтан тұтмын. Ұстаздарымыздың үйретуінше, тазалық пен тәрбие — бұл тек ереже емес, өмір философиясы. Ол денеге, жанға және табиғатқа деген қамқорлықты біріктіріп, үйлесімді қоғамның негізін қалайды. Балаларды тәртіпке, дәстүрге, қоршаған

әлемге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу арқылы біз моральдық құндылықтар мен жауапкершілікке негізделген болашақты жасаймыз.

«Тазалықтан тәрбие басталады» деп ата-бабаларымыз айтқан. Бұл сөздер әрқайсымыз үшін жол сілтеуші болсын!

Дүйсенов Әлімжан

А. Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі, 4 «Б» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

Табиғат – жер ананың байлығы. Ол бізге өмір сүруге қолайлы жағдай жасайды. Табиғатсыз тіршілік болмайды. Сондықтан, мен табиғатты шын жүрегіммен жақсы көремін.

Табиғат құбылыстары бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Ағаштар мен гүлдер ауа тазартады, жануарлар мен құстар экологияны сақтауға көмектеседі. Біз табиғатқа қамқорлықпен қарауымыз қажет. Қоқысты кез келген жерге тастамау, су мен электр қуатын үнемдеу – осының бәрі табиғатты аялау екенін түсінуіміз керек. Мен мектепте табиғатты қорғау және оның маңызы туралы көп нәрсе үйрендім. Үйде өсімдіктерге уақытылы су құямын, ауладағы ағаштардың астын қопсытып, діңін әктеп, баптап-күтуге көп уақыт арнауға тырысамын. Бұл – табиғатқа қамқорлық пен жауапкершіліктің белгісі деп білемін. Әрбір бала табиғатты құрметтесе, әлем әдемі де көркем, таза да пайдалы бола түседі.

Табиғатты сүю – адамгершілік пен тәрбиенің көрінісі. Табиғатты қорғау – бәріміздің ортақ міндетіміз. Мен болашақта табиғат жанашыры болғым келеді.

Айқынбай Айкөркем

А. Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицейі, 4 «А» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Мен табиғатты шын жүрекпен сүйемін, себебі табиғат адамзаттың алтын бесігі, тіршіліктің қайнар көзі. Ол бізге тыныс алатын ауамызды, ішетін суымызды, жейтін тағамымызды сыйлаған ең қымбат қазына. Ол – ананың мейірімі секілді, бізді қамқорлыққа алып, тіршіліктің негізін қалайды.

Әрбір маусымның өзіндік сұлулығы бар. Көктемде тіршіліктің оянуы, жазда шомылып серуендеу, күзде алтын түстес жапырақтар, қыста ақ қардың тыныштығы – бәрі де жүрекке жылулық сыйлайды. Бірқ, табиғатты сүю деген тек әдемі көрініске тамсану емес, оны қорғап, сақтап қалу. Біз кейде табиғатқа немқұрайлы қараймыз. Бұл – өз болашағымызға қастандық жасау деген сөз. Көшелерде шашылған қоқыстар, өндіріс орындарынан шыққан түтін, ауаның ластануы – мұның бәрі табиғатқа жасалған қиянат. Табиғатты шынайы сүйетін адам, оған ешқашан зиян келтірмейді. Нағыз махаббат қамқорлықта.

Мен табиғатты қорғауға үлес қосамын, себебі табиғатсыз адам өмір сүре алмайды. Мен табиғатты тек сөзбен емес, нақты іспен сүйемін. Қоқыс

тастамаймын, әкеммен аулаға барып ағаш отырғызамын, сенбілікке қатысамын. Достарымды да тазалыққа шақырамын.

Табиғатты аялау - әр адамның борышы. Табиғатты сүйетін адам – өмірді сүйеді. Табиғатқа қамқорлық көрсету – бұл тек өзіміз үшін емес, болашақ ұрпақ үшін де маңызды. Табиғатқа махаббатпен қарасақ, ол да бізге мейірім төгеді. Мен табиғатты шексіз сүйемін!

Жалғас Гүлмира

№49 мектеп-гимназиясы, 3 «Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Мен Қазақстанда тұрамын. Біздің еліміз өте үлкен және әдемі. Табиғатымыз бай, ормандар, өзендер, таулар көп. Бұл табиғатты таза ұстау-әр адамның міндеті. Мен де табиғатты сүйемін және оны қорғауға тырысамын, себебі Қазақстанның таза болуына мен де үлес қоса аламын.

Жазда ауылға барғанда, туған жердің табиғатының әдемілігіне таң қаламын. Сол табиғаттың таза қалпында қалуы менің де қолымда. Егер әр бала кішкентайынан тазалықты сақтауды үйренсе, болашақта елімді одан да көркейеді.

Таза Қазақстан бәріміз үшін маңызды егер әр адам табиғатты аяласа, қоқыс тастамаса, табиғат бізге риза болады. Мен өз елімнің көркейіп, таза болуына өз үйлесімді қосуға дайынмын.

Айтхожин Әділжан

№49 мектеп-гимназиясы, 3 «Г» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Қазақстан - кең байтақ, табиғаты көркем, жері бай ел. Осындай ұлы даланың әрбір азаматы елінің көркейіп, гүлденуіне өз үлесін қосуы керек. “Таза Қазақстан” деген ұғым-бұл тек қана қоршаған ортаны таза ұстау емес, бұл болашақ ұрпаққа мұра болып қалатын жеріміздің, суымыздың, ауамыздың тазалығын сақтау, сана - сезіміміздің, ой өрісіміздің тазалығына да мән беру.

Қазіргі таңда елімізде экологиялық мәселелер өзекті болып отыр. Қалалар мен ауылдарда күл-қоқыстың көбеюі, су көздерінің ластану, арман-тоғайларының азаюы -бәрі бізге ой салуы тиіс. Осы орайда, “Таза Қазақстан” тек үкіметтің не экологтардың мәселесі ғана емес, әр азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс.

Таза Қазақстан болу үшін әрбіріміздің азаматтық парызымыз. Табиғатты қорғап, оны аялау арқылы біз еліміздің болашағына жол ашамыз. Тазалық-тек сыртқы емес, ішкі мәдениеттің де көрсеткіші екені ұмытпайық. Таза Қазақстан жарқын өмірдің бастауы.

Нуржанов Нурислам

№49 мектеп-гимназиясы, 3 «Г» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

«Таза Қазақстан» - қоршаған ортаны қорғауға бағытталған маңызды бастама. Бұл акцияның мақсаты-табиғатты қоқыстан тазарту, халықтың экологиялық санасын арттыру. Әрбір азамат табиғатты аялап, тазалық сақтау, үлес қосуы қажет. Егер барлығымыз бірігіп, қоршаған ортаға қамқор болсақ, еліміз таза да көркейген мемлекетке айналады.

Таза табиғат-жарқын болашақ кепілі. Еліміз таза болу үшін әр адамзат тазалықты өз үйнен, ауласынан бастаған дұрыс. Яғни бәріміз бірге тазалық үшін күресе білсек, қаламыз таза болмақ. Айналамыздың, қаламыздың тазалығы-біздің денсаулығымыздың кепілі. Таза қала болу үшін үлес қосып жүрміз бе? Мәселен, саябақтарда серуендеп жүріп, түрлі нәрселер жейіміз. Ал солардан қалған қалдықтарын сол жерде тұрған қоқыс жәшігіне салып кетсек, тазалыққа үлес қосар едік.

Барлығымыз осы міндеттерді атқарсақ еліміз таза болады.

Қорытындылай келе, «Таза Қазақстан» бұл қол жетпес арман емес. Бұл сіз бен біздің бірлескен күш-жігеріміз бен қол жеткізілетін мақсат деп айтқым келеді. Әрқайсымыз жауапкершілікті сезініп, табиғат анамен үйлесімділікті орнатсақ, сонда ғана таза ел таза Қазақстанға айналамыз.

Нұрланов Нұрмұхаммед

Райымбек батыр ат. №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 3 «Б» сынып оқушысы

Қазақстан – біздің туған Отанымыз. Біз өз елімізді мақтан тұтамыз. Оның табиғаты өте сұлу: жасыл ормандар, биік таулар, мөлдір сулар бар. Осындай табиғатты таза сақтау-әр адамның борышы.

Таза Қазақстан дегеніміз-қоқысты тастамай, айналаны таза ұстау. Біз аула тазалауға қатысуымыз керек. Серуенге шыққанда табиғатты бүлдірмей, қоқысты жинап, ағаштарды сындырмай, гүлдерді жұлмай, жануарларға қамқор болып жүруіміз қажет. Бұл-нағыз жақсы азаматтың ісі.

Таза қоршаған орта-денсаулық кепілі. Адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік сақталғанда ғана қоғам дамиды. Сондықтан, таза ауамен тыныстап жүруіміз үшін, бүгіннен бастап табиғатқа жанашыр болуымыз қажет.

Мысалы, мектепке біз сенбілікке қатысамыз. Аула тазалаймыз, ағаш егеміз. Бұлда табиғатты қорғауға көмектеседі.

Меніңше, Таза Қазақстан-бұл ұлттың келешегіне қосқан шынайы үлес. Әр адам өз ауласын, көшесін, қаласын таза ұстауға үлес қоса алса, бүкіл елдің бет бейнесі өзгереді.

Таза жер-таза жүректен басталады! Мен Таза Қазақстанды қолдаймын!

Дәулет Нұрғиса

Райымбек батыр ат. №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 4 «А» сынып оқушысы

Біздің Қазақстанда жыл сайын көшеттер отырғызылады, қоқыстар жинайды. Егер менің қолымнан бір іс келетін болса, мен Қазақстанға қоқыс өңдейтін зауыт салушы едім. Бірақ бұл менің қолымнан келмейді. Мен тек қолымнан келетін нәрсені істеймін.

Біздің елдің экологиясы жақсы, бірақ біз одан да күшті болуымыз керек. Біздің елдің кемшілігі көп адамдар қоқысты кез келген жерге тастай салады. Екінші кемшілік - көліктер. Олар ауаны ластайды. Егер де біз көп ағаш отырғызсақ, ауа таза болады және шанды тазартсақ еліміз АҚШ- тан да асып кетеді. Мен осындай елде өмір сүргеніме қуанамын.

Темірәлі Санжар Маратұлы

Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы, 3 «Б» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат адамзаттың тіршілік етуіне қажетті ең басты байлық.

Табиғат дегеніміз – айналамыздағы орман тоғайлар, таулар мен өзен көлдер, жануарлар мен өсімдіктер әлемі.

Біз тыныстап жатқан ауа, ішіп жүрген мөлдір су-бәрі де табиғаттың сыйы. Адам табиғатпен тығыз байланысты. Өмір- су рөлі. Егер біз табиғатты қорғамасақ болашақта тіршілік етуге қолайлы орта қалмауы мүмкін. Қазіргі таңда табиғаттың жағдай көп жерде нашарлап барады. Ағаштар аяусыз кесіледі, өзен көлдер ластанады, ауамыз көмірқышқыл газымен уланады. Адамдар қоқысты кез-келген жерге тастап табиғатты ластап жүр. Бұл әрекеттер бәрі қоршаған ортаға үлкен зиян келтіреді. Егер адамзат осы әрекетін тоқтатпаса, үлкен экологиялық апаттарға тап болуымыз мүмкін.

Сондықтан мен табиғатты қорғауда өзімнің азаматтық борышым деп білемін.

Жеңісбек Нурила Ұлағатқызы

Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы, 4 «Д» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Табиғат бізге берілген ең ғажап сый. Табиғатсыз адамды елестету мүмкін емес. Табиғат болмаса адам да болмайтыны анық. Өйткені біз табиғаттың бір бөлшегіміз. Бізді қоршаған орта, жан-жануарлар, құстар, жәндіктер барлығы да табиғаттың бір бөлшегі.

Табиғатты қорғау, қамқор болу әр адамның азаматтық борышы. Себебі біздің таза ауамен дем алуымыз, таза суды ішуіміз осы табиғатты қорғаудан басталады. Табиғат бізге өмір сүруіміз үшін қажетті нәрселердің бәрін береді. Сондықтан да табиғат біздің қорғауымызды қажет етеді. Орманның жойылуы,

судың ластануы, жануарлардың жойылуы табиғаттың өліміне әкеледі. Бала кезімізден бізге табиғатты қорғау жайлы түсіндіру өте маңызды.

Қазіргі кезде көліктердің көп болуынан, завод фабрикалардан шыққан түтіндердің әсерінен ауамыз ластанып жатыр.

Табиғатты қорғау қоқыстарды әр жерге тастамаудан басталады. Ағаштарды суғару, құстарға ұя жасау, ағаштарды сындырмау, гүлдерді жұлмау арқылы біз табиғатқа өз үлесімізді қоса аламыз.

Табиғат-сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік. Сол әсемдікті сақтап қалу біздің қолымызда. Табиғатты аялап, қамқор болайық.

Бейсен Кәусар

Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясы, 4 «Ж» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Мен табиғатты қорғаймын, себебі қоршаған орта – біздің өмір сүретін ортамыз: ауа, су, жер, өсімдіктер мен жануарлар. Табиғат бізге таза ауа, таза су, азық-түлік береді. Сондықтан оны қорғау – әр адамның міндеті.

Қоршаған ортаны сақтау үшін алдымен қоқысты кез келген жерге тастамау керек. Қоқысты арнайы жәшіктерге салу керек. Қайта өңдейтін заттарды бөлек жинау керек. Балалар табиғатты бүлдірмей, ағаштардың бұтағын сындырмай, керісінше ағаш көп отырғызса ауа таза болады.

Табиғатты қорғау – барлығымыздың міндетіміз. Ауа таза болмаса, тыныс алу қиын. Соңғы кездерде табиғат ластанып жатыр. Ормандар өртеніп, өзен-көлдердің бетінде қоқыстар жатыр. Оның бәрі адамдардың кесірінен. Табиғатқа шыққан кезде отты сөндірмеу, қоқысты жәшікке салу, судың бетіне қоқыс тастау жиілеп кетті. Бұның барлығы табиғатты аяламау болып табылады. Біз табиғатты қорғасақ, болашақ адамдарды қорғаймыз. Қоршаған ортаны қорғау тек үлкендерге емес балаларға да керек.

Әр адам баласы қоршаған ортасына көбірек көңіл бөлуі керек. Оны маған менің ата-анам үнемі айтып отырады. Мектептің өмірінде де көптеген игі іс-әрекеттер жасаймыз. Мысалы: мектеп ауласына, құстарға ұя жасап, табиғатқа бір үлесімізді қостық. Менің қоршаған ортаға қосқан ең алғашқы үлесім деп түсіндім. Болашақта әр адамның денсаулығы мықты болуы үшін барлық адам қоршаған ортаны таза ұстауы керек!

Қонқабаева Гүлім

Б.Майлин ат. №52 мектеп-гимназиясы, 3 «А» сынып оқушысы

Қазақстан – менің Отаным. Біздің еліміз өте әдемі: кең даламыз, көгілдір көлдеріміз, биік тауларымыз бар. Табиғат – бізге берілген үлкен сый. Оны таза сақтау – әр адамның міндеті. Қазір елімізде «Таза Қазақстан» деген жақсы бастама бар. Бұл айналаны таза ұстау, қоқыс тастамау, табиғатты қорғау деген сөз.

Біз күн сайын айналамыздан қоқысты көріп жатамыз. Адамдар пластик бөтелкелерді, қағаз, тамақ қалдықтарын кез келген жерге тастайды. Бұл – табиғатқа зиян. «Таза Қазақстан» жобасының мақсаты – осындай қоқысты азайту, адамдарға тазалықты үйрету. Мектепте біз сенбіліктерге қатысамыз, аула тазалаймыз, ағаш отырғызамыз. Бұл да – табиғатты қорғаудың бір жолы. Мен өз отбасыммен демалыс күндері саябақта серуендеймін. Біз өз қоқысымызды жинап, арнайы жәшікке тастаймыз. Себебі таза жерде демалу – бәрімізге ұнайды. Егер әр адам осылай істесе, еліміз таза болады.

Таза Қазақстан тек үкіметтің жұмысы емес, әр азаматтың міндеті. Біз табиғатты аялап, болашақ ұрпаққа таза ел қалдыруымыз керек. Мен елімді жақсы көремін және оның таза болғанын қалаймын. Сол үшін әрдайым тазалықты сақтаймын. Менің Қазақстаным бәрінен де әдемі!

Рахимжанова Назерке

Б. Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясы, 4 «А» сынып оқушысы

Қазақстан – менің туған елім, кең байтақ жерім. Табиғаты әсем, таулары биік, өзен – көлдері мөлдір. Осындай байлықты сақтау – әрбір азаматқа міндет. Таза Қазақстан – бұл тек экология емес, бұл – тәртіп, мәдениет, жауапкершілік.

Қазіргі таңда қоршаған ортаның ластануы – маңызды мәселе. Адамдар қоқыс тастап, табиғатты ластайды. Табиғат – бізге аманат. Ауаны ластамау, су көздерін қорғау, орман – тоғайларды сақтау – болашақ ұрпаққа деген қамқорлық. Сондықтан да елімізде «Таза Қазақстан» сынды экологиялық акциялар ұйымдастырылады. Егер әр адам айналасын таза ұстаса, қоқыс тастамаса, ағаш отырғызса, еліміз бұрынғыдан да көркейе түседі.

Мен елімнің таза болуын қалаймын. Таза ел – дені сау ұлттың кепілі. Біз табиғатты таза ұстасақ, болашағымыз жарқын болады. Таза көшеде ойнаған, таза мектепте білім алған, жасыл бақта демалған ұрпақ – бақытты ұрпақ. Біз табиғатты сүйіп, Отанымызды қорғай білсек, Қазақстан мәңгі жасыл елге айналады. Қазақстанның көркейіп, гүлденуі – біздің қолымызда.

Асан Інжу

Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясы, 4 «Г» сынып оқушысы

Әр адам өз қаласын таза әрі әдемі болғанын қалайды.

Жасыл желекке оранған, қызылды – жасылды гүлдерге толып, тарихи ескерткіштері бар көрнекті жерлерде қыдырып, суретке түсу әдетке айналған. Ал сол қаламыздың тазалығына көңіл бөлеміз бе? Таза қала болу үшін үлес қосып жүрміз бе? Мәселе осында жатыр. Паркте серуендеп жүріп шекілдеуік шағып, ішкен сусын мен жеген қытырлақ картоптың қағазын әр жерге қойып, не лақтырып кететіндер жоқ емес. Сол жерде тұрған қоқыс жәшігіне салып кетсе, тазалыққа үлес қосар еді.

Көктемде көшелерге ағаш отырғызуға белсене кіріскен жөн, себебі үлкен алпауыт өнеркәсіптердің түтіні ауаны ластамай қоймайды. Ол ағаш біздің демалатын ауамызды тазалап оттегі бөледі. Қала таза болу үшін әр тұрғын тазалықты өз үйінен, өз ауласынан бастаған жөн. Бірге тазалық үшін күресе білсең қаламыз таза болады. Айналамыздың, қаламыздың тазалығы - біздің денсаулығымыздың кепілі. Қаланың ауалары мен кіре берісіндегі қоқыс пен өздігінен пайда болатын үйінділер мәселесі әрқашан өзекті болып келеді.

«Таза Қазақстан» - еліміздің жарқын болашағы үшін маңызды бастама. Табиғатты қорғау, қоқысты сұрыптау және қоршаған ортаны таза ұстау - әр азаматтың борышы. Бұл жоба экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған. Таза орта - денсаулық кепілі. Біз табиғатты аялау арқылы болашақ ұрпаққа көркем, қауіпсіз Қазақстан қалдырамыз.

Нұрахмет Аиша

Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі, 3 «В» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат - біздің үйіміз, біздің өміріміздің көзі. Ауа, су, жер, ағаштар мен жануарлар бізге қажет. Егер табиғатты қорғамасақ, бізге бұл ресурстар жетпей қалуы мүмкін. Мысалы, ағаштар ауаны тазартады, ал таза су бізге тіршілік ету үшін қажет.

Қазіргі таңда табиғатқа көптеген зиян келтіріліп жатыр. Ормандар қырқылып, өзендер ластанып жатыр. Бұл біздің болашағымызға үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан мен өз тарапымнан табиғатты қорғауға тырысамын. Қоқысты орнына тастаймын, суды үнемдеймін, ағаш отырғызамын. Табиғатты қорғау мен үшін өте маңызды, өйткені менің болашағым табиғатқа байланысты. Егер біз табиғатты қорғап, оны жақсы күтетін болсақ, онда болашақ ұрпақ та таза, әдемі әлемде өмір сүретін болады.

Табиғатты қорғау біздің ортақ міндетіміз, сондықтан әркім өз үлесін қосуы керек.

Аслан Айлин

Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі, 3 «А» сынып оқушысы

Таза Қазақстан - бұл тек мемлекеттік деңгейде жүзеге асатын жоба емес, әрбір қазақстандықтың күнделікті тұрмысында қолдануға тиіс өмір салты. Әр азамат өз іс-әрекетімен елдің тазалығына, табиғаттың сақталуына үлес қоса алады. Менде бұл бастамаға өз үлесімді қосуға тырысамын.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау - бұл күнделікті өмір салтымызға айналуы керек. Ең қарапайым қадам - қоқысты көшеге, табиғат аясына тастамау. Әр адамның тазалыққа деген жауапкершілігі - елдің тазалығының негізі.

Табиғат - адам баласының өмір сүру ортасы ғана емес, ол рухани байлығымыздың, мәдениетіміздің негізі. Табиғатты қорғамай біз өзімізді де, болашағымызды да қорғай алмаймыз.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол маған өмір сыйлайды. Таза ауа, таза су, азық-түлік барлығы табиғаттың арқасында.

Қорытындылай келе, Таза Қазақстан - бұл жай ғана жоба емес, бұл елімізді көркейтуге бағытталған үлкен идея. Әрбір адам осы идеяның бір бөлігіне айналса, еліміздің болашағы жарқын, табиғаты таза, халқы бақытты болмақ.

Бисембай Нұрасыл

Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейі, 4 «Ж» сынып оқушысы

Менің Отаным – Қазақстан. Бұл кең байтақ жеріміз, тауларымыз, ормандарымыз бен өзен көлдеріміз барлығы да табиғаттың бізге берген байлығы. Сол байлықты сақтау әрбір азаматтың борышы деп санаймын. Сондықтан мен елімізді таза, көрікті теп санаймын.

Тазалық – денсаулық кепілі. Егер айналамыз лас болса, біз түрлі сырқатқа шалдығуымыз мүмкін. Сол үшін мен қоқысты жерге тастамаймын, үнемі қоқыс жәшігіне саламын. Ауламызды тазалап, ағаш отырғызуға көмектесемін. Біздің елде «Таза Қазақстан» деген үлкен бастама бар. Бұл табиғатты қорғау, ормандарды өрттен сақтау, су көздерін ластамау секілді жобалардың бастамасы. Осындай жұмыстарға әр адам қатысса, еліміз әдемі, таза және жасыл болып қала береді.

Мен болашақта табиғатты қорғайтын маман болғым келеді. Себебі, таза ауа мен мөлдір су өміріміздің негізі. Қазақстанның болашағы біз - балалар. Біз Отанымызды сүюді, оны таза ұстауды кішкентай кезімізден үйренуіміз керек. Таза Қазақстан - жарқын болашақтың кепілі

Ғани Ясин

№55 орта мектеп, 3 «Д» сынып оқушысы

Тазалық әр адамнан, әр үйден, көше мен ауылдан басталады. Өйткені бұл тек бір күндік науқан емес. Бұл біздің Отанымызды, жер анамызға құрметтіміз. Мен "Таза Қазақстан" науқанын өз ауламды тазалаудан бастаймын.

Қоршаған ортаның тазалығы әр адам үшін маңызды. Таза ауа мен тынықтап, таза отбасына тыныштық әкелетін адамгершілікке ұмтылады. Ал үшін әр адам қолдан келгенше Жер ананы ластамай, таза ұстайық.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ата-баба қанымен келген қасиетті жерді таза ұстап, біз де болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалдыру азаматтық борышымыз.

Төлеуова Айсұлу

№ 55 орта мектеп, 3 «Б» сынып оқушысы

Табиғат- бұл бізді қоршаған орта. Ауа, су, топырақ, өсімдіктер мен көлдер – табиғаттың бізге берген сыйы.

Табиғаттың тазалығын сақтау үшін әр адам өз үлесін қосу қажет. Ол үшін адамдар ішіп, жеген қалдықтарын тастамай, қоқыстарын тазалап жүру керек. Өсімдіктерді жұлмай, ағаштарды сындырмай, құстарға тиіспей оларға қамқорлық көсету – біздің азаматтық борышымыз! Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат біз өмір сүру үшін қажет. Өсімдіктер мен жануарлар – табиғаттың бір бөлігі. Олардың жойылып кетпеуін қадағалауымыз қажет. Біз табиғатты қорғап, сақтасақ деніміз сау болып, ауырмай өсеміз.

Қорыта айтқанда, еліміздің келешегі бүгінгі экологиялық мәдениетімізге байланысты деп ойлаймын. Таза Қазақстан – жарқын болашақтың кепілі.

Корниенка Санжар

№55 орта мектеп, 3 «В» сынып оқушысы

Казахстан – это большое государство в Центральной Азии. В Казахстане много ресурсов, пустыни, горы, степи, реки и озёра. Очень важно содержать их в чистоте.

Чистота – это важный аспект в жизни Казахстана. Например, озёра важно содержать в чистоте, ведь пользуются не только граждане Казахстана, но и приезжие туристы. А также наши красивые леса важно не загрязнять, не мусорить, не оставлять костры, не кидать стекло, ведь лес не только красивый, но и даёт чистый воздух. А также соблюдение чистоты благоприятно влияет на здоровье и безопасность. В Казахстане есть национальный парк “Алтын-Эмель” — этот парк является одним из самых красивых и чистых мест Казахстана. И ещё одна гордость Казахстана — река Сырдарья, она является одной из самых длинных рек в мире..

Я люблю свою страну и хочу, чтоб люди следили за чистотой, и ценили необыкновенную красоту природы Казахстана. Я бы хотел, что-бы каждый человек посадил дерево, это не только для красоты, но и для того, что-бы воздух стал чище.

В будущем я хочу стать волонтером, что-бы заботиться об окружающей среде и животных.

Сейтхан Нұртөре

Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейі, 4 «А» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

Біз табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреміз. Сол себепті табиғат пен адамды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Табиғаттың біздің өмірімізге әсері көп, ал біз қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді өз қолымызбен жасаймыз.

Технология мен ғылымның дамығаны соншалық, табиғатқа жасалған зиянды іс - әрекеттер адам өміріне қауіп төндіреді. Әр адам қоршаған ортаға

қамқорлықпен, мейірімділікпен қарау керек. Менің ойымша, әрқайсымыз жүрген жерімізді тазалықта ұстап, полиэтилен мен пластиктің орнына табиғи өнімдерден жасалған заттарды қолдансақ, тұрмыстық қалдықтар азаяды.

Сонымен қатар, өзен, көл, теңіз секілді табиғи су көздеріне тұрмыстық, химиялық қалдықтарды, қоқыстарды ағызуға болмайды. Ауыз суды үнемді пайдалану - әрбір адамның міндеті деп есептеймін.

Әлемнің әдемі болуы өз қолымызда екенін ұмытпауымыз керек.

Тұрсынбай Жансерік

Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейі, 4 «Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Тазалық – жақсы ұғым. Әр адам бірінші өзін таза ұстау қажет, өйткені өзіңді таза ұстамасаң, еліңді қалай таза ұстайсың?

Біз соңғы жылдары елімізді ластадық. Өкінішті мәлімет, қазір әр адам күніне 1,4 кг қоқыс тастайды екен, ал бір жылда ол 10220000 кг болып жиналады. Тағы бір мәселе – ауаның ластануы. Елімізде көліктер көп. Оның ішінде жанармай жағатын көлік 99%. Ал электромобильді көлік тек 1% құрайды екен. Біз осы ластанған ауамен тыныс аламыз, бұл денсаулыққа өте зиян. Мемлекетімізде «Таза Қазақстан», «Таза қала» жобалары іске асуда.

Біздің сыныпта сынып жетекшіміз Габбасова Гүлнар Әлімжанқызының ұйымдастыруымен жыл сайын «Ғылым күні» өтіліп, әр оқушы өзінің зерттеп жүрген жобаларын қорғайды. Осыған орай біздің сынып аталған жобаларға белсенділік танытты. Әр адам өз ауласының, қаласының, елінің тазалығына жауапты екенін біз іс жүзінде дәлелдеп жүрміз деп айтуға болады. Жоба аясында биылғы көктемде біздің сынып шетелдік қонақтармен бірге мектеп аумағына жеміс ағаштарын отырғызды. Бұл бастамаға мектеп басшысы қолдау көрсетті. Сыныбымызда жыл сайын шығармашылық жобалар қорғалады. Осындай жоба кезінде сыныптағы екі оқушы жеміс ағаштары туралы зерттеу жүргізіп, мектеп айналасына жеміс ағаштарын отырғызу туралы ұсыныс жасады. Ата-аналарымыз бұған қуана келісті.

Мен түсінемін – бұл экологиялық мәселелерді шешудің өте аз бөлігі, бірақ әр адам әлемді өзгерте алады. Аспанымыз ашық, суымыз мөлдір, жеріміз таза болсын! Менің армандарымның бірі - адам баласы дені сау болып, ұзақ өмір сүрсе деймін.

Полат Айша

Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейі, 4 «В» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

Менің туған елім - Қазақстан. Мен өз елімді шын жүрегіммен жақсы көремін. Болашақта Қазақстан экологиясы таза, әдемі, жап-жасыл болғанын қалаймын. Қоршаған ортаның таза болуына әр адам жауапты.

Өз кезегімде мен және менің достарым айналамыздың таза болуына өз үлесімізді қосып жүреміз. Мысалы: аулада, көшеде, саябақта қоқысты тастамаймыз. Қоқыс болса оларды жинап, арнайы қоқыс жәшіктеріне саламыз. Тамақ қалдықтарын, шыны ыдыстарды, пластик заттарды бөлек жинау керек. Оларды араластыруға болмайды. Заманауи әдістерді қолданып шыны, пластик заттарды қайта өңдеуге болады. Осылайша қоқыс көлемі азайып, табиғатқа келетін зардап та азаяды.

Сондай-ақ қаламызда арнайы мамандар өзен-көлдерді де тазалап тұрады. Біз отбасымызбен мамандардың Есіл өзенін қалай тазалағанын көрдік. Өкінішке орай, өзеннен көп мөлшерде қоқыстар алынды. Судың ластануы су құстарының, балықтардың денсаулығына зиян келтіреді. Табиғатта ауаның да таза болуы маңызды. Сол үшін көп ағаштар өсірілуі керек. Ағаштар ауаны тазартуға көмектеседі, ылғалдандырады.

Мен әрқашан табиғатты қорғаймын. Себебі қоршаған ортаның тазалығы – адамдардың денсаулығының кепілі. Сондықтан да табиғатқа қамқор әр адамды, мамандарды ерекше құрметтеймін.

Орынтай Жансая

№57 орта мектеп, 4 «Д» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Қазақстан — біздің туған еліміз, әсем табиғаты мен кең даласымен мақтана алатын жеріміз. Таза Қазақстан — бұл таза ауа, мөлдір су, жасыл орман және қоқыссыз көшелер деген сөз. Егер біз өз елімізді таза ұстамасақ, табиғат лас болып, адамдардың денсаулығына зиян келеді. Сондықтан әрқайсымыз табиғатты қорғап, таза ұстауға жауаптымыз.

Мен таза Қазақстанға қандай үлес қоса аламын? Ең бірінші, қоқысты жерге тастамай, әрдайым қоқыс жәшігіне салуға тырысамын. Мектепте тазалық ережелерін сақтап, сыныпты әрқашан реттеп жүремін. Үйде де ата-анама көмектесіп, айналаны жинап жүремін. Сонымен қатар, достарыммен бірге ағаш отырғызу шараларына қатысамын. Бұл біздің табиғатқа деген қамқорлығымыздың белгісі. Мен айналамдағы адамдарға да таза болуға кеңес беремін, өйткені әр адамның кішкентай әрекеті үлкен өзгеріс әкеледі.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек? Біріншіден, қоқысты дұрыс жерге тастау қажет. Қоқыс тастағанда оны қайта өңдеуге болатын және болмайтын заттарға бөліп салсақ, қоршаған ортаға үлкен пайдасы тиеді. Екіншіден, ағаштарды, гүлдерді, жан-жануарларды қорғауымыз керек. Оларды кесіп немесе зиян келтіріп алмай, табиғатпен үйлесімді өмір сүру қажет. Сондай-ақ, суды үнемдеп пайдалану маңызды, себебі таза су – өмірдің бастауы. Біз су ресурстарын босқа шашпай, үнемдеуге тырысуымыз керек. Ең бастысы, өзіміздің табиғатымызға құрметпен қарап, оны қорғау – әр адамның міндеті.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол біздің өміріміздің маңызды бөлігі. Таза ауа болмаса, біз ауырып қаламыз. Су болмаса, тіршілік жоқ. Табиғат бізге азық, киім, үй және сұлулық береді. Сондықтан оны қорғау – өзімізді, өз

отбасымызды және келер ұрпақты қорғау деген сөз. Табиғат бізге мейірімді болса, біз де оған қамқорлықпен қарауымыз керек.

Қорыта айтқанда, таза Қазақстан — әрбір адамның таза әрекетінен басталады. Біз табиғатымызды қорғап, таза ұстасақ, еліміз де, халқымыз да бақытты болады. Сондықтан мен өзімнен бастап, айналамдағы адамдарды таза өмір сүруге шақырамын. Таза Қазақстан – біздің барлығымыздың арманы және парызымыз.

Амангелді Айым

№57 орта мектеп, 2 «Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға қандай үлес қоса аласың?

Қазақстан – біздің отанымыз. Оның әдемі табиғаты, кең даласы мен таза ауасы бар. Біз Қазақстанды әрдайым таза ұстап, қоршаған ортаны қорғауымыз керек. Таза Қазақстан – бұл біздің денсаулығымыздың, бақытымыздың кепілі.

Мен таза Қазақстанға қандай үлес қоса аламын? Біріншіден, мен қоқысты әрқашан арнайы қоқыс жәшігіне тастаймын. Жерге қоқыс тастамауға тырысамын. Мектепте және үйде тазалықты сақтау үшін көмектесемін. Сонымен қатар, ағаштарды, гүлдерді күтіп-баптап, оларды қорғауға тырысамын. Табиғатты таза ұстау – әр адамның міндеті екенін әрдайым есімде ұстаймын және достарымға да солай істеуді үйретемін.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек? Ең алдымен, қоқысты дұрыс жинау және қайта өңдеу керек. Біз қоқысты бөлуді үйреніп, пластик, қағаз, шыны сияқты заттарды қайта өңдеуге жіберсек, табиғатқа зиян азаяды. Сондай-ақ, ағаштарды, ормандарды қорғау маңызды. Оларды кесуге болмайды, керісінше, көбірек отырғызу керек. Табиғатқа лас су мен улы заттарды тастамау керек. Біз суды үнемдеп пайдаланып, табиғатты ластамауға тырысамыз. Осындай қарапайым, бірақ маңызды әрекеттер арқылы қоршаған ортаны таза ұстауға болады.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол біздің өміріміздің негізі. Табиғат болмаса, біз таза ауа мен сусыз қаламыз. Адамдар, жануарлар және өсімдіктер – бәрі табиғатпен тығыз байланысты. Табиғатты қорғау – өзімізді және болашақ ұрпақты қорғау деген сөз. Егер біз бүгіннен бастап табиғатты таза ұстасақ, еліміз әдемі, өміріміз жақсы болады.

Қорытындылай келе, таза Қазақстан – бұл әр адамның ұмтылысы мен әрекетінің нәтижесі. Біз өзімізден бастап, өзгелерді де табиғатты қорғауға шақырамыз. Таза табиғат – біздің байлығымыз, оны сақтау — біздің борышымыз. Сондықтан әрқайсымыз таза Қазақстанды бірге құрайық!

Сембек Адина

№57 орта мектеп, 3 «Д» сынып оқушысы

«Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Қазақстан — біздің үйіміз. Үйіміз таза болса, біз де қуаныштымыз. Сол сияқты еліміз де таза, әдемі болуы керек. Таза Қазақстан — таза ауа, таза жер және таза су деген сөз. Табиғатты қорғау — әр адамның міндеті.

Мен таза Қазақстанға өз үлесімді қосқым келеді. Мысалы, қоқысты далаға тастамаймын. Әрдайым қоқыс салатын жерге қоямын. Мектепте және үйде тазалықты сақтауға көмектесемін. Сонымен бірге достарымды да табиғатты қорғауға шақырамын. Біз бірге тазалықты ұстансақ, еліміз таза болады.

Қоршаған ортаны қорғау үшін бізге табиғатты жақсы көру керек. Ағаштарды кеспейік, жануарларға зиян келтірмейік. Су ресурстарын үнемдеп пайдаланып, ластаудан сақтанайық. Қоқысты сұрыптап жинасақ, табиғатқа көмегі зор болады. Әр адамның кішкентай әрекеті үлкен өзгеріс әкеледі.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол біздің өміріміздің қайнар көзі. Табиғат болмаса, адам да, жануар да тіршілік ете алмайды. Таза ауа мен таза суды бәрімізге қажет. Сондықтан табиғатты қорғау — бұл өзімізді қорғау деген сөз.

Таза Қазақстан — біздің барлығымыздың арманы. Ол үшін әрқайсымыз жауапкершілікпен қарауымыз керек. Қолымыздан келгенше қоршаған ортаны таза ұстап, табиғатқа қамқор болайық!

Бекболат Айару

І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы, 3 «Г» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Таза табиғат-жарқын болашақтың кепілі.

Қазақстан – кең байтақ, табиғаты көркем, бай ресурстарға ие ел. Алайда бүгінгі таңда еліміздің экологиялық жағдайы алаңдатарлық. Қалалар мен ауылдардың айналасында жиналып қалған қоқыс, ауа мен судың ластануы, ормандар мен өзендердің азаюы – барлығы табиғатқа кері әсерін тигізіп отыр. «Қоршаған ортаны қорғау – әр адамның парызы». Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғатты сақтау мен қоршаған ортаны қорғауға өскелең ұрпақтың қолында деп білемін.

«Таза Қазақстан» әр азаматтан бастау алу керек. Ең алдымен – елімізді қоқыстан тазарту, халықтың экологиялық мәдениетін арттыру және табиғатқа деген жанашырлықты ояту керек. Біз тек тазалықты сақтап қана қоймай, әрбір азамат өз бойында жауапкершілік пен қамқорлық сезімін оята алса, еліміздің табиғаты одан сайын көркейетіні анық еді.

Экологияны жақсарту – тек мемлекет немесе арнайы мекемелердің ғана емес, әр адамның борышы. Күнделікті өмірде қоқысты сұрыптап тастау, көшеде қоқыс тастамау, суды, электр қуатын үнемдеу сияқты қарапайым істердің өзі үлкен өзгеріске әкелуі мүмкін еді. Әсіресе, жастардың белсенділігі мен табиғатқа деген сүйіспеншілігі болашақ Қазақстанның тазалығын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, «Таза Қазақстан» – бұл тек бір реттік шара емес, бұл болашақ ұрпақ үшін жасалып жатқан үлкен жұмыс болу керек. Әрбір азамат осы іске атсалысса, еліміз экологиялық таза, жасыл және гүлденген мекенге

айналары сөзсіз. «Табиғат – бізге ата-бабамыздан мұра емес, болашақ ұрпаққа аманат». Аманатқа қиянат жасамау – біздің қолымызда.

Қайрат Айсұлтан

І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы, 4 «Ә» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Мен Қазақстанымның таза, әдемі болғанын қалаймын. Табиғатты қорғау – әрбір адамның міндеті. Мен «Таза Қазақстан» жобасына өз үлесімді қос аламын. Қоқысты көшеге тастамаймын, әрқашан қорқыс жәшігіне саламын.

Ағаштарды сындырмаймын. Достарыма да тазалықты сақтау керектігін айтамын. Табиғатты қорғау болашақты қорғау. Табиғат біздің үйіміз. Ол таза болса, біздің де денсулығымыз жақсы болады. Сондықтан мен табиғатты қорғауды жауапкершілік деп білемін. Себебі- ол біздің байлығымыз. Мен жазда аулада ата- анама көмектесемін. Ауламыздағы ағаштарға су құямын, арам шөптерін жұлып тазалаймын. Табиғатты қорғау тек үлкендердің емес, біз сияқты оқушыларға да міндеп деп ойлаймын. Мектеп «Таза аула», «Жас табиғат қорғаушысы» сияқты шаралар да болады.

Менің арманым Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдары да таза болып табиғатымыз жайқалып тұрса екен деймін. Біз бәріміз бірігіп, туған жеріміздің табиғатын аяласақ, болашағымыз жарқын болады. Сол үшін мен әрдайым тазалықты сақтаймын. Басқаларға да үлгі болуға тырысамын.

Құрманханқызы Ая

І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия, 4 «Д» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Әр адам өз қаласының таза болғанын қалайды. Көрікті, тарихи ескерткіштер бар жерлерде қыдырып, суретке түсуді әдетке айналдырдық. Ал сол қаламыздың тазалығына көңіл бөлеміз бе? Таза қала болу үшін үлес қосып жүрміз бе? Мәселе осында жатыр. Саябақта серуендеп, шекілдеуік шағып немесе ішкен сусынды, жеген тағамды әр жерге қойып не лақтырып кететіндер жоқ емес. сол жердегі қоқыс жәшігіне салып кетсе, тазалыққа үлес қосар еді. Көктемде ағаш отырғызуға белсене қатысқан жөн. Себебі, көліктерден, зауыттардан шыққан түтін ауаны ластайды. Ал ағаш біздің жұтатын ауамызды тазалап, оттегі бөледі.

Таза Қазақстан болу үшін әр адам тазалықты өз үйінен, өз ауласынан бастаған жөн. Бірге тазалық үшін күресе білсек, Қазақстанымыз таза болмақ. Айналамыздың қаламыздың тазалығы денсаулықтың- кепілі.

Сондықтан үйімізді, ауламызды, қаламызды таза сақтап, қоқыстарды қоқыс жәшігіне салып, ағаш отырғызуға белсене қатысу қажет. Сонда ғана біздің Қазақстанымыз таза әрі көрікті болады. Мен қаланы

тазартамын және ағаш отырғызуға белсене қатысамын. Себебі, мен өз қаламыздың таза болғанын. Менің Қазақстаным - өте көрікті әрі таза.

Масығұт Алдияр

Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі, 4 «В» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Табиғат – тіршілік көзі. Оны әрбір адам ұмытпауы қажет. Табиғатты қорғау, табиғатты аялау әр адамның міндеті.

Себебі табиғат ол Жер Ана. Өзен, көл жағалауларын таза ұстап, қоқысты дұрыс жинау, су мен электр энергиясын ұтымды пайдалану бұлардың барлығы табиғатты қорғауға үлес қосады.

Табиғатты өз үйіңдей қарап, оны аялаған адамның қоршаған ортасы да әдемі болады. Мен өз қаламның тазалығын сақтауға тырысамын.

Көктем кезінде өзім тұратын үйдің ауласын осы үйде тұратын үлкендер, балалар аулаға шығып, ауланың айналасын сыпырып, қоқыстарды, түскен жапырақтарды жинаймыз. Күн жылынғанда ағаштар отрығызып, гүлдер егеміз.

Көшеде қоқыс тастамай, оны арнайы жәшіктерге тастау керек. Сонда біздің қаламыз таза болып, көркейе береді деп ойлаймын. Көп адамдар өзендерге қоқыс тастайды. Олай болмайды. Себебі өдендегі балықтар бар. Олар жесе өліп қалады.

Көшеге де қоқыс тастауға болмайды. Суды көп ысырап етуге болмайды.

Қоршаған ортаға қамқорлық жасау қажет.

Табиғат бізге тамақ, су және тағы басқа заттар берген. Әр адам жерге қамқорлық, ризашылық жасау керек. Сондықтан табиғатты жақсы көру керек.

Совет Альмира

Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі, 3 «Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Мен үшін табиғат – жай ғана орман, өзен немесе тау емес. Ол – менің екінші үйім. Ағаштардың сыбдыры, құстардың әні, шөптердің иісі – бәрі маған тыныштық сыйлайды. Егер үйімізді таза ұстасақ, неге табиғатты да солай аялап, қорғауға болмайды? «Таза Қазақстан» – менің арманым ғана емес, менің ісім де.

Мен далаға шыққанда, көк аспанға қарап күлемін. Жап-жасыл шөптің үстіне жүгіріп, ағаштардың көлеңкесінде демаламын. Бірақ сол сұлулықтың арасынан қоқыс көріп қалсам, көңілім түсіп кетеді. Табиғат жылап тұрғандай болады. Сол кезде мен де үндемей тұра алмаймын.

Бірде өзеннің жанына барғанымызда, бөтелке, қап, қалбыр секілді қоқыстар шашылып жатты. Әкем екеуіміз оларды жинап, арнайы қоқыс салғышқа тастадық. Сонда әкем маған: «Табиғат – саған сеніп тұрған досың секілді. Оған қиянат жасама», – деді. Осы сөз менің жүрегімде жатталып қалды.

Содан бастап мен айналамды таза ұстауға тырысамын. Қағазды жерде қалдырмаймын, қоқыс көрсем, жинап аламын. Мектепте «Жас табиғат қорғаушысы» клубына мүше болып, ағаш отырғызуға қатыстым. Әр ағаш – менің сенімім, әр гүл – менің үмітім сияқты. Достарыма да «табиғатты қорғайық» деп үнемі айтып жүремін.

Табиғат – бізге тыныс, өмір, қуаныш сыйлайтын қазына. Оны қорғау – тек үлкендердің емес, біз сияқты балалардың да міндеті. Егер әр адам өз үйінің алдынан бастап тазалық орнатса, бүкіл ел көркейеді. Менің кішкентай ісім – үлкен өзгеріске қадам. Мен сенемін: «Таза Қазақстан» — ол ертегі емес, егер бәріміз біргеміз!

Куанышева Гаухар

Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейі, 4 «Е» сынып оқушысы

Что нужно делать для чистоты родного края?

Каждый человек живет в определенном месте - селе, поселке, городе - и все эти места вместе составляют наш родной край. Сегодня, экология страдает от безответственного отношения людей к природе. Что нужно делать, чтобы Казахстан был чистый?

Многие люди выбрасывают ненужные вещи. А ведь их можно переработать в разные, полезные вещи. Например, из шестнадцати бутылок можно получить футболку. Сейчас это популярно. Школьники могут участвовать в уборке парков, субботниках и экологических акциях. Взрослые - подавать хороший пример, рассказывать о вреде загрязнения. Также важно прививать экологическую культуру — рассказывать о вреде загрязнения, развивать экологическое образование. Когда взрослые и дети вместе заботятся о природе, это вдохновляет других поступать так же.

Использование экологически чистых технологий, отказ от пластика, бережное отношение к природным ресурсам — всё это помогает сохранить нашу землю для будущих поколений.

Если каждый человек будет заботиться о чистоте вокруг себя, мы сделаем наш край красивым и безопасным. Ответственность начинается с нас самих. Пусть любовь к родной природе проявляется не только в словах, но и в делах. Тогда наш край станет чище, уютнее и здоровее!

Булумбай Нұрай Нұрланқызы

№60 мектеп-лицейі, 3 «Т»

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

Табиғат – ол бізді қоршаған орта, баға жетпес байлығымыз! Табиғат адамдардың өмір сүруіне қажетті барлық нәрселермен қамтамасыз етеді. Олар: ауа, су, жылу, ашық аспан, топырақ, қоректік заттар. Адамдардың өздері табиғаттың бір бөлшегі болып саналады.

Біздің елімізде маңызды мәселелердің бірі-қоршаған ортаны қорғау мен тазалығын сақтау. Менің ойымша, қоршаған ортаның тазалығын сақтауды, ең бірінші әр адам өзінен бастауы керек. Мысалы: айналаны ластамау, қоқыстарды арнайы қоқыс жәшігіне тастау, сенбіліктерге қатысу, ағаштарды отырғызу, гүлдер өсіру керек. Неғұрлым ағаштар мен өсімдіктерді көп отырғызса, соғұрлым ауа таза болады. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін мемлекет тарапынан түрлі ауқымды іс-шаралар жүргізіледі және заңдар қабылданады. Мысалы, жақында елімізде көлікті бес минуттан артық қыздыруға болмайды деген шектеу қарастырылды. Оның негізгі мақсаты: көлік құралының құбыры арқылы шығатын зиянды заттарды азайту. Өйткені ол ауаны қатты ластайды. Әсіресе жаз мезгілінде ойын алаңында жүрген кезде, көп көлік иелері көліктерін оталдырып қояды да, жағымысыз иіс болады. Бұл адам денсаулығына да, табиғатқа да өте зиянды.

Қорыта келе, табиғатты аялау, қоршаған ортаны таза сақтау-әрқайсымыздың міндетіміз деп білемін. Себебі, адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ» деген мақал бекер айтылмаған.

Байкен Айлин

№60 мектеп-лицейі, 4 «М» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Менің ойымша, «Таза Қазақстан» дегеніміз – табиғаты таза, ауасы таза, көшелері мен өзен-көлдері таза ел. Бұл – әрбір азаматтың табиғатқа деген құрметі мен жауапкершілігін білдіреді. Мен осы жобаның маңызын түсініп, өз үлесімді қосуға тырысамын. Әр күні мектепке бара жатып, көшедегі қоқысты жинап, айналамды таза ұстауға тырысамын. Үйде де қоқысты бөліп жинап, суды үнемдеймін.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін алдымен табиғатты аялау керек. Ағаш отырғызып, гүл егіп, табиғатты көркейту қажет. Қоқыс тастамау ғана емес, оны қайта өңдеу жолдарын да үйренген жөн. Судың, электр қуатының босқа жұмсалуына жол бермеу керек. Сонымен қатар, жануарларға қамқорлық жасап, табиғатқа зиян келтіретін әрекеттерден аулақ болуымыз керек.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол — біздің өміріміздің негізі. Таза ауа, мөлдір су, жасыл орман – бәрі біз үшін маңызды. Табиғатқа қамқорлық көрсету арқылы өз болашағымызды қорғаймыз.

Мүсіреп Балзия Нұрболатқызы

№60 мектеп-лицейі, 4«П» сынып оқушысы

Қазақстан – менің туған Отаным. Ол кең байтақ, табиғаты көркем, жері бай ел. Бұл өлкеде ормандар мен өзен-көлдер, асқақ таулар мен сан түрлі өсімдіктер мен жан-жануарлар мекендейді. Осындай бай табиғат – біздің өміріміздің негізі,

тіршілігіміздің көзі. Табиғат біздің таза ауамен демалуымызды қамтамасыз етеді, мөлдір су, дәмді азық-түлік және өмір сыйлайды. Сондықтан әр адам ең алдымен өзінен бастап, айналасына жанашырлықпен қарауға тиіс.

Таза Қазақстан – бұл тек табиғатты тазалау ғана емес, бұл – ел болашағына деген қамқорлық, келешек ұрпаққа қалдырар үлкен мұра. Бұл – бір күндік шара емес, ұдайы жалғасатын, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

Егер әрқайсымыз өз ортамызды таза ұстасақ, қоршаған табиғатымыз да жақсара түседі. Қалдықтарды сұрыптап тастау, ағаш отырғызу, суды үнемдеп пайдалану – мұның бәрі табиғатты қорғауға қосқан үлесіміз.

Мен тазалықты өте жақсы көремін. Тазалық, ең алдымен, адамның жеке басынан басталады. Күнделікті гигиена сақтау, киімнің және бөлменің тазалығын қадағалау – менің күнделікті әдетім. Сонымен қатар үйімізді, ауламызды, мектептегі сынып бөлmemізді таза ұстауға тырысамын. Табиғат аясында демалғанда да осындай қарапайым тазалық ережелерін ұстанамын. Бұл – менің тазалыққа қосқан кішкентай үлесім.

Қорытындылай келе, Таза Қазақстан құру – біздің қолымызда. Әрбір азамат бұл бастамаға үн қосып, табиғатты аялауға, туған жерімізді таза ұстауға өз үлесін қосуы керек. Өйткені бұл – біздің ортақ үйіміз, болашақ ұрпаққа аманат. Ендеше, кел, достым, табиғатты бірге қорғайық!

Ғанимет Нұрай

Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейі, 4 «Б» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығы – әр елдің дамуы мен болашағының айнасы. Табиғат – адамның өмір сүруіне қажетті барлық нәрсені беретін ұлы күш. Алайда қазіргі заманда өндіріс орындарының көбеюі, тұрмыстық қалдықтардың көбейуі, орман-тоғайдың азаюы сияқты экологиялық мәселелер аландатып отыр. Осыған орай елімізде жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы – табиғатты сақтау жолындағы маңызды бастама. Бұл тек бір акция емес, бұл – барша халықтың бойына экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті сіңірудің жолы.

Біз Қазақстанды қоқыстан қорғап таза Қазақстанды сақтауымыз қажет. Бұл біздің парызымыздың бірі. Тазалық – бұл өте маңызды. Қазақстан қоқыста ластанып жатса не болады? Ойлап көріңіздерші өсімдік, жануар тіпті адамдар уланып қалады. Міне, сондықтан адамзат табиғатты қорғап, өзі тастаған қоқысын жинап жүрсе, Қазақстан таза әрі көрікті елдердің қатарына кіреді.

Сенбіліктер өткізіліп, мектеп оқушылары, еріктілер де белсене атсалысса, табиғатты қорғай отырып, болашақ ұрпаққа жасыл әлем сыйлаймыз. Еліміз таза болса, біздің денсаулыққа, өсімдіктерге жан-жануарларға пайдасы тиеді. Қазақстан көркейіп, жылдан-жылға биік жетістіктерге жетсе жақсы емес пе? Әр адам табиғатқа жауапкершілікпен қараса, еліміздің экологиялық жағдайы жақсарады. Әрине, қоқыстарды лақтырмай, табиғат аясында демалуға барғанда қоқыстарды жинап, бәрін

арнайы қоқыс тастайтын орынға салып, тазалап кету керекпіз. Қоқысты шашудың орнына гүлдерге, ағаштарға су құйып, баптап күтім жасау керек. Мен де сендерді табиғатты қорғауға шақырамын. Бұл - табиғатқа жақсы көмек болады.

Қазақстан – біздің Отанымыз, кең –байтақ ,сұлу табиғатты ел. Туған жерді аялап, күтіп ұстау өзіміздің қолымызда. Осы әсем табиғатты, өзен-көлдерді ,орман тоғайларды таза сақтау-әр адамзаттың міндеті.

Болатбек Айару

Қаныш Сәтбаев атындағы № 61 мектеп-лицейі, 3 «В» сынып оқушысы

Қазақстан үлкен мемлекет. Біз өз елімізді, жерімізді сақтап қорғау үшін көптеген жұмыстар жүргізуіміз қажет. Табиғат бізге ауа, су, тағам және өмірге қажетті барлық нәрсені береді. Егер біз табиғатты құрметтемесек және оған қамқорлық жасамасақ таза жер қалмайды. Суға, өзен-көлдерге қоқыс қалдықтарын тастауға болмайды. Барынша тазалық сақтау керек. Кез-келген жерге қоқыстарды лақтырып кетуге болмайды. Өйткені өзіміздің туып өскен жеріміз. «Тазалық-денсаулық кепілі» деп бекер айтылмаған. Айналымыздағы суды, көлді, орман-тоғайды, қоршаған ортамызды бүлдіретін болсақ, біздің денсаулығымызға зияны тиеді.

Сондықтан қоршаған ортаны таза ұстауға шақырамыз.

Көбей Айару

Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейі, 4 «Ә» сынып оқушысы

Қазақстан – кең байтақ жері, әсем табиғаты бар ел. Бұл байлықты сақтау – әрбір азаматтың борышы. Қазіргі таңда елімізде табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау мәселесі өзекті болып отыр. Осы тұрғыда қолға алынған «Таза Қазақстан» жобасы – халқымызды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үндейтін игі шаралардың бірі. Бұл жоба арқылы әр азамат экологиялық тәртіп пен тазалықты сақтауға, табиғатты аялап, болашақ ұрпаққа аманаттауға үйренеді.

Біздің еліміздің Қазақстаны-кең байтақ табиғаты әсем мемлекет. Туған жерімізді сақтау біздің міндетіміз. Табиғат баршамыздың байлығымыз. Ауа, су, орман, жан-жануар бұлардың бәріде адамға қажет. Қазіргі кезде көптеген жерлерде қоқыс көбейіп жатыр. Тіпті кейбір адамдар өзінің отырған жерін ластап кетеді. Бұл дұрыс емес. Біз көшеге қоқыс тастамай, суды ластамай, ағаштың бұтақтарын сындырмай, орманды бүлдірмей табиғатты сақтауымыз керек. Мен табиғатты сақтаймын. Мен «Таза Қазақстан» деген бастаманы қолдаймын. Әр сенбі сайын, тазалық акциясына қатысып, ауылымызды, қаламызды таза сақтайық. Әркім өзінің табиғатын аяласа, сақтаса, табиғатымыз көрікті, әдемі болуы сөзсіз. Мен Қазақстанымды сақтауға үлесімді аямай қосуға тырысамын: мектеп ауласын таза ұстау, үйде қоқысты бөліп тастау, үнемшіл болу – бәрі де кішкентай, бірақ маңызды қадам. Таза

қоршаған орта – денсаулығымыздың кепілі. Біз таза Қазақстанымызды, Отанымызды, жерімізді сақтап қала аламыз. Қазақстанымыздың өсімдіктерін суарсақ одан сайын көркейе береді.

Сапарали Томирис

Сұлтанбек Қожанов ат. №64 мектеп-лицейі, 4 «Б» сынып оқушысы

Менің елім Қазақстан, мен осы елдің жасұланы болғандықтан, елімнің әрбір бұрышы таза болғанын қалаймын. Таза Қазақстан – бұл дегеніміз бір күндік сенбілік емес. Таза Қазақстан әр күнгі атқарылатын аула, көше, ғимарат, ағаш жапырақтарын жинау, су құбырлары т.б. тазалық түрлерін айтамыз.

Күнделікті көше және аулаларда тазалық жұмыстары жүрмесе, ауа ластанады. Тазалықты әр адам өзінен бастау керек. Мәселен, жолда шашылып жатқан қағаз қоқыстарды арнайы қоқыс салғышқа салып жүру. Сондай-ақ, қоқысты қалай болса солай лақтыра салмай, арнайы жәшікке, аузын буып тастауға дағдыланған жөн.

Мектебімізде жыл сайынғы өтетін «Қалдық заттардан бұйым жасау» сайысы да бізді тазалыққа бейімдейді. Сусыннан босаған бөтелке және қақпақтан түрлі бұйым жасауға болады. Қораптардан да сан түрлі қызықты көрнекіліктер, үйге қажетті бұйымдар жасауға болады. Яғни, керексіз заттарға жаңа өмір сыйлауға болады. Қарапайым заттарға екінші өмір сыйлау арқылы ресурс көздерін үнемдеуге үйренеміз.

Бізді қоршаған ортада бізден басқа тіршілік иелері: түрлі құстар және аңдар, жануарлар, өсімдіктердің неше түрі бар. Құстарға қамқор болу мақсатында ағашқа ұяшықтар ілген - абзал іс, бізде мектеп ауласындағы ағаштарға үйшіктер орнаттық.

Табиғатқа демалысқа шыққан адамдар, аңдар мен жануарларды ойлап, қалған қоқыстарды жинап алып кетуі керек. Өзен, көлдердегі су жануарлары, балықтар да тазалыққа зәру. Сол үшін суға ешқашан қоқыс татамаған жөн.

Мен елімнің жасұланы, болашақта осы қағидаларды ұстанатыныма сенімдімін.

Асан Нұрбибі

Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейі, 3 «Г» сынып оқушысы

Қазақстан-менің туған жерім. Біздің жеріміз кең, табиғаты әдемі. Таулар, ормандар, өзендер мен көлдер бәрі бізге аманат.

Табиғатты таза ұстау – әр адамның міндеті. Қоқысты жерге тастамау, суды ластанау, ағаштарды сындырмау керек. Аталарымыз «Бір тал кессең, он тал ек» деген, мектебіміздің, үйіміздің айналасын көк желекке айналдыруға өз үлесімді қоссам деймін. Сыныпта гүлдердің көшетін ертере егіп, мамыр айында мектеп ауласындағы гүлзарға көшеттерді отырғыздық. Қазір жайнап өсіп тұр. Қолымыздан келгенше, жер Ананың байлығына қамқор болуды достарыма

айтып жүремін. Егер әр адам табиғатқа жан ашырлықты қай ортада болмасын сақтаса, еліміз көркейеді.

«Таза Қазақстан» деген үлкен жоба бар. Ол еліміздің тазалығын сақтау үшін жасалған. Бізде осы іске көмектесе аламыз. Мектепте сенбілікке қатысып, аула тазалап, көгалдандыруға қатысып келемін.

Таза ел - бақытты ел. Табиғатты аялайық.

Ихлас Асия Асилханқызы

Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейі, 4 «Ә» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Қазақстанның таза болуы неліктен маңызды? Тұратын жеріміз таза болса, біздің денсаулығымыз жақсы болады. Біз еліміздің табиғатын таза ұстау арқылы бізден кейін осы жерде тұратын болашақ ұрпаққа әдемі жерлерді қалдырамыз. Ол адамдарға Қазақстанда тұру қауіпсіз болады, ауырмайды.

Қазақстанның тазалығына әрбір оқушы жауапты екенін барлық достарыма айтқым келеді. Бірнеше бала көшені, өзен-көлдерді, орманды ластаса, бүкіл адам қиындығын көреді. Отанымыз таза болу үшін біз не істей аламыз?

Хабарландыру жазып, өз еркімізбен сенбілікке шығуға болады. Тұрғын үйіміздің ауласын тазалайық. Өз еркімізбен парктерді тазалайық. Сөйтіп жастар болып еріктілер одағын құрайық. Волонтер болуға балалардың бәрі қызығады. Достар табады. Бұл қайырымды әрі пайдалы жұмыс. Оған ешкім ақша төлемейді.

Ал біз мұндай жұмысты бастап та кеттік. Біздің 4 «Ә» - сынып оқушылары екі жыл бойы мектебіміздің дәлізіндегі өсімдіктердің барлығын суарып жүрміз. Жапырақтарының шаңын сүрту бізге ұнайды. Мұғаліміміз гүлдердің тамырын шығарып, көбейтеді. Ал біз топырақты салып, гүлді ыдыстарға отырғызамыз. Бұл жұмыс бәрімізге ұнайды. Сондықтан таласпау үшін кесте құрдық, кезекпен жұмыс істейміз. Қазіргі күнде мектебімізде терезенің алдында 60-тан аса қазтамақ гүлдері жайқалып өсіп тұр. Одан басқа оттегі беретін қаншама гүлдеріміз бар! Біз төменгі сыныптарға үлгі боламыз. Оқушылардың, мұғалімдердің денсаулығы жақсы болады.

Отан үйімізден басталады. Отан отыратын партамыздан басталады. Қорыта айтсам, туған жер өзімізге ғана керек деп айтқым келеді.

Қалибек Айзере

Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейі, 3 «Б» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол біздің өміріміздің маңызды бөлігі. Маған көктем мезгілі өте ұнайды, себебі ол кезде табиғат оянып, гүлдер ашылып, құстар ән салады. Көктемде бәрі тіріледі, бұл мені қуантады.

Мен табиғатты қорғау үшін жануарларға қамқор боламын. Қоршаған ортамызда көптеген жануарлар тұрады, олар да біздің көмегімізге мұқтаж. Мен

үй жануарларымды жақсы күтемін, ал далада көрген кішкентай жануарларға көмектескім келеді.

Сонымен қатар, мен қоқысты жинауды әдетке айналдырдым. Мектепте сыныппен бірге сенбілікке шығамыз да, айналаны таза ұстаймыз. Бұл сенбіліктерге қатысып, ағаш отырғызамыз, қоқыстарды жинаймыз. Сондықтан мен өз үлесімді қосып, табиғатты таза және әдемі етуге тырысамын.

Тауға шығуды да жақсы көремін, өйткені таудың ауасы таза, табиғаты ерекше әдемі болады. Онда жүріп, табиғатпен жақынырақ танысып, оны қорғау қажет екенін одан да жақсы түсінемін.

Табиғатты қорғай отырып, біз өзімізге және болашақ ұрпақтарға таза, әдемі жер қалдырамыз. Сондықтан мен табиғатты қорғаймын!

Хумар Махмуд

Дінмұхамед Қонаев ат.№66 мектеп-лицейі, 4 «Г» сынып оқушысы

Қазақстан өте таза – ел. Тазалық бізге үнемі қажет. Әсіресе, атақты қалаларға керек. Мысалы: Астана, Алматы, Шымкент. Осы жерлерде туризм көп болғандықтан қоқыста көп. Сонымен қатар, тазалық сөзі жан тазалығына да қатысты. Тазалықтың қоғам дамуына пайдасы зор. Таза табиғат, таза ауа, таза су, таза қала мен кең дала. Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол — біздің өміріміздің негізі, оған қамқорлық жасамасақ, болашақ ұрпақ үшін таза жер қалмайды.

Соңғы кезде Қазақстанда тазалық жақсарып келеді. Себебі, даладағы қоқыс жинаушылар тамаша жұмыс атқаруда және әрбір адам оған жауапкершілікпен қарауы керек. Мен қоқысты тек арнайы орындарға тастаймын, суды үнемдеймін және ағаштар отырғызамын. Бұл қарапайым әрекеттер үлкен өзгерістерге әкелуі мүмкін. Бірақ, бір проблема белгісіз ауылдарда тазалық, тамақ, үй жоқ. Біздің президенттіміз барынша көмектеседі. Бірақ ол жетпейді. Сен Қазақстанның қоғамы жақсы деп ойлайсың ба? Көп кісілір ия деп айтатын еді... Себебі, олар Қазақстанның таза екенін біледі...

Таза Қазақстан — ол біздің бірлескен күш-жігеріміздің нәтижесі. Қоршаған ортаны қорғап, табиғатты аялау — әрбір азаматтың борышы.

Дүйсенбай Ақниет

Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия, 3 «З» сынып оқушысы

Таза Қазақстан» – менің болашағымның кепілі

«Таза Қазақстан» — бұл елімізді таза ұстауға арналған үлкен тазалық шарасы. Мен туған елімнің табиғаты әрдайым таза болғанын қалаймын.

Мен «Таза Қазақстанға» қалай үлес қоса аламын?

Біріншіден, мен көшеге қоқыс тастамаймын, себебі ол қоршаған ортаға зиян.

Екіншіден, мен ағаш отырғызуға көмектесемін, аула тазалаймын. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін адамдар табиғатты аялауы керек.

Үшіншіден, мен суды босқа ағызбаймын, өйткені суды үнемдеп пайдалана білу керек. Табиғатқа қамқорлықпен қарасақ, ол да бізге жақсылықпен жауап береді.

Туған елімнің табиғаты әрдайым таза болғанын қалағаным үшін мен табиғатты қорғаймын. Адамдардың денсаулығы да мықты болады. Таза Қазақстан үшін әр адам өз үлесін қосуы қажет.

Қорытындылай келе, табиғат – екінші үйім. Ол – менің болашағымның кепілі.

Асылбек Мирхат

І. Есенберлин атындағы № 67 гимназия, 3 «Г» сынып оқушысы

Тазалық өзімнен басталады

Тазалық өзімнен басталады.

Әр адам өзі тұрып жатқан мекеннің таза әрі әдемі болғанын қалайды. Ал сол аулымыздың, қаламыздың тазалығына көңіл бөлеміз бе? Күн жылынды, жаз келді. Жасыл желекке оранған, қызылды- жасылды гүлдерге толы жер – сұлулық ордасы. Тарихи ескерткіштері бар көрікті жерлерде қыдыру, суретке түсу әдетке айналуға. Бірақ осы сұлулықты бұзатын кімдер? Таза Қазақстан болу үшін үлес қосып жүрміз бе?

Серуенде жүріп шекілдеуіктің қалдықтары, сусындардың ыдыстары, қағазды әр жерге лақтырып кететіндер аз емес. Сол жерде тұрған қоқыс жәшігіне салып кетсе, тазалыққа үлес қосар еді. Көшеде, саяжайдан келе жатқанда адамдар қалдықтарды жерге тастамай, көтеріп, қоқыс жәшіктеріне салып отыру керек.

Көктемде көшелерге гүлдер мен ағаштарды отырғызуға белсене кіріскен жөн. Себебі үлкен өнеркәсіптердің түтіні ауаны ластайды. Тазалықты әр адам өз үйінің ауласынан бастаған жөн. Жалпы қалдықтарды, пластиктерді, ескі киімдерді, шыны ыдыстарды іріктеп тастау керек. Құрғақ жапырақтарды, қағазды жеке өңдеуге жіберу керек. Қазақстанда қоқысты іріктеу зауыттары ашылса, қоқыс үйінділері азаяр еді.

Өз ойымды қорытындыласам, тұрмыстық қалдықтарды іріктеу туралы өзімнің жақсы көретін мультфильмдерімнен көріп білдім. Мектепте өткен сабақтардан түсіндім. «Таза Қазақстан» мемлекетінде өмір сүру – менің еліме, жеріме деген сезімді оятады. Олай болса, тазалық үшін күресе білейік! Айналамыздың тазалығы – біздің денсаулығымыздың кепілі.

Сапарғали Алинұр

І. Есенберлин атындағы № 67 гимназия, 4«Г» сынып оқушысы

«Таза Қазақстан» – табиғи бай, кең байтақ даласы бар мемлекет. Бірақ соңғы жылдары еліміздің экологиясы күрт нашарлап бара жатыр. Бұрын өзендеріміздің суы тұнық, ауамыз таза еді. «Бұған қандай себеп бар?» деген сұрақ мазалайды.

Қазір көп жерде өзен-көлдер қоқысқа толып, көктем шықса болды, қала іші түтін мен жағымсыз иіске толып кетеді. Мысалы, елімізде жыл сайын 5 миллион тоннадан астам тұрмыстық қалдық жиналады, оның басым бөлігі өңделмей, ашық полигондарға тасталады. Бұл – табиғатқа тікелей қауіп. «Таза Қазақстан» деген тек жай сөз емес, әр адамға ой саларлық салмақты тіркес. Біз кейде кішкентай бір қағазды жерге тастап, «бұдан не болады» деп ойлаймыз. Бірақ миллиондаған адам дәл солай істесе, табиғатта қоқыстан аяқ алып жүре алмаспыз? Сондықтан өзгерісті өзімізден бастауымыз керек.

Мен өзім үйдегі бөтелке, қағаз, пластик сияқты заттарды бөліп жинап, арнайы жәшіктерге тастаймын. Бұл қиын емес, тек әдетке айналдыру керек. Тағы бір мысал: елімізде кей аймақтарда ауыз су тапшы. Ал біз кейде суды ысырап қылып, шүмекті ағызып қоя береміз. Бұл да үлкен мәселе. Сол үшін суды үнемдеуді бала кезден үйрену керек. «Жасыл» технологиялар, күн мен желден энергия алу – осы жолда үлкен көмек. Мемлекетіміз соңғы жылдары экологиялық заңдарды күшейтіп, кейбір аймақтарда қоқысты сұрыптайтын орталықтар ашылды. Бірақ бұл аздық етеді. Әр азамат табиғатқа жанашыр болып, күнделікті өмірінде таза ұстауға үлес қосуы керек.

Қоршаған ортаны сақтау – тек табиғатты жақсы көретіндердің емес, әрбір адамның міндеті. Қазақстанның табиғаты бізге ата-бабамыздың берген аманаты. Біз оны қорғап, таза ұстауымыз керек. Бір адам өзгере бастаса, ел де өзгереді. Сондықтан «Таза Қазақстан» —бәріміздің ортақ мақсатымыз. Бүгін табиғатқа жасаған қамқорлығымыз — ертеңгі балалардың бақыты.

Пайзулла Раяна

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия, 4 «З» сынып оқушысы

Қазақстан-кең байтақ, көркем табиғаты бар, ұлан-ғайыр өлке.Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматы туған жерінің табиғатын аялауға, оны таза ұстауға міндетті. Себебі табиғат – біздің екінші үйіміз. Ал үйімізді таза ұстау – әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз. Соңғы жылдары елімізде «Таза Қазақстан» атты бастама қолға алынды.

Бұл бастама тек қоқыс жинау емес, ол үлкен тәрбиелік мәні бар халықтың экологиялық мәдениетті көтеруге бағытталған маңызды қадам. Қала мен ауыл көшелерін, өзен мен орманды, саябақтарды қоқыстан тазарту арқылы біз табиғатқа қамқорлық танытамыз.Мұндай жұмыстар мектептерде, мекемелерде, ауыл-аймақтарда белсенді түрде өткізіліп жүр. Мен өзімде жыл сайын көктем мезгілінде өтетін сенбілікке қатысамын. Мектептегі достарыммен бірге қолымызға күрек, қап алып, көшенің шеттеріндегі қоқысты жинаймыз.Ағаш отырғызамыз.Мұндай жұмыстар бізді біріктіреді, еңбекке баулиды, табиғатқа жанашырлық сезім ұялатады. Табиғатты таза ұстау – бұл тек сенбілікке қатысу

емес, бұл күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналуы керек әдет. Мысалы, көшеде жүргенде қоқысты арнайы жәшікке салу, орманға барғанда қалдықтарды жинап кету, пластикпен қағазды қайта өңдеуге жіберу – бәрі кішігірім болса да өте маңызды істер.

Таза Қазақстан – таза болашақтың кепілі. Егер біз табиғатымызды қазірден бастап қорғасақ, болашақ ұрпақ бізге алғыс айтады. Балалар таза ауа жұтып, мөлдір суды ішіп, көгалда еркін ойнайды. Сол үшін табиғатты қорғау – бәрімізге ортақ міндет. Мен болашақта инженер не эколог болсам да, өз елімнің тазалығы үшін еңбек еткім келеді. Әр адам осы іске үлес қосса еліміз жасыл желекке оранып, көркейе түсетіні анық.

Марс Фатима

№68 мектеп-гимназиясы, 3 «А» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат – біздің өміріміздің қайнар көзі. Ауа, су, ағаштар, гүлдер, жануарлар – бәрі табиғаттың бізге берген сыйы. Әрбір адамға өзінің тұратын жері, табиғаты аса маңызды орын алады. Мысалы, мен өз елім, жерім үшін бәріне дайынмын. Әрбір адам өзінің тұратын жерін ластамауы керек. Егер біз табиғатты қорғамасақ, онда таза ауа мен таза су да қалмайды.

Мен табиғатты жақсы көремін. Сондықтан оны қорғауға тырысамын. Мен қоқысты жерге тастамаймын, ағаштарды сындырмаймын, суды ысырап етпеймін. Егер табиғатымыз лас болатын болса, ол адамдарға, жануарларға, жәндіктерге өз кедергісін келтіреді. Ал егер бұлақтың сулары лас болса, оған тіпті бір жәндік те жоламас еді.

Табиғат – біздің екінші үйіміз. Оны қорғау – әрқайсымыздың міндетіміз. Табиғатты аялау арқылы біз болашағымызды қорғаймыз. Біздің еліміздің табиғаты өте керемет! Мысалы менің туған жерім Бурабай. Бурабай – қазақ даласының ортасында орналасқан тамаша жер. Осындай кішкентай ғана жерде орман, көл, тауларды көз тұндырарлық әдемілікпен жаратқан. Мен өз еліммен, жеріммен мақтанамын!

Ілес Гауһар Ерболқызы

М. Дулатұлы ат. № 68 мектеп-гимназия, 3 «Ә» сынып оқушысы

Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Мен Қазақстанымды жақсы көремін. Мен өз елімді қорғау үшін, таза сақтау үшін бәрін жасар едім. Табиғатын қоқыс тастамай таза сақтайтын едім. Табиғат адам кесірінен ластанады. Ал керісінше біз ағаштар егіп, табиғатты аялауымыз керек. Ағаштар бізге таза ауа береді. Гүлдер табиғатты сәндендіреді. Сонымен қатар әдемі иіс шығарып тұрады. Табиғаттың бізге пайдасы өте көп.

Қазақстанды қорғау өте маңызды. Қоршаған ортаны қорғау- қоғамның денсаулығына да байланысты. Соңғы жылдары Қазақстан өз табиғатын

қорғауға, адамдар қазір Қазақстанды таза ұстауға белсенді қадам басуда. Кейбір адамдар бірігіп сенбілік жасап жүр. Қазақ елінің көп жері таза. Олар адамдардың арқасында таза болды. Өйткені олар өз елін аялайды. Табиғатты қорғау, қоқысты сұрыстау және қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың борышы. Таза орта-денсаулық кепілі. Біздің міндетіміз табиғатты аялауымыз керек.

Мен өз елімді аялаймын. Мен Елімізді таза сақтауға үлес қоса аламын! Ол үшін мен бәріне барамын.

Мақсұт Дияс

№68 мектеп-гимназиясы, 3 «Б» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не керек?

Қоршаған ортаны қорғау қоғамның денсаулығы мен жағдайын қамтамасыз ету маңызды. Соңғы жылдары Қазақстан өз табиғатын қорғауға белсенді қадамдар жасауда. Тазалық пен тәртіптің болуы аймақтың тазалығынан білінеді.

Біз өз әрекетіміз арқылы табиғатқа қамқорлық жасаймыз. Әр адам табиғатты қорғау жөнінде күнделікті іс-әрекет жасайды. Қоқыстарды сұрыптау, қайта өңдеу, ағаш отырғызу жағдайы жақсартуға әсер етеді. Біз табиғатқа қамқорлық жасамайтын болсақ, оның салдары адамдарға кері әсер етуі мүмкін. Табиғатты сақтау мен қорғау әр уақытта елімізде болғаны дұрыс.

Болашақта мен де Қазақстанның табиғатын қорғау үшін өз үлесімді қосатынымды сенемін.

Боранбек Айлин

Т.Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі, 3 «Ә» сынып оқушысы

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау — тек бір елдің емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Қазақстан — ұлан - байтақ даласы мен табиғи байлығы мол, көркем табиғаты көз тартатын ел. Бірақ осы байлықты сақтау, ұрпақтан - ұрпаққа аманат ету — әрбір азаматтың қасиетті борышы. Сондықтан да «Таза Қазақстан» жобасы ел болашағы үшін маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Бұл бастама тек табиғатты тазарту емес, қоғамның экологиялық мәдениетін арттыруды мақсат етеді. Әрбір адам өз үйінің алдынан, көшеден, орман - тоғайдан тазалықты бастаса, үлкен өзгерістерге қол жеткізуге болады. Көпшілікпен бірлесіп жүргізілген сенбіліктер, ағаш отырғызу акциялары мен қоқыс жинау шаралары — ұлттың санасын оятатын, патриоттық рухты тәрбиелейтін іс-шаралар. «Таза Қазақстан» — бұл ұран ғана емес, бұл — өмір салты. Табиғатты сүю, қорғау — өзінді, отбасыңды, Отаныңды сүюдің бір белгісі. Қоқысты жерге тастамау, қайта өңдеуді үйрену, пластикті азайту — кішігірім іс болғанымен, үлкен пайда әкелетін әрекеттер. Жас жеткіншектерді осыған баулу арқылы біз экологиялық сауатты, жауапты ұрпақ тәрбиелейміз.

Қорыта айтқанда, «Таза Қазақстан» — бұл әр азаматтың жүрегінен шығуы тиіс үндеу. Біз еліміздің келешегі үшін бүгіннен бастап әрекет етуіміз қажет. Таза ел — аман ел, таза табиғат — жарқын болашақ кепілі.

Ұлағатқызы Айлана

Т.Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі, 4 «Е» сынып оқушысы

Таза ауаға кешегі кім шанады?!
Түгін, тұман аспанды тұмшалады.
Кір шалады қанатын аққулардың,
Соны ойласаң көңілің тұмшаланды.
Қадыр Мырза Әли,
«Табиғат тазалығы»

Мен табиғаты тамаша, жері бай, өте үлкен Қазақстан елінде тұрамын. Біздің жерімізде таулар мен жазық дала, өзендер мен көлдер, пайдалы бұлақ көздері көп. Оқушылар аулада ағаш егіп, үйде гүл өсіріп, қоқыстарды тиісті жәшіктерге тастап, су мен жарықты үнемдеп, кішкентай ісімен үлкен өзгерістер жасай алады.

Мен аулада ағаш егуге, тазарту жұмыстарына қатыстым. Атам мен әжемнің ауласында мен отырғызған шырша өсіп тұр. Биыл Нұрай әпкеммен «Экософия» кітабын оқыдым. Кітаптағы ғажайып әңгімелер маған қатты ұнады.

Таза Қазақстан басқа елдердің табиғатын қорғауға мүмкіндік береді. Мен ол туралы 11 бөліктен құралған «Ақылбас» жинағын оқыдым. Кітаптардан жерге тастаған сағыздың, пластик бөтелкенің зияны туралы білдім. Мысалы, жерде жатқан сағызды жұтып қойған миллиондаған құстар қақалып өлген. Көлемі үлкен пластиктерді жұтып қойған теңіз балықтары тұншығып қалған. Кітаптағы деректер мені қатты қорқытты. Бірақ кітапта табиғатты қорғау жолдары да жазылған. Мен оларды сыныптастарыма айтып жүрмін.

Көшеде қоқыс болмаса, ауа таза, су мөлдір болса, адамдардың дені сау, көңілді өмір сүреді. Келіңіздер, таза Қазақстанды бірге жасаймыз! Таза ел – таза болашақ!

Менің мектепте алған білімім өз елімді дамытуға, табиғатымызды көркейтуге көмектеседі. «Білімім – Отаныма! Мен - өз елімнің патриотымын!»

Лесбай Айзере Жасуланқызы

Т.Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейі, 4 «Д» сынып оқушысы

«Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ ...» - дей отырып әр адам өз қаласының таза, әрі әдемі болғанын қалайды. Жасыл желекке оранған, әдемі гүлдерге толы тарихи ескерткіштері бар, көрнекті жерлерінде қыдырып, суретке түсу әр адамның әдетіне айналған.

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Оны қорғау – баршамыздың азаматтық парызымыз. Егер әрқайсымыз осы жауапкершілікті сезінсек, Қазақстанымыз тек экологиялық жағынан ғана емес, рухани жағынан да дамыған елге айналады.

Кейде мені сол әдемі қаламыздың тазалығына тиісті деңгейде біз көңіл бөле алып жүрміз бе деген ой мазалайды. Тұрып жатқан қаламыздың таза болуы үшін қандай үлес қосып жүрміз? Мәселе осында жатыр.

Саябақта серуендеп жүріп шекілдеуік шағып, не ішкен сусын мен жеген чипсінің қағазын әр жерге қойып, не лақтырып кететіндер жоқ емес. Сол жерде тұрған қоқыс жәшігіне салып кетсе, тазалыққа үлес қосар еді. Бірақ осы қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетіміздің төмендігі байқалып қалатындығын жоққа шығара алмаймыз.

Көктем мезгілінде көшелерге ағаш отырғызуға белсене кіріскен жөн, себебі үлкен алпауыт өнеркәсіптердің түтіні ауаны ластамай қоймайды. Ал, ағаш біздің демалатын ауамызды тазалап, оттегі бөледі. Қала таза болу үшін әр адам тазалықты өз үйінен, өз ауласынан бастағаны жөн.

Ойымды қорытындылай келе, әрбір адам өз үйінен, өз ауласынан бастап тазалыққа мән берсе, еліміз де таза, көркейген, жайқалған мемлекетке айналады. Тазалық үшін бірге күресе білсек, біз тұратын қала, аудан, аула, ауыл таза болар еді. Айналамыздың, қаламыздың тазалығы - біздің денсаулығымыздың кепілі.

Қабылбек Аяла Жасұланқызы

№72 мектеп лицейі, 3 «Г» сынып оқушысы

Менің елім – Қазақстан. Табиғаты көркем, жері бай, арман-тоғайлы, өзен-көлдері бар кең байтақ өлкем. Осындай сұлу табиғатты сақтап қалу – әрбір азаматтың міндемі. Біз табиғатты қорғау арқылы өз болашағымызды қорғаймыз.

Әр адам табиғатты қорғауға өз үлесін қоса алады. Мысалы, қоқысты арнайы жәшікке тастау, ағаш отырғызу, суды және электр қуатын үнемді пайдалану сияқты істер үлкен өзгеріске жол ашады. Табиғатқа деген қамқорлық – жауапкершіліктің белгісі.

Ең алдымен, қоқыс тастамау, орманда от жақпау, жануарларға зиян келтірмеу керек. Мектептерде, аулаларда сенбіліктер ұйымдастырып, аумақты тазалау арқылы да қоршаған ортаға қамқор бола аламыз.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол – біздің өміріміздің қайнар көзі. Таза ауа, мөлдір су, жасыл орман – барлығы азаматтың денсаулығына әсер етеді. Егер біз табиғатты қормасақ, болашақ ұрпаққа көркем Қазақстанды көрсете алмай қалуымыз мүмкін. Табиғат - біздің ортақ байлығымыз. Оны сақтау, аялау – әр адамның борышы.

Бахыт Айзере

№72 мектеп-лицейі, 3 «Г» сынып оқушысы

Таза табиғат – мәңгілік мұрамыз

Менің Отаным – сұлу да байтақ Қазақстан. Қазақстан – кең даласы, асқар тауы, мөлдір көлдері мен өзендері, сыңғырлаған бұлақтары бар ғажайып ел. Табиғат – адамға ауа, су, жарық, қорек, демалыс сыйлайтын баға жетпес байлық.

Ол – бар тіршілік атаулының мекені, өмірдің өзегі. Сондықтан табиғатты қорғау – тек үлкендер емес, мен сияқты балалардың да борышы.

Мен «Таза Қазақстан» жобасына өз кішкентай болса да, шын жүректен шыққан үлесімді қоса аламын. Мектепке бара жатқанда айналама қарап, жерде жатқан қоқысты көрсем, көз жұмып өте шықпаймын. Қағаз, бөтелке, полиэтилен қалташалар болса, оларды арнайы қоқыс жәшігіне саламын. Ауламызда гүл егіп, ағаш отырғызуға ата-анама көмектесемін. Өз бөлmemді таза ұстаймын, бұл да тазалыққа деген жауапкершілікті білдіреді деп ойлаймын.

Мектепте мұғалімдеріміз бізге экологиялық мәдениетті үйретеді – мен сол білімді өмірде қолдануға тырысамын. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін бәріміз бірігіп жұмыс істеуіміз қажет. Табиғатты сүю – өз үйінді сүюмен бірдей. Егер әр адам өз ауласын, көшесін таза ұстаса, Қазақстанның барлық қаласы мен ауылдары көркейіп, гүлденіп кетер еді. Қоқысты бей-берекет тастамай, қайта өңдеуге тапсыру да – табиғатты қорғаудың бір жолы. Табиғи ресурстарды, суды, жарықты үнемдеп пайдалану – болашаққа деген қамқорлық.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол – менің өмірімнің бір бөлігі. Ол – мені шабыттандыратын күш. Табиғат таза болса, адамдар да сау болады. Айнала жасыл желекке оранып, құстар сайрап тұрса, адамның көңілі де көтеріліп, жан дүниесі қуанышқа толады. Табиғат – біздің екінші анамыз. Біз оған қамқор болып, оны сүйіспеншілікпен қорғауымыз керек. Егер біз табиғатқа достықпен қарасақ, ол да бізге мол ризашылығын білдіреді – егініміз бітік шығып, ауамыз таза, суымыз мөлдір болады.

Менің арманым – Қазақстанның әр өңірі жасыл желекке оранып, өзен-көлдері таза, ормандары сыңғырлаған күйі болашақ ұрпаққа жетуі. Бұл арманым орындалуы үшін мен бүгіннен бастап әрекет етемін: тазалық сақтаймын, қоқыс тастамаймын, ағаш отырғызамын, табиғатқа қамқор боламын. Себебі мен – осы жердің болашағымын. Ал менің болашағым таза, жарық, шуақты болуы керек!

Қаппас Жансая Мұратқызы
№72 мектеп-лицейі, 3 «Г» сынып оқушысы

Менің атым Жансая. Мен Қазақстанда тұрамын. Маған Қазақстан қатты ұнайды. Қазақстанның табиғаты өте тамаша! Бәріміз осы тамаша табиғатты қорғап, қоршаған ортаның тазалаған сақтауымыз керек.

Ол үшін не істеуіміз керек? Біріншіден, қоқыс шашпау.

Екіншіден, жасыл әдемі шөптерді баспай, белгілі нақты жолдармен жүру керек.

Үшіншіден, гүлдер мен ағаштарды көбейту керек. Ол үшін көктемде, күзде жас ағаштар мен гүлдерді отырғызу керек.

Төртіншіден, әр адам табиғатта демалғанда демалыс ережелерін сақтау керек.

Демалыс ережелерін : жерді қазбау, қоқыс шашпау, гүлдерді жұлмау.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғатсыз өмір жоқ.

Казбек Айя
№72 мектеп-лицейі, 4 «Ж» сынып оқушысы

У каждого человека на свете есть место, которое он любит, ценит больше всего. Это место он называет своим домом. Здесь он родился, вырос, здесь находятся его самые близкие и любимые люди. Здесь начинается познание окружающего мира и здесь он счастлив. Это его Родина!

Кто-то живет на маленьком острове в океане, а кто-то - в большом шумном городе. Многие живут на севере, где очень холодно, многие - в жаркой солнечной стране. Но где бы ни жил человек, он обязан заботиться о природе своего места проживания. Я живу в Казахстане. Это моя Родина! Красивая, большая и дружелюбная страна. Здесь есть и горы, и степи, и озера. С самого детства нас учили любить свою Родину. Это мы знаем от своих родителей, знакомых и, конечно, от наших учителей. Мы также знаем, что нужно не только любить свою землю, но и заботиться о ней! Нужно научиться беречь природу! Самое главное это то, что каждый из нас может сделать что-то для улучшения экологии, каждый должен начать с себя. Нас учат в школе тому, что «чисто не там, где убирают, а там, где не сорят!» Не нужно оставлять мусор после себя, где бы ты ни был: во дворе, в парке, на улице или в местах отдыха! Чтобы наш общий дом - Казахстан был чистым и красивым, нужно высаживать деревья, выращивать цветы, помогать озеленять его! Каждый человек может сделать то, что от него зависит, а мы можем сделать очень много. Например, нужно меньше использовать пластик и выбрасывать его в водоёмы, можем экономить воду, например, когда умываемся и чистим зубы, убирать мусор и сортировать его. Взрослые люди могут меньше ездить на личном автомобиле и пользоваться общественным транспортом, тогда будет меньше выхлопных газов!

Мы все вместе можем сделать много для того, чтобы жить в лучших условиях! «Таза Қазақстан» - должен стать нашим общим девизом!

Мағауия Нұрхият
№72 мектеп-лицейі, 4 «И» сынып оқушысы

Каждый гражданин может внести свой вклад в улучшение экологии нашей страны. Оберегая природу, будет чистый воздух и крепкое здоровье нашего народа.

Увеличить посадку деревьев и кустарников, газонов, клумб и других элементов, для улучшения экологии.

Увеличить установку солнечных батарей и ветрогенераторов. Потому что, они позволяют не только экономить на электроэнергии, но и снизить плохое воздействие на окружающую среду.

В последнее время очень часто на каждом шагу начали встречать мусор. Даже в доме жители могут, спускаясь ниже этажом, по пути на другом этаже оставить мусор. Их такое действие говорит о том, что они не будут исправляться

пока не наложат штраф. Человека нужно штрафом научить чистоте территории, так как это заденет его финансовую часть и впредь не будет допускать такого.

Также людей надо научить сортировать отходы, это важно для чистой экологии. Сортировать отходы на пластиковые, бумажные и стеклянные поможет заново переработать и получить новое сырье.

Проложить дорожки для велосипедов, чтобы как можно больше людей переходили с автомобиля на велосипеды, для уменьшения выбросов выхлопных газов в атмосферу.

Хотелось бы ввести в школе хотя бы два-три раза в месяц предмет «Чистый Казахстан». Например, приглашать представителей компании, чтобы доступно рассказали, показали, как полиэтиленовые пакеты не разлагаются в земле, что атмосферу выделяют ядовитые вещества, где уже в почве будут вредные вещества для человека, а ведь в почве высаживают насаждения. Таким предметом в школе, можно привить с раннего возраста к чистоте окружающей среды.

Я защищаю природу, потому что проявляю заботу и испытываю тревогу за окружающий мир. Благодаря ответственным людям сохраняется природа! Если атмосфера будет загрязненной, то людям буквально не будет хватать чистого воздуха, что приведет к разным болезням, быстрому старению и преждевременной смерти.

В заключении хочу сказать, что «Чистый Казахстан» - это цель должна быть у каждого человека. Берегите природу и наш край станет еще прекрасней!

Мейрамбек Батыр

№ 72 мектеп- гимназиясы, 3 «Ж» сынып оқушысы

«Хочу, чтобы в будущем мой Казахстан стал сильным
и великим среди стран» Е. Елубаев.

Я слышал от взрослых пословицу, что «дети – живые цветы Земли». Цветы всегда красивые, хрупкие. Их нужно вырастить. А сколько труда вложено в нас!

Раз мы, живые цветы, «живые цветы Земли», то должны собой украшать все вокруг. Тогда наша Земля станет еще краше.

К окружающей природе отношусь я с уважением. Когда бываю в лесу, в парке, то никогда не сорю, не ломаю ветки, не рву цветы. Смотреть противно, когда на тропинке, на брусчатках размазаны жвачки. Совсем тошно, когда даже взрослые сморкаются, плюют. Какую заразу разносят!!!

Очень люблю субботники: всем домом убираем во дворе мусор, наводим порядок. Хорошее дело, когда всем классом принимаем активное участие в озеленении пришкольного участка. Радуюсь, как нами посаженные ели набирают высоту, становятся пушистыми. Зимой прихожу к своему скворечнику, кормлю зимующих птиц.

Мне кажется, что природа чувствует благодарность к человеку, она отвечает приветливо за заботу. Например, если ухожена яблоня, то и таковы яблоньки.

Казахстан – это наш дом родной. Нас окружают красивые горы, зеленые леса, просторные степи. Не будет этой красоты, то художники не нарисуют свои картины, поэты и писатели не напишут чудесные произведения, композиторы не создадут музыку. Детям и взрослым нужно знать, что есть умная книга – «Красная книга!».

Великая защитница природы! Трудно себе представить, что исчезнут наши символы: Снежный барс или беркуты. Или вдруг закончится питьевая вода.

Вода-это жизнь! Нужно экономить! Содержать в чистоте все водоемы!

Амангелді Ерәлі Ғабитұлы

№ 73 мектеп-лицейі, 3 «Ә» сынып оқушысы

Мен кішкентай кезімде табиғатты тек қана ағаштар мен таулар, өзендер мен көлдер деп ойлаушы едім. Әжем: Ағаштың жапырағын жұлма, ол ағаштың шашы ауырады, бұтағын сындырма, қолы, денесі ауырады,-дегенде, таң қалатын едім. Ал қазір көп нәрсені түсініп қалдым. Біздің өзіміз де табиғаттың бір бөлігі екенбіз. Айналамыздың бәрі біз сияқты табиғаттың бір-бір бөлігі екен. Адам өзін қалай күтуі, қорғауы, денсаулығын сақтауы керек болса, табиғатты да солай сақтауы керек екен.

Табиғатты қорғау ауламыздан басталатынын айтқым келеді. Мысалы, үлкендер аулаға ағаштар, жасыл шөптер, гүлдер егеді. Ал кейбір балалар сол жасыл шөпті басып, гүлді жұлып, көшеттерді сындырып кетеді. Жеген тәттілері мен ішкен сусындарының қалбырын лақтыра салады. Бұл табиғатты бүлдірудің, ластаудың бастауы емес пе?! Бізге ұстаздарымыз өсімдіктер ауаны тазартатынын айтады. Ал оны сындырып, басып, жұлып бүлдіру-табиғатты бүлдіру, яғни экологиялық талаптарды сақтамау ғой.

Әр бала өз үйін, ауласын, үйінің айналасын, көшесін таза ұстауға дағдыланса, табиғатты да қорғауға дағдыланары сөзсіз. Табиғат -өз үйіміз. Өз үйімізді қалай сүйсек, қалай таза ұстасақ, қалай қорғасақ,- табиғатқа да сондай қарым-қатынас жасайықшы, достарым!

Жандосқызы Айғаным

№ 73 мектеп-лицейі, 4 «З» сынып оқушысы

Қазіргі кезде елімізде экология мәселесі өте маңызды болып тұр. Сол себепті «Таза Қазақстан» жобасы –табиғатты қорғауға, қоршаған ортаны тазалауға арналған тамаша бастама. Бұл –тек үкіметтің емес, әр азаматтың борышы.

Мен «Таза Қазақстан» жобасына өз үлесімді күнделікті қарапайым әрекеттеріммен қоса аламын. Мысалы қоқысты көшеге тастамай, арнайы жәшіктерге саламын. Қайта өңдеуге болатын бөтелкелер мен қағаздарды жинап тапсырамын. Ауламызды тазалап, сенбілікке қатысамын. Бұл-менің елімнің болашағына қосқан кішкентай, бірақ маңызды үлесім.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін адамдар табиғатты ластамауы керек, Қоқыс тастамай, ағаш отырғызып, суды ,ауаны ластамауы керек. Машиналардың түтінін азайтып, велосипедпен жүрген дұрыс. Сонымен қатар , әр адам тазалықты өзінен бастауы керек. Егер әркім өз үйінің, көшесінің тазалығына мән берсе,бүкіл Қазақстан таза болар еді.

Мен табиғатты қорғаймын ,себебі ол –біздің өміріміздің негізі.Табиғат болмаса біз де өмір сүре алмаймыз.Табиғатта тыныштық, сұлулық, өмір бар.Егер біз табиғатқа қамқор болсақ , ол да бізге қамқор болады.Таза ауа ,мөлдір су, жасыл орман – бәрі бізге күш пен қуат береді.Мен ағаштарды сындырып, гүлдерді жұлмаймын. Су көздерін былғамаймын,жануарларға зиян келтірмеймін .Себебі олар табиғаттың бір бөлігі.

Егер біз бәріміз бірігіп жұмыс істесек, «Таза Қазақстан» жобасының мақсатына оңай жетеміз.

Мейірхан Байжан Дарханұлы
№73 мектеп-лицейі, 4 «Д» сынып оқушысы

Мен Қазақстанымды жақсы көремін. Біздің еліміз – кең, әдемі, табиғаты тамаша. Айналамызда орман, өзен, көл, таулар бар. Бірақ кейде адамдар табиғатты ластап, қоқыс тастап кетеді. Бұл өте өкінішті.

Бүгінде елімізде «Таза Қазақстан» деген жақсы бастама бар. Бұл – табиғатты таза ұстауға арналған жоба. Мен осы іске өз үлесімді қоса аламын. Мысалы, қоқысты жерге тастамаймын, әрқашан қоқыс жәшігіне саламын. Қағазды, пластикті бөлек жинап, қайта өңдеуге өткізуге тырысамын. Ағаш отырғызуға көмектесемін, сенбілікке қатысамын. Өзіммен бірге оқитын сыныптастарыма және аулада бірге ойнайтын достарыма үнемі қоқысты қоқыс жәшігіне салу керектігін айтып, насихаттап жүремін. Сонымен қатар, суды және энергияны үнемдеу керекпіз, артық су ағызып немесе жарықты босқа жақпау, энергия үнемдегіш құрылғыларды қолдануға көшсек, бұл да менің табиғатты таза ұстауға қосқан өз үлесім деп білемін.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін әр адам жауапты болуы керек. Табиғатқа зиян келтірмеу – әрбіріміздің міндетіміз. Біз су мен ауаны ластамауымыз керек. Көшеде, мектепте, саябақта тазалық сақтап, жануарлар мен өсімдіктерге қамқор болуымыз қажет. Табиғатты ластамау – бірінші кезектегі міндет. Қайта пайдалануға келетін заттарды қолдану (мысалы, мата сөмке, қайта толтырылатын бөтелке). Көлік орнына жаяу жүру немесе велосипед қолдану – ауа ластануын азайтады. Қоршаған ортаға зиян келтіретін заттарды (мысалы, химикаттар) дұрыс қолдану және жою.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол – менің болашағым. Табиғат таза болса, біз де сау боламыз. Ата-анамыз, достарымыз таза ауа жұтып, әдемі жерде өмір сүрсе, ол — үлкен бақыт. Сондықтан мен табиғатты қорғауға әрқашан дайынмын!

Батырша Мариям

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, 3 «Ә» сынып оқушысы

Қазақстанның табиғаты таза, көрікті және жасыл болғанын қалаймын. Сондықтан өз елімді сүйетін азамат ретінде оған өз үлесімді қоса аламын.

Бірінші кезекте, мен ешқашан қоқысты дерге тастамаймын. Кейде демалыс күндері отбасымызбен бірге табиғат аясында шығамыз. Сол кезде өзіміз бен бірге арнайы пакеттер аламыз да айналадағы бөтелке, қағаз және қап сияқты қоныстардың жинаймыз. Бұл – кішкентай болса да үлкен үлес.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін алдымен өзімізден бастауымыз керек.

Ахметова Аймина

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, 4 «Ә» сынып оқушысы

Қоршаған ортаны қорғау – қоғамның денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің маңызды аспектісі. Соңғы жылдары Қазақстан өз табиғатын қорғауға белсенді қадамдар жасауда.

Қатаң экологиялық стандарттар, су мен ауаны тазарту бағдарламалары және қоғамдастықтың экологиялық бастамаларға қатысуы елдің барлық тұрғындары үшін таза және салауатты ортаны құруға көмектеседі. Бұл күш жігер Қазақстанның барлық азаматтарының тұрақты болашағын құруға бағытталған. Қаланың аулалары мен кіреберістегі қоқыс пен өздігінен пайда болатын үйінділер мәселесі әрқашан өзекті болып келеді. Мұндай суретті Киров кіреберістерінен жиі кездестіруге болады – сынған терезелер мен сынған шамдар, қабырғалардағы әдепсіз граффити және пәтерлердің жанындағы «хош иісті» қоқыс қапшықтары.

Көше туралы ойлаймын, себебі олар бұл «менің территориям емес», «біреу тазартады» дегендігі.

Бектибаева Арайлым

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі, 4 «Ғ» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат - біздің өміріміздің көзі. Ауа, су, өсімдіктер мен жануарлар - барлығы біз үшін өте маңызды. Егер біз табиғатты қорғамасақ, болашақ ұрпаққа таза ауа, таза су қалмауы мүмкін.

Мен табиғатты қорғау үшін көшеде қоқыс тастамаймын және айналамды таза ұстаймын. Мектепте сыныптастарыммен бірге сенбілікке шығып айналаны тазартамыз. Сонымен қатар, әр көктемде ағаш отығызуға қатысамын.

Табиғат бізге сұлулық пен таза ауа сыйлайды. Сол үшін мен табиғатты қорғауға үлесімді қосамын. Егер әрқайсымыз табиғатқа қамқорлық жасасақ, жеріміз әдемі әрі таза болып қалады.

Фазылбек Аяулым

Ф. Оңғарсынова ат. №77 мектеп-гимназиясы, 2 «Е» сынып оқушысы

Қазақстан – біздің Отанымыз, кең байтақ, табиғаты әсем ел. Біз туған жерімізді таза, көрікті және жайлы күйінде сақтауымыз керек. Әрбір азамат табиғатқа жанашырлықпен қарауы қажет. Қоқысты жерге тастамай, арнайы жәшіктерге салу, ағаш отырғызу, суды үнемдеу – бұның бәрі таза Қазақстанға қосқан үлесіміз.

«Таза Қазақстан» – еліміздің жарқын болашағы үшін маңызды бастама. Табиғатты қорғау, қоқысты сұрыптау және қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың борышы. Таза орта – денсаулық кепілі. Біз табиғатты аялау арқылы болашақ ұрпаққа көркем, қауіпсіз Қазақстан қалдырамыз.

«Таза Қазақстан» – бұл әрбір азаматтың арманы және ортақ жауапкершілігі. Мен де өз елімнің болашағына бей – жай қарамайтын жас ұрпақ ретінде, қоршаған ортаны қорғауға өз үлесімді қоса аламын. Ең алдымен, мен қоқысты сұрыптап, қайта өңдеуге жіберуді әдетке айналдырамын. Пластик, қағаз, әйнек сияқты қалдықтарды жеке –жеке жинап арнайы контейнерлерге тастау – табиғатты ластамаудың тиімді жолы. Сонымен қатар, табиғат аясында демалғанда артта қоқыс қалдырмай, өзгелерге үлгі көрсетемін.

Мен Қазақстанның әрбір бұлағы мен тасы, әрбір жапырағы мен желі болсын деймін. Себебі тазалық – тек көзге емес, жанға да керек. Бүкіл Қазақстанды таза ұстау өзімізге, жас ұрпаққа байланысты. Мен жастарға сенемін. Сондықтан жастарға зор үмітпен қараймын, - деді Мемлекет басшысы.

Сатылхан Әділ

Ф. Оңғарсынова ат. №77 мектеп-гимназиясы, 3 «Б» сынып оқушысы

Мен Қазақстанда туып-өстім. Қазіргі таңда еліміздегі экологиялық проблемалар - ең маңызды проблемалардың бірі болып отыр . Табиғаттың таза болуы қазіргі адамдардың, болашақ ұрпақтың өмірі үшін өте маңызды. Біздің еліміз өте үлкен, табиғаты сұлу. Биік таулар, көгілдір көлдер , жайқалған жасыл ормандар мен кең жазық дала. Мұның бәрі менің – Отаным. Осындай сұлу табиғатты сақтау — әрбір адамның парызы.

Таза Қазақстан үшін мен де өз үлесімді қоса аламын . Таңертең мектепке бара жатқанда, жолда жатқан қоқысты көрсем, оны жерден алып, қоқыс жәшігіне саламын. Біз отбасымызда да үйден шыққан қоқыстарды сұрыптап барып, қоқыс жәшігіне саламыз. Ата-анам аула тазалауға шыққанда , аулаға ағаш , гүл отырғызғанда жандарында жүріп, көмегімді тигізгенді жақсы көремін. Қоршаған ортаның таза болуы үшін , әр адам тазалықты сақтай білу керек. Көшеге қоқыс тастамау , өзен-көлдерді ластамау , орман-тоғайларға от қоймау т.б.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат – біздің өміріміздің тірегі. Ауа, су, күн бәрі табиғаттан. Табиғат- біздің ортақ байлығымыз. Оны қорғау — әр адамның міндеті. Егер әр адам табиғатқа жауапкершілікпен қараған болса, еліміз таза, көркейе түсер еді.

Мен осындай таза Қазақстанда өмір сүргенді қалаймын және өз үлесімді қосамын.

Хамит Амира

Ф. Оңғарсынова ат. №77 мектеп-гимназиясы, 2 «Б» сынып оқушысы

Тазалық – денсаулық кепілі демекші, кең-байтақ, табиғаты көркем еліміздің өзен-көлдерін, орман – тоғайларын таза сақтау, табиғатты аялау, қоршаған ортаға жанашырлық таныту - әр азаматтың борышы.

Табиғат анаға деген шексіз махаббат – ол әр адамнан басталуы тиіс. Себебі, біз өзімізді тазалыққа тәрбиелеу арқылы, табиғатымыздың таза болып қалануына өз ықпалымызды тигіземіз.

Әр азамат табиғатқа жанашырлықпен қарап ,қоқысты жерге тастамай, көшеттер отырғызып,суды үнемдесе – бұның бәрі таза Қазақстанға қосқан үлесіміз.Еліміздің таза,көрікті болғаны біз үшін,яғни халық үшін керек.

Табиғатты, қоршаған ортаны аялау-күнделікті өмір салтымызға айналуы қажет. Біз табиғатты аялау арқылы болашақ ұрпаққа көркем,таза Қазақстанды мұра етеміз.

Таза Қазақстанның -

Болашағы мен болам.

Үлесімді қосамын,

Болсын деп таза жер-ғалам!

Зейнелов Расул

Ф. Оңғарсынова ат. №77 мектеп-гимназиясы, 3 «Б» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

Қоршаған орта - айналамыздағы табиғат әлемі. Адам және табиғат бір-біріңсіз өмір сүре алмайды. Сондықтан біз қалдықтарды ретсіз тастамау, өзен-көлдерді ластамау, ағаштарды жөнсіз кеспеу арқылы қоршаған ортамызды сақтап қалуымыз керек. Ол адамға әдемілікті сезіну, пайдаға жарату үшін ғана емес, болашаққа жеткізу, таза ауа жұту үшін де өте қажет.

Менің ойымша, қоршаған ортаны таза сақтау деген ұғым адамдар табиғи ресурстарды жөнсіз бүлдіре бастағаннан бері пайда болды. Барша адам баласы табиғат адамға қызмет ету керек деп ойлады. Оны тек пайдалануды ғана білді. Ал бабаларымыз «Бір тал кессең, он тал ек», «Судың да сұрауы бар» деп неге айтты дейсіз?! Өйткені берекесіз қолдану арқылы табиғи ресурстарды сарқып тастаймыз. Сондықтан суға түсіп, балық аулайық, бақша суарайық, бірақ оған қоқыс лақтырып, арнасын бекітіп тастамайық. Ағаштан жиһаз, қағаз жасайық, үй салайық, бірақ орнына ағаш отырғызайық. Саяхатқа шығайық, бірақ қоқысты, қолданған заттың қалдығын қоқыс жәшіктеріне бөліп салайық. Сөйтіп әрқайсымыз осы айтылғандарды әдетке айналдырсақ, қоршаған ортаны сақтап, әлі талай ұрпаққа жеткізуге болады.

Қорыта айтсам, қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін әрқайсымыз табиғатты өміріміздің ең қажетті бөлшегі ретінде қарауымыз керек деп санаймын.

Хамидулаева Айша

С. Сәдуақасұлы ат. №78 мектеп-гимназиясы, 3 «Б» сынып оқушысы

Қазақстан – біздің Отанымыз, кең-байтақ, табиғаты әсем ел. Біз туған жерімізді таза, көрікті және жайлы күйінде сақтауымыз керек. Соңғы жылдары елімізде «Таза Қазақстан» атты экологиялық акциялар ұйымдастырылып жүр. Бұл акциялардың мақсаты — қоршаған ортаны тазарту, табиғатты қорғау және халықты экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

Әрбір азамат табиғатқа жанашырлықпен қарауы қажет. Қоқысты жерге тастамай, арнайы жәшіктерге салу, ағаш отырғызу, суды үнемдеу — бұның бәрі таза Қазақстанға қосқан үлесіміз. Мектеп оқушылары да бұл іске атсалысып, сенбіліктерге шығып, аула мен көшені тазартып жүр. Біз табиғатты қорғай отырып, болашақ ұрпаққа жарқын, жасыл әлем қалдырамыз.

Тазалық – баршаға ортақ. «Тазалық сыпырған жерде емес, сақтаған жерде» демекші, әрбір азамат қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, туған жерінің қадірін ұғынып, тазалығын сақтауға ынта қоюға міндетті. «Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі» демекші, қоғам тазалығы, тіл, ар-ождан, жеке бастың, қоршаған ортаның тазалығы деп осылай тізбектеле береді. Бұлардың қай-қайсысы да адам үшін маңызды. Қазақстанды таза ұстау өзімізге, жастарға байланысты. Жас ұрпақ - жарқын болашақтың кепілі!

Мұрат Аңсар

С. Сәдуақасұлы ат. №78 мектеп-гимназиясы, 4 «А» сынып оқушысы

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау – еліміздің басты міндеттерінің бірі. Табиғатты аялау, оны таза ұстау – әрбір азаматтың парызы. Осы орайда елімізде қолға алынған «Таза Қазақстан» бастамасы өте өзекті және дер кезінде көтерілген шара.

«Таза Қазақстан» жобасының басты мақсаты – қоршаған ортаны тазарту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және халықты табиғатты аялауға шақыру. Бұл бастама арқылы еліміздің әр түкпірінде сенбіліктер ұйымдастырылып, қоқыс жиналып, өзен-көлдер тазартылып, ағаштар отырғызылды. Осындай шаралар адамдарды біріктіреді, әрбір адамның табиғатқа деген жауапкершілігін арттырады.

Табиғат – адамзат баласына берілген баға жетпес байлық. Ауа, су, орман, жануарлар мен өсімдіктер – барлығы біздің өміріміздің ажырамас бөлігі. Бірақ соңғы жылдары экологиялық жағдай нашарлап, қоқыс пен ластану көбейіп барады. Бұл өз кезегінде адам денсаулығына да, табиғатқа да теріс әсер етеді.

Сондықтан «Таза Қазақстан» секілді экологиялық бастамалар адамдардың санасын оятып, табиғатты сақтауға үлкен септігін тигізеді.

Бүгінгі ұрпақ табиғатты таза сақтап, болашаққа аманаттауы тиіс. Әрбір адам өз ауласын, көшесін, қаласын таза ұстап, қоқысты орынсыз тастамауға дағдыланса – үлкен өзгерістер орын алады. «Таза Қазақстан» тек бір күндік шара емес, бұл – ұзақ мерзімді көзқарас пен өмір салты.

Қорытындылай келе, «Таза Қазақстан» жобасы – болашаққа бағытталған маңызды бастама. Табиғатты қорғау – елге деген, болашақ ұрпаққа деген құрметтің көрінісі. Әрқайсымыз осы істе белсенділік танытып, еліміздің көркеюіне өз үлесімізді қоссақ, таза әрі жасыл Қазақстанды бірге құра аламыз.

Нурсапина Айару Айдынкызы

С.Сейфуллин ат. №80 мектеп-гимназиясы, 3 «Б» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі....

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат – біздің өміріміздің негізі. Табиғат бізге таза ауа, су, тағам мен әдемі көріністер сыйлайды. Ормандар, өзендер, гүлдер мен жануарлар – бәрі табиғаттың байлығы. Егер біз табиғатты қорғамасақ, бұл байлықтар жоғалып кетуі мүмкін.

Мен қоқысты жерге тастамаймын, әрқашан қоқыс жәшігіне саламын. Ағаштарды сындырмаймын, керісінше көбірек ағаш отырғызғым келеді. Су мен жарықты да босқа жұмсамаймын. Табиғатты қорғау – әр баланың міндеті деп ойлаймын.

Болашақта біздің табиғатымыз таза, жасыл әрі көрікті болсын десек, қазірден бастап қамқорлық жасауымыз керек. Табиғатты жақсы көріп, оны аялайық!

Мен – табиғат қорғаушысымын! Менің елім Қазақстанның табиғаты ең көрікті!

Оны қорғау үшін мен не істей аламын?

Мен табиғатты қорғау үшін бірнеше жақсы істер жасай аламын. Мысалы, қоқысты жерге тастамай, әрқашан қоқыс жәшігіне саламын, қағазды үнемдеп пайдаланамын, себебі қағаз – ағаштан жасалады, ағаштарды сындырмаймын, гүлдерді жұлмаймын, үйде жарықты, суды босқа ағызбай, үнемдеймін. Достарыма да табиғатты қорғау керек екенін айтып жүремін. Мектепте «табиғатты қорғайық» деген суреттер салып, басқаларға үлгі боламын.

Мен кішкентай болсам да, осындай жақсы істер арқылы табиғатқа көмектесе аламын. Егер бәріміз осылай жасасақ, табиғатымыз әдемі әрі таза болып қалады. Мен өз Отаным – Қазақстанды жақсы көремін!

Зейнолла Гүлназ

С.Сейфуллин ат. №80 мектеп-гимназиясы, 3 «В» сынып оқушысы

«Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек»

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Адамзат өмірінің сапасы мен ұзақтығы табиғи ортаға тікелей байланысты. Егер ауа ластанса – тыныс алу қиындайды, су ластанса – тіршілік тоқтайды, жер ластанса – азық-түлік өндірісі тоқырайды. Сондықтан табиғатты қорғау – тек экологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және адамгершілік міндет.

«Таза Қазақстан» – елімізде жүзеге асырылып жатқан маңызды экологиялық бастамалардың бірі. Бұл жоба қоғам назарын табиғатты қорғауға аударуға, халықты қоршаған ортаны аялауға шақыруға бағытталған. Оның аясында түрлі сенбіліктер ұйымдастырылады, ағаштар отырғызылады, өзен-көлдер мен ормандар тазаланады. Сонымен қатар, мектептер мен жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбие беру ісі күшейіп келеді. Бұл бастама арқылы адамдар қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуде. Қоқысты сұрыптап жинау, пластиктен бас тарту, қайта өңдеу технологияларын пайдалану – әр азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы қажет. Әрбір адамның табиғатқа деген жанашыр әрекеті – үлкен өзгерістің бастауы.

Табиғатты таза сақтау – болашақ ұрпақ алдындағы борышымыз. Біз оларға тек технологиялық жетістіктерді ғана емес, сонымен қатар жасыл, таза әрі өмір сүруге қолайлы орта қалдыруымыз керек. Қазақстанның болашағы – оның табиғи байлықтарының сақталуына тікелей байланысты. Сондықтан "Таза Қазақстан" идеясы – жай ұран емес, бұл – әрбір азаматтың жүрегінен орын алуы тиіс ұлттық құндылық.

Бақытжан Жанали

С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясы, 4 «Г» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау – әр адамның басты міндеті. Табиғат – бізге өмір сыйлаған үлкен қазына, оны қорғау әуелі тазалықтан басталады. Біз таза ауа жұтып, суды ішіп, демалып, табиғаттың әсемдігін тамашалаймыз. Бірақ соңғы кезде адамдар қоқыс тастап, суды ластап, ормандарды кесіп жатыр. Бұл — өте өкінішті жағдай.

Қоршаған ортаны қорғау үшін алдымен өзімізден бастауымыз керек. Қоқысты жерге тастамай, арнайы жәшіктерге салуымыз керек. Су мен электр қуатын үнемдеп, ағаш егуге үлкендерге көмектесу қажет.

Менің ойымша, керек емес заттарды тастай бермей, жәй қоқыстан жаңа заттар жасауға болады деп ойлаймын. Сонымен қатар, ауылда ата-әжелеріміз жаңбырдың суын шелекке толтырып, оны гүлдер мен талдарға құятынын көргенмін. Ауылға барған сайын мен де үнемі солай жасаймын. Достарыммен далада ойнап жүргенде үнемі қоқыстарды арнайы жәшікке салуды, талдарды сындырмауды, гүлдерді баспай керісінше оларды суаруды айта жүремін. Мен оларды табиғатты аялауға және үнемділікке шақырамын.

Егер бәріміз табиғатты сүйіп, қорғай білсек, болашағымыз жарқын болады. Таза табиғат – таза өмір. Сондықтан қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау – біздің ортақ міндетіміз деп ойлаймын.

Әмірбек Жұбаныш

№81 Astana English School халықаралық мектеп, 3 «Ә» сынып оқушысы

Таза Қазақстанға қандай үлес қоса аласың?

Қоршаған ортаны қорғау – қоғамның денсаулығы мен әл-ауқатын қаматамасыз етудің маңызды аспектісі. Соңғы жылдары Қазақстан өз табиғатын қорғауға белсенді қадамдар жасауда. Қатаң экологиялық стандарттар сумен, ауаның тазарту бағдарламалары және қоғамдастықтың экологиялық бастамаларға қатысуы елін барлық тұрғындары үшін таза және салауатты ортаны құрылған көмектеседі. Бұл күш-жігер Қазақстанның барлық азаматтарының тұрақты болашағын құруға бағытталған.

Қазіргі кезде ақпараттарға сүйенсек, туризммен ғана экономикасын көтеріп отырған елдер көп. Ал, біздің елде көрікті жерлер көп болғанымен, туризми саласы дамып тұрған жоқ. Әрине, оның бірнеше себептері бар. Менің арманым елімнің туризми саласының дамуына үлес қосу.

Табиғат – ол біздің екінші үйіміз. Біз табиғатты қорғауымыз керек. Мысалы, жаз мезгілінде қоқыстарды жинастырамын, ағаштарды суғарамын. Ал күз мезгілінде ағаштан жерге түскен жапырақтарды, бұтақтарды жинастырып, сыпырамын, қыста қарды күреймін. Мен ағаштарды отырғызамын, оларды күтемін өрттен қорғаймын, орман-тоғай зиянды жәндіктермен күрісемін.

Табиғатты қорғау үшін қарапайым шараларды қолдануға болады.

Біріншіден, суды, электр қуатын үнемдеу керек.

Екіншіден, ағаш, отырғызу арқылы қоршаған ортаны жақсартуға болады.

Үшіншіден, қоқысты дұрыс сұрыптап, қайта өңдеу керек. Бұған қоса пластикті аз пайдаланып, қағаз әйнек сияқты материалдарды қайта қолдану арқылы табиғатты сақтай аламыз. Бұл кішігірім қадамдар үлкен нәтиже береді.

Табиғатты қорғаудың тағы бір маңызды жолы – жануарлар мен өсімдіктерді қорғау. Олар табиғаттың ажырамас бөлігі. Сондықтан олардың жойылып кетпеуін қадағалауымыз керек. Қызыл кітапқа енгізілген сирек кездесетін түрлерді сақтау – баршамыздың парызымыз. Табиғатқа ұқыпты қарау арқылы біз болашақ ұрпаққа таза орта қалдыра аламыз. Табиғатты қорғау үшін бәріміз күресейік, бір-бір ағаш егейік. Текке отырмай бәріміз таза ауа үшін терімізді төгейік. Табиғатты қорғайық достар!

Әділхан Әдемі

№81 Astana English School халықаралық мектеп, 3 «Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Президентіміз Қасымжомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай, елімізде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық науқаны жүріп жатыр. Науқанның мақсаты табиғатты аялап, ұрпаққа мұра етіп қалдыру деп ойлаймын. Себебі біздің еліміз – кең байтақ, табиғаты көркем.

Мен Астана қаласында тұрамын. Бұл – еліміздің жүрегі, таза әрі көрікті қала. Көше бойындағы гүлдер, саябақтар, Есіл жағалауы – бәрі ерекше әдемі. Осындай сұлулықты сақтау – әрбір азаматтың борышы.

Әр сенбі сайын көшені тазалап, ағаш отырғызып жүрген адамдарды көреміз. Әсіресе таңертең мен мектепке бара жатқанда ауланы сыпырып жүрген атаны көремін. Ата ауладағы қоқыстарды жинап, тап-таза етіп қояды.

Мен де елімнің таза болуына өз үлесімді қоса аламын. Мектептегі сенбіліктерге қатысып, сыныптастарыммен ағаш отырғызамын, ауладағы қоқысты жинаймын. Үйде де ата-анама көмектесіп, гүлдерге су құямын, үйден шыққан қалдықтарды қоқыс жәшіктеріне апарып саламын. Басқа балаларға да тазалық сақтау туралы айтып жүремін. Егер әр бала осылай жасаса, қаламыз одан да таза болады.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін алдымен өзімізден бастауымыз керек. Қоқысты кез келген жерге тастамау, суды, жарықты үнемдеу, көгалды таптамау, қоғамдық орындарды бүлдірмеу, табиғатқа зиян келтірмеу – табиғатқа деген қамқорлықтың белгісі. Табиғатты қорғау үшін әр адам қолынан келетін жақсылықты аямау керек.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол – біздің өміріміздің негізі. Ауаның таза болуы, судың мөлдір болуы – бәрі де біздің денсаулығымыз үшін қажет. Табиғатсыз өмір жоқ.

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген мақалдың мағынасы байлықтан гөрі табиғатқа қызмет пен ізет көрсету керек дегенді білдіреді. Жер бетіндегі тазалықты сақтау табиғат байлығын қорғау деп білемін. Сондықтан мен табиғатты аялап, Таза Қазақстанның жарқын болашағына өз үлесімді қоса беремін.

Бағдатқызы Томирис

№81 «Astana English School» халықаралық мектеп, 3 «Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға қандай үлес қоса аласың?

Бүкіл ел бойынша "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық бағдарламасы аясында түрлі іс-шаралар өткізілуде. Біздің ортақ міндетіміз - еліміздің табиғи байлығын сақтау және көбейту. Болашақ ұлттың денсаулығы - қоршаған ортаның тазалығына байланысты.

Қазақстан – менің Отаным. Бізде биік таулар, шексіз дала, ыстық шөлдер, әр түрлі әдемі ормандар, көлдер мен өзендер бар. Мұның бәрі жеріміздің құндылығы.

Бірақ, егер біз табиғатымызды қорғап, сүйіп, бағаламасақ, болашақ ұрпаққа не қалдыра аламыз? Сонымен, Балқаш көлінде, Бурабайда, Зерендіде және басқа жерлерде демалушылардың қоқыс, пластик пакеттерды, шыны

бөтелкелер, қаңылтыр банкаларын қалай қалдыратынын көруге болады. Бұл заттар ыдырамайды және жел арқылы аумақ арқылы тасымалданады және суға түсіп, табиғатымызды бұзады.

Мен өз бетімен, елімнің тазалығын сақтауға өз үлесімді қоса аламын. Отбасымызбен бірге табиғатта қоқысты қалдырмауға тырысамыз. Мүмкіндігінше басқа демалушылар қалдырған тұрмыстық қоқыстарды жинауға ережеміз бар. Үйде біз өз қалдықтарымызды жеке-жеке сұрыптаймыз. Балконымызда пластикқа, қағазға, шыны және батареикаларға және басқа тұрмыстық қалдықтар үшін қораптар бар, осының бәрін алып, бөлек контейнерлерге тастаймыз. Жарамсыз қағаздар жиналған кезде біз қайта өңдеу ұйымына тапсырамыз. Ата-әжемнің ауласында мен жыл сайын гүлдердің тұқымдарын алып отырғызамын, сенбіліктер өткізген кезде мен олармен бірге шығып, ауланы сыпырамыз, қоқыстарды жинаймыз, шекараларды және ағаштарды бояймыз. Үйде мен әрқашанда су мен электр энергиясын үнемдеуге тырысамын. Күзде әкем екеуміз құстарға арнап жем салатын қораптарды дайындап, оларды мектеп ауласында іліп қойдық. Әрине, бұл біздің табиғатымызды сақтауға менің аз ғана үлесім. Бірақ егер әркім өзінің оң үлесін қосса, онда бұл нақты үлкен іске айналады деп ойлаймын.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін өзімізден бастау керекпіз. Ормандарды, өзендерді және көлдерді ластануға еліміздің әр азаматы жол бермеу керек. Қазақстанда экологиялық жағдайды жақсарту, қалдықтарды кәдеге жарату, жүйелерін жаңғырту, жерімізді көгалдандыру бойынша көбірек қаражат бөліпніп, бағдарламаларды іске асыру қажет. Балабақшалардан бастап, мектептерде, университеттерде жастарды қоршаған ортаны бағалауға және қорғауға үйрететін ақпарат, бейнематериалдар, іс-шаралар өткізу керек. Біздің әрқайсымыз табиғатты қорғауға өз үлесімізді қосуымыз керек. Көшеде қоқыс тастамай, оны арнайы жәшіктерге тастау керек деп ойлаймын, экологиялық акциялар мен сенбіліктерге қатысуымыз маңызды. Біз ормандарымызды өрттен қорғауымыз керек, өйткені ағаш өсіру үшін қанша жыл қажет екенін білеміз. Табиғатымызды қорғап, бағалайық, қоршаған ортаны құрметтейік, сонда біздің Қазақстан одан да әдемі әрі тартымды болады.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі адам мен табиғат бір-бірімен тығыз байланысты. Біздің әл-ауқатымыз бен денсаулығымыз қоршаған ортаның жағдайына тікелей байланысты. Сондықтан табиғатты қорғау дегеніміз - өзіңе және болашақ ұрпаққа қамқорлық жасау.

«Таза болса табиғат, аман болар адамзат», дегендей егер адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақталғанда, адамзат баласы үшін табиғат - мәңгі тозбас құтты қоныс болатынын ешқашан ұмытпайық! Әр адам тазалыққа өз үлесін қосып, табиғатты қорғайтын болса, біз таза Қазақстанды құра аламыз!

Бағлан Айару

№81 Astana English School халықаралық мектеп, 3 «В» сынып оқушысы

Таза Қазақстанға қандай үлес қоса аласың?

Қазақстан-біздің туған өлкеміз. Біз осындай елде тұрып жатқанымызға қуаныштымыз. Мен Қазақстанның әрбір қаласының таза болғанын қалаймын. Ол үшін әр адам табиғатқа аялы қарым-қатынас жасауы керек. Ағаштарды сындырмай, гүлдерді жұлмай, суға қоқыс тастамай жүруі тиіс.

Мен айналамдағыларға үлгі болуға тырысамын. Қоқысты жерге тастамай, арнайы жәшікке саламын. Айналаң таза болса, көңілінде көтеріңкі болады. Көшеде қоқыс жатса, ол жаман көрінеді, жағымсыз иіс шығарады. Сондықтан тазалықты сақтауымыз керек. Демалыс күні отбасымызбен үйдің айналасына ағаштар отырғыздық. Көршіліріміз де бізді қолдап гүлдер отырғызды. Айтпақшы, біздің мектептің ауласына да жақсы адамдар ағаш отырғызған. Сосын бәріміз үйдің маңын қоқыстан тазарттық. Аулаға су сеуіп, сыпырдық.

Таза өмір сүру – бәріміздің арманымыз. Сондықтан айналаны таза ұстайық!

Есеналы Айсұлтан

Ы.Алтынсарин ат. №83 мектеп-гимназиясы, 3 «Ә» сынып оқушысы

Қазақстан — менің туған елім. Біздің еліміз кең-байтақ, табиғаты өте әдемі. Биік таулар, көгілдір көлдер, жасыл ормандар мен кең далалар—бәрі біздің еліміздің байлығы, сондықтан табиғатты қорғау – әрбір азаматтың міндеті. «Таза Қазақстан» болу үшін, әр адам егер өз айналасын таза ұстаса, бүкіл Қазақстан да таза болады.

«Таза Қазақстан» — бұл тек табиғат емес,сонымен бірге таза көше, таза аула, таза мектеп. Біз табиғатты ластамай, қоқысты арнайы жәшіктерге тастауымыз керек. Ағаштарды сындырмай, гүлдерді жұлмай, жануарларға қамқор болуымыз қажет .Біз сыныппен сенбілікке шығып, мектеп ауласын тазалаймыз. Таза елде өмір сүру де, бұл өте пайдалы, әрі көңілді жұмыс, мен елімді жақсы көремін және әрқашан оны таза ұстауға тырысамын. «Таза Қазақстан»- бұл табиғатымызды қорғауға тамаша бастама деп ойлаймын, өйткені адамдар өздерінің тұрған жерлерін, көшелерін, саябақтарды, ауылды жерлердегі өзен-көлдерді тазалап,ағаш отырғызып, оларды күтуді қолға алады. «Таза Қазақстан» – бұл тек қоқыс жинау науқаны ғана емес, бұл – сананы өзгерту, адамдарды табиғатты аялау деп ойлаймын.

«Таза Қазақстан» – бұл баршаға ортақ міндет және жарқын болашақ кепілі ғой.Сонымен қатар, табиғат – біздің үйіміз, ал үйімізді таза ұстау – әрқайсымыздың парызымыз. «Таза Қазақстан» – осы жолдағы маңызды қадам болып табылады, өйткені еліміз экологиялық жағынан таза әрі жайлы мекенге айналары сөзсіз.

Кузубаев Мадина

Ы. Алтынсарин ат. №83 мектеп-гимназиясы, 3 «К» сынып оқушысы

Казахстан — это наша родина, и от нас зависит, какой она будет: чистой или грязной. Природа нашей страны удивительная — у нас есть степи, горы, озёра и леса. Мы должны заботиться о ней каждый день, ведь природа — это наше богатство и наша гордость.

Чистота начинается с малого: не бросать мусор на улице, убирать за собой в парке, экономить воду и не ломать деревья. Также нельзя загрязнять реки, вырубать леса и уничтожать животных. Если каждый человек будет соблюдать такие простые правила, наш Казахстан станет чище, красивее и здоровее.

В школе нас учат любить природу. Мы с классом иногда выходим убирать мусор во дворе или возле школы. Это несложно, но очень полезно. Я горжусь, когда вижу, как стало чище благодаря нам.

Я верю, что в будущем люди будут больше уважать природу. Ведь чистая страна — это залог здоровья, красоты и счастья. Если каждый начнёт с себя — с маленького доброго дела, мы сможем сохранить природу Казахстана на долгие годы. Я хочу, чтобы Казахстан был примером для других стран. Всё начинается с нас!

Оразалиева Жасмин

Ы. Алтынсарин ат. №83 мектеп-гимназиясы, 3 «К» сынып оқушысы

Природа — это наш дом, наша жизнь и наше будущее. Всё, что нас окружает: воздух, которым мы дышим, вода, которую пьём, деревья, леса, животные — всё это часть природы.

Сохранение окружающей среды — одна из самых важных задач, стоящих перед человечеством сегодня. Если мы не начнём заботиться о природе сейчас, будущим поколениям может не достаться чистой воды, свежего воздуха и зелёных лесов. Первый и самый простой способ сохранить природу — это не мусорить. Каждый человек может начать с себя: не выбрасывать мусор на улицу, сортировать отходы, сдавать пластик и бумагу на переработку. Даже маленькое усилие одного человека, повторённое миллионами, может привести к огромным изменениям.

Второй важный шаг — экономное использование ресурсов. Вода и электричество — это тоже богатства природы. Нужно стараться не оставлять воду открытой без надобности, выключать свет, когда он не нужен, и использовать энергосберегающие приборы.

Всё это помогает не только природе, но и ощутимо экономит наш семейный бюджет.

Біржанұлы Адият

Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни ат. №85 мектеп-лицейі, 4 «Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қос аласың?

Қоршаған ортаны қорғау — қоғамның денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Соңғы жылдары Қазақстан өз табиғатын

қорғауға белсенді қадамдар жасауда. Қатаң экологиялық стандарттар, су мен ауаны тазарту бағдарламалары және қоғамдастықтың экологиялық бастамаларға қатысуы еліміздің барлық тұрғындары үшін таза және салауатты ортаны құруға көмектеседі. Бұл күш-жігер Қазақстанның барлық азаматтарының тұрақты болашағын құруға бағытталған.

Әр адам өз қаласының таза әрі әдемі болғанын қалайды. Жасыл желекке оранған, қызылды-жасылды гүлдерге толы, тарихи ескерткіштері бар, көрнекті жерлерде қыдырып, суретке түсу әдетке айналған. Ал сол қаламыздың тазалығына көңіл бөлеміз бе? Таза қала болу үшін үлес қосып жүрміз бе? Мәселе осында жатыр. Саябақта серуендеп жүріп шекілдеуік шағып, не ішкен сусын мен жеген тағамдарының қағазын әр жерге қойып, не лақтырып кететіндер жоқ емес. Сол жерде тұрған қоқыс жәшігіне салып кетсе, тазалыққа үлкен үлес қосар еді. Көктемде көшелерге ағаш отырғызуға белсене кіріскен жөн, себебі үлкен өнеркәсіптердің түтіні ауаны ластамай қоймайды. Ал ағаш біздің демалатын ауамызды тазартып, оттегі бөледі.

Қала таза болу үшін әр тұрғын тазалықты өз үйінен, өз ауласынан бастаған жөн. Бірге тазалық үшін күресе білсек, қаламыз таза болмақ. Айналамыздың, қаламыздың тазалығы – біздің денсаулығымыздың кепілі.

Урузбаев Сардар

Шейх Тәми́м бен Хама́д әл-Тәни ат. №85 мектеп-лицейі, 4 «Е» сынып оқушысы

Жизнь на земле зародилась около 3,9 миллиарда лет назад. С тех пор произошло очень много изменений. С каждым годом окружающая среда подвергается вредному воздействию со стороны человека.

С развитием человечества появилось немало проблем, и самая главная из них - загрязнение природы. Улучшив свои условия жизни, люди стали больше загрязнять планету. Каждый год во всем мире около 300 миллионов тонн пластика превращается в отходы. Если мы откажемся от пластика, то это значительно улучшит чистоту нашей планеты. Использование бумажных пакетов вместо целлофановых также приведёт к уменьшению отходов.

Также я считаю, если покупать меньше бесполезных вещей, а потом давать им вторую жизнь, мы поможем планете. Используя меньше воды, мы используем меньше природных ресурсов и меньше загрязняем природу. Например, можно мыть посуду не под краном, а в отдельной ёмкости, а также важно выключать за собой кран при мытье рук. Так мы сможем бережно и экономно расходовать воду. Еще люди могут внести вклад в охрану окружающей среды, реже используя личные автомобили. Согласно статистике, каждая машина ежедневно выпускает около 9 кг углекислого газа. Представьте, насколько чище станет воздух!

Если каждый человек внесёт свой вклад в охрану окружающей среды, то наше положение значительно улучшится. Ведь мы, всё человечество, несём ответственность за нашу планету. Я считаю, что мы обязаны сохранить её и

передать следующим поколениям в целостности и сохранности. Так давайте беречь нашу планету!

Тельман Нұрасыл

Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни ат. №85 мектеп-лицейі, 3 «Ж» сынып оқушысы

Казахстан - это наша страна с богатой природой. Сохранить эти богатства можно только при участии каждого человека.

Мой вклад в «Чистый Казахстан» начинается с простых привычек. Прежде всего, я сортирую мусор дома: отдельно собираю пластик, бумагу. Это позволяет сократить количество отходов, отправляемых на свалки.

Также стараюсь меньше использовать одноразовый пластик. Вместо пластиковых пакетов я беру с собой тканевые сумки, а воду ношу в многоразовой бутылке.

С радостью и воодушевлением во дворе ухаживаем с друзьями за растениями, поддерживаем чистоту. Ведь чистота начинается, в первую очередь, с самого себя.

Таким образом мы вносим вклад в защиту природы.

Чистота природы -это наша общая ответственность. Я верю, что, если каждый начнёт с себя, то и вся страна станет чище. Только вместе мы сможем сохранить чистоту Казахстана для будущих поколений. В каком городе ты хотел бы жить? В чистом или грязном? Ответ очевиден! Мы все хотим жить в чистом и уютном городе, так давайте же вместе сохраним наш прекрасный город.

Берегите окружающую среду!

Бердалы Сезім

М.Әуезов ат. № 86 мектеп-гимназиясы, 4 «Л» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Таза Қазақстан, демек жақсы денсаулық десем қателеспеймін. Таза табиғат тікелей адам денсаулығына байланысты. Таза ауада жүру, тыныс алу қандай керемет! Олай дейтінім мысалы, ата анаммен Бурабай демалыс тауға шығып, ағаштар арасымен серуен жасап, кешкісін қайта қалаға кіре сала байқайсың, таза ауаның сондай ерекше екенін. Дегенмен қазір еліміз дамып, өркендеп келе жатыр.

Көк аспаны жарқыраған,

Табиғаты жайқалған, таза Қазақстан

Өзен-көлі сарқыраған,

Тауынан нәр алған, жаса Қазақстан!

Тәуелсіз бейбіт, ел!

Осы өлең жолдарын Қазақстаныма арнай отырып, өз еліммен, кең байтақ жеріммен мақтанамын.

Еліміздің күн санап дамып келе жатқанына қатты қуанамын. Қазіргі кезде шет мемлекеттен отынсыз жүретін, яғни электрмен жүретін көліктер келіп жатыр. Болашақта мына біздер, жас ұрпақ Таза Қазақстанды да, жаңа Қазақстанды да өркендетеміз деп айта аламын.

Елімнің таза, әдемі болуына қазірден үлесімді қосудамын. Ата-анамның тәрбиесінің арқасында табиғатты аялай білемін. Бауырларыма да қоқысты кез келген жерге тастамау керетігін, ауладағы ойын алаңдарындағы заттарға құрметпен қарау керектігін түсіндіріп айта жүремін.

Қазақстанның таза болуы сіз бен біздің жетістігіміз. Сырттан келген қонақтар, туристер еліміздің таза, көрікті екіне таң қаларлықтай үлес қоса білу керек. Сондықтан таза Қазақстанды толық таза ету үшін адамның түр-сипатына, мансабына, билігіне, ұлтына қарамау керекпіз. Еңкейген кәрі мен еңбектеген балаға дейін елімізді, жерімізді таза етіп ұстауымыз керек. Қазақстанымызды аялайық, құрметтейік!

Сапақ Нұрсая

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы, 3 «К» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі.....

Мен табиғатты қорғаймын, себебі бұл біздің борышымыз. Ал, борышты орындау әрбір адамның міндеті. Егер де адам табиғатты аялай білсе, табиғат көркем де сұлу ал адамдардың денсаулығы жақсы болады. Сондықтан мен табиғатты қорғауға міндеттімін деп санаймын.

Мен Отанымның азаматшасымын. Мен табиғатымды қорғаймын, себебі оның әдемілігін жақсы көремін. Таза болуына үлес қосамын. Ауламдағы қоқыстарды жинаймын және достарымды шақырып, өз тұрған жерін көрікті де әсем болуына қоқыстарды жинауға үндеймін. Егер де табиғаттың сұлулығын сақтау үшін күнделікті өмір салтында осындай іс-әрекеттер жасасақ онда болашақта экологиялық өзекті мәселер туындамайды деп сенемін.

«Табиғатсыз адамның күні жоқ.

Табиғаттың оны айтар тілі жоқ» – дей келе осындай кішкентай қоқыстардан үлкен апат болады. Тіршілік көзі жойылады өмірдің шырағы сөнеді. Әрине мұндай қоқыстар біздің денсаулығымызға да зиянын тигізеді. Сондықтан да табиғатты аялайық және қорғайық.

Қорытындылай келсек осы әлемдегі барлық адам баласы табиғатты қорғап аяласа сол кезде табиғат ананың өзі іштей алғысын жаудыратын еді. Менің бір түсінгенім табиғат ең нәзік жаратылыстың бірі екен.

Сейтхан Сабина

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы, 4 «Ж» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

Мен Қазақстан деген үлкен, әдемі елде тұрамын. Мен өз елімді қатты жақсы көремін. Біздің жерімізде биік таулар, мөлдір көлдер, өзендер, ормандар мен кең дала бар. Табиғат-біздің байлығымыз. Оны сақтау – бәріміздің міндеттіміз.

Қазір Қазақстанда “Таза Қазақстан” деген жақсы іс-шара басталып жатыр. Бұл бастама адамдарды тазалықты сақтауға, табиғатты аялауға шақырады. Біз қоқысты жерге тастамай, ағаштарды сындырмай, суды үнемдеп, қоршаған ортаны таза ұстауымыз керек.

Мектепте мұғаліміміз бізге табиғатты қорғау керек екенін үйретеді. Біз сыныппен сенбілікке шығамыз. Ауладағы қоқысты жинаймыз, ағаш отырғызамыз. Бұл маған қатты ұнайды. Өз қолыммен тазалық жасап, айналанды көркейту – өте жақсы іс.

Үйде де мен анама көмектесемін. Ауламызды сыпырып, гүлдерге су құямын. Қоқысты әр бөлек жәшікке саламын: пластикті, қағазды, басқа қоқысты бөліп тастаймын. Мұндай істер табиғатқа көмектеседі. Ауаны таза ұстамасақ – тыныс алу қиын болады. Суды ластасақ – оны іше алмаймыз. Құстар, балықтар, аңдар – бәрі табиғатта өмір сүреді. Егер біз табиғатты қорғамасақ, олар жоғалып кетуі мүмкін.

Мен болашақта еліміздің тап-таза, жасыл, әдемі болғанын қалаймын. Адамдар қоқысты шашпай, ормандарды көбейтіп, жануарларды қорғаса деймін. «Бір тал кесең, он тал ек деген» – деп, халық бекер айтпаған. Біз табиғатпен дос болуымыз керек. Әр бала, әр үлкен кісі табиғатқа көмектесе алады. Егер бәріміз әрекет етсек, еліміз көркейіп, табиғат бізге алғыс айтады. Мен табиғатты сүйемін! Қазақстанның болашағы таза, жасыл, бақытты болсын деп тілеймін! Таза ауа, таза су, жасыл орман – бұл біздің байлығымыз. Табиғатты аялайық, «Таза Қазақстанды» бірге жасайық.

Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Үйді қалай таза ұстасақ, Отанымызды да солай таза ұстауымыз керек.

Біз – осы елдің болашақ ұрпағымыз. Біз табиғатты қорғасақ, табиғат та бізге қамқор болады. Құстар сайрап, гүлдер өсіп, ормандар жайқалып тұрады. Бұл нағыз бақыт!

Таза Қазақстан – әр баланың, әр адамның жүрегінен басталады. Тазалықты өзімізден бастайық!

Батырханқызы Райжан

А. Құнанбайұлы ат. №87 мектеп-гимназиясы, 3 «В» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі, ол менің тіршілік көзім және болашағым. Ол – біздің үйіміз. Ауа, су, өсімдіктер мен жануарлар бізге өмір сүруге көмектеседі. Табиғатты бүлдірсек, елімізге зиян келтіреміз. Егер табиғат ластанса, біз таза ауа жұта алмай, өмір сүре алмайтын едік.

Табиғаттың әр бөлшегі біз үшін маңызды. Табиғат болмаса бізге өмір бар ма? Біздің жұтқан ауамыз да, тамағымыз да, киіміміз де, үй мен көлік те табиғат ие. Ал, тілсіз табиғаттың бізге айтқысы келген сөздері көп болса да, сөйлей

алмайды. Біз де табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан оны сезінуіміз керек. Оның мұңын да, қуанышын да ести білуіміз керек. Мен өзім далаға шыққанда қоқыс тастамаймын, суды босқа ағызбаймын, гүлді жұлмаймын. Табиғаттың арқасында біз тәтті өмір сүрудеміз. Сол үшін табиғатты қорғауға өз үлесімді тигізуге тырысамын.

Мен табиғатты қорғаймын. Себебі, ол болашаққа апарар жол. Егер бәріміз бірігіп табиғатқа қамқорлық жасасақ, болашағымыз жарқын болады. Оны сүю, қорғау бар адамның борышы. Табиғат – біздің досымыз. Табиғатты әрқашан аялау керек!

Жолдыбек Нұрайым

А. Құнанбайұлы ат. №87 мектеп-гимназиясы, 4 «Е» сынып оқушысы

Қазақстан – өте әдемі, таза, кең-байтақ жер. Біздің елімізде таулар, көлдер, өзендер, ормандар мен далалар бар. Табиғат – біздің асыл қазынамыз. Сондықтан біз оны қорғауымыз керек!

Қоршаған ортаны таза ұстау үшін, ең алдымен қоқысты қоқыс жәшігіне тастау керек. Суды және жарықты үнемдеу де өте маңызды. Су – тіршілік көзі. Оны бекер ағызып жіберуге болмайды. Жарықты да тек керек кезде қосу керек. Ағаштарды да қорғау керек. Олар ауаны тазартады. Әрбір адам жыл сайын бір ағаш отырғызса, еліміз жасыл желекке толар еді. Орманда демалғанда от жақпау, ағаш сындырмау – біздің міндетіміз!

Табиғатқа зиян келтіретін пакеттер мен пластиктің орнына күшті сөмкелер мен бөтелкелер қолдануымыз керек.

Мектепте, үйде, көшеде, қай жерде болсақ та, табиғатқа қамқор болайық! Егер бәріміз бірігіп әрекет етсек, Қазақстанымыз таза, әрі көрікті болар еді.

Табиғатты қорғау – әр адамның борышы. «Таза Қазақстан» – болашақ жарқын өмірге апарар жол! Табиғатты сүйейік, аялайық, қорғайық!

Алимжан Анелия

Қадыр Мырза Әлі ат. №88 мектеп-лицейі, 4 «А» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Табиғат – адамзаттың тіршілік көзі, өміріміздің өзегі. Ауа, су, топырақ, орман – барлығы да табиғаттың баға жетпес байлықтары. Бірақ қазіргі кезде экологиялық мәселелердің артуы – табиғатқа деген немқұрайлы қатынасымыздың нәтижесі. Сондықтан әрбір адам табиғатты қорғауға, оның тазалығын сақтауға жауапты.

Мен де өз тарапымнан табиғатты аялауға бар күшімді салуға тырысамын. Әр адам ең бірінші экологиямыз таза болу үшін өзінен бастауы керек. Егер ол қоқысты жерге тастап, ағаш бұтақтарын сындырса экологиямыз, ауамыз таза болмайды. Сол үшін Қазақстан Республикасының Президенті «Таза Қазақстан» акциясын ашты. Бұл акциялардың мақсаты — қоршаған ортаны тазарту,

табиғатты қорғау және халықты экологиялық мәдениетке тәрбиелеу. Ол акция 2025 жыл 8 сәуірде ашылды. Акция бес аптаға созылды. Әр аптаға ат қойылды. Сол бес аптада көшеттер отырғызылды, ескерткіштер тазартылды, ардагерлер үйі, аулалар, су жағалары тазартылды. Мектептерде сембілік өткізілді. Қазақстан – біздің Отанымыз, кең-байтақ, табиғаты әсем ел. Біз туған жерімізді таза, көрікті және жайлы күйінде сақтауымыз керек. Әрбір азамат табиғатқа жанашырлықпен қарауы қажет. Қоқысты жерге тастамай, арнайы жәшіктерге салу, ағаш отырғызу, суды үнемдеу — бұның бәрі таза Қазақстанға қосқан үлесіміз.

Біз табиғатты қорғай отырып, болашақ ұрпаққа жарқын, жасыл әлем қалдырамыз.

Алимбаева Аиша

Қадыр Мырза Әлі ат. №88 мектеп-лицейі, 3 «Б» сынып оқушысы

Казахстан – наша красивая и большая Родина. Наша страна славится своими просторами, красивыми горами, озёрами, реками, лесами и бескрайними степями. Это настоящий природный рай, в котором живут разные животные и растут удивительные растения. Природа – это наше общее богатство, и мы все должны её беречь и защищать.

Чистый Казахстан – это чистые улицы, прозрачные реки, зелёные парки и свежий воздух. Чтобы сохранить природу, каждому нужно начать с себя: не бросать мусор, убирать за собой, беречь воду и свет, сажать деревья и цветы. Особенно важно заботиться о редких животных и растениях, которые могут исчезнуть, если мы будем безразличны.

В школе мы участвуем в субботниках: убираем территорию, сажаем деревья, ухаживаем за клумбами. Это не только полезно, но и приятно – ведь мы делаем наш мир лучше. Дома тоже можно помогать природе: сортировать мусор, не оставлять воду включённой, выключать свет, когда он не нужен. Маленькие добрые поступки создают большое дело.

Если каждый человек будет заботиться о природе, наша страна станет чище, красивее и безопаснее. Природа в ответ подарит нам здоровье, хорошее настроение и гармонию. Я горжусь тем, что живу в Казахстане, и хочу, чтобы он всегда оставался зелёным, чистым и уютным. Пусть каждый гражданин почувствует ответственность за окружающую среду. Только вместе мы сможем сохранить природу для будущих поколений и сделать Казахстан местом, где хочется жить!

Талғат Адина

№90 мектеп-гимназиясы, 3 «В» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?

Қоршаған орта – бұл біздің өмір сүріп жатқан жеріміз, айналадағы табиғат, ауа, су мен жер. Оның таза болуы – біздің денсаулығымыз бен болашағымыз үшін маңызды. Қоршаған ортаның ластануы, өкінішке орай, табиғатқа үлкен зиян тигізеді. Біз өмір сүріп жатқан ортаның таза болуы үшін әрқайсымыз жауаптымыз. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау – бұл біздің міндетіміз, өйткені таза ортада ғана біз өзімізді жақсы сезініп, әрі ұзақ өмір сүре аламыз. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек? Біріншіден, біз қоқыс тастауды тоқтатуымыз керек. Көшеде, табиғатта немесе өз үйімізде ешқашан қоқыс тастамау керек. Егер бізге бірдеңе жегіміз келсе немесе ішкен сусыннан қалдық қалса, оны міндетті түрде қоқыс жәшігіне тастауымыз керек. Егер қоқыс жәшігі жоқ болса, біз оны үйге дейін апарып тастауымыз керек. Қоқыс тастау – бұл өте жаман әдет, сондықтан да оны тоқтату керек.

Екіншіден, біз табиғатқа қамқорлық жасауды үйренуіміз керек. Бізге ағаштар мен гүлдер өсіру өте маңызды. Табиғатта ағаштар мен өсімдіктер ауа мен судың тазалығын сақтайды. Сондықтан мен өз үйімнің ауласында ағаштар мен гүлдер отырғызамын және оларды күтемін. Сонымен қатар, мектепте де, табиғатта да ағаштарды қорғаймын. Егер ағаштар немесе өсімдіктер кеуіп қалса, біз оларды суаруымыз керек. Осылайша, біз табиғатқа қамқорлық жасай аламыз.

Үшіншіден, суды үнемдеу керек. Біз суды өте көп қолданамыз, бірақ су – шексіз ресурс емес. Егер біз суды үнемдемесек, онда оның қоры азайып, болашақта қиындықтар туындайды. Сондықтан мен суды тек қажет болғанда ғана пайдаланамын. Мысалы, қолымызды жуған кезде немесе тісімізді тазалағанда суды үнемдеймін. Бұл өте қарапайым нәрсе, бірақ біздің экологиямыз үшін өте маңызды.

Төртіншіден, бізге қайта өңдеуге болатын материалдарды дұрыс тастау керек. Пластик, әйнек немесе қағаз сияқты материалдар қайта өңделіп, жаңадан өнімдер жасауға қолданылады. Сондықтан біз пластик бөтелкелерді, қағаз қораптарды және басқа да қайта өңделетін заттарды дұрыс жинап, арнайы контейнерлерге салуымыз керек. Осылайша, біз табиғатқа зиян келтірмей, ресурстарды үнемдеуге көмектесеміз.

Бесінші маңызды нәрсе – бұл экологиялық білім алу. Табиғатты қорғау үшін біз білім алуымыз керек. Мектепте, үйде, табиғатта біз табиғатты қалай қорғау керектігін және қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керектігін үнемі үйреніп отыруымыз керек. Біз мұғалімдерімізден, ата-аналарымыздан және үлкендерден табиғатты қорғаудың маңызы туралы көбірек білуіміз керек.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін бәріміз бірге жұмыс істеуіміз керек. Әрбір кішкентай ісіміз үлкен нәтижеге әкеледі. Қоқыс тастамау, ағаштар мен гүлдерді қорғау, суды үнемдеу және қайта өңдеуге болатын материалдарды дұрыс пайдалану – бұның бәрі табиғатты сақтап қалуға көмектеседі. Егер біз табиғатқа қамқорлық жасасақ, онда ол бізге өз алғысын білдіреді. Таза және әдемі табиғат – бұл біздің болашағымыз, және біз оны бірге сақтай аламыз.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Табиғат – біздің айналамыздағы әлем, ол бізге өмір сүру үшін қажет барлық нәрсені береді. Табиғатта тірі жандар мен өсімдіктер өмір сүреді, ауа, су, топырақ және күн сәулесі бар. Сондықтан біз табиғатты қорғауға міндеттіміз. Егер біз табиғатқа қамқорлық жасамасақ, онда біздің денсаулығымызға және болашағымызға қауіп төнеді. Мен табиғатты қорғаймын, себебі оның таза болуы менің және барлық адамдардың өміріне байланысты. Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат біздің үйіміз сияқты. Егер біз табиғатқа дұрыс күтім жасамасақ, онда біз өзіміздің өмір сүруімізге қауіп төндіреміз. Мысалы, ағаштар ауаны тазартып, оттегіні береді, ал оларды кесу ауа сапасын төмендетеді. Сондықтан мен әрқашан ағаштарды қорғауға тырысамын. Егер бір жерде ағаш кесіліп жатса, мен оны қайта отырғызуға көмектесуге тырысамын. Әрбір ағаш – бұл біздің планетамыз үшін өте маңызды.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі экологияны бұзбау өте маңызды. Егер біз қоқыс тастасақ, топырақ, су мен ауаны ластасақ, онда барлық тірі жандарға зиян келтіреміз. Сондықтан мен ешқашан табиғатқа қоқыс тастамаймын. Көшеге шыққанда, мен өзімнің қоқысымды жинап, оны арнайы қоқыс жәшіктеріне тастаймын. Бұл өте қарапайым нәрсе, бірақ ол табиғатты қорғауға үлкен үлес қосады.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі менің болашағым оған байланысты. Егер біз бүгін табиғатқа зиян тигізсек, ертең ауа ластанып, су тапшы болады. Бұл біздің балаларымыз бен немерелерімізге әсер етеді. Сондықтан мен табиғатты қорғау үшін қажет нәрселерді жасаймын, себебі мен болашақ ұрпақ үшін таза және әдемі әлем қалдыруды қалаймын. Біз тек өзіміз үшін ғана емес, барлық тірі жандар үшін табиғатты қорғауымыз керек.

Табиғаттың таза болуы үшін мен оны үнемі күтіп, жақсы күтім жасауға тырысамын. Мысалы, мен үйімде суды үнемдеймін, оны көп ағызбаймын. Осылайша, мен табиғатқа зиян келтірмеймін және табиғатқа қамқорлық жасаймын. Сондай-ақ, мен ағаштар мен гүлдер отырғызуға тырысамын, себебі олар ауаны тазартады және біздің әлемімізді әдемі етеді.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат біздің ең үлкен байлығымыз. Егер біз табиғатты қорғауға үйренбесек, онда болашақ ұрпақ үшін табиғаттың тазалығы мен әсемдігін сақтау қиынға соғады. Біз әрқайсымыз табиғатқа қамқорлық жасап, оны қорғауға үлес қосуымыз керек. Әрбір кішкентай ісіміз үлкен өзгеріс әкеледі, сондықтан мен табиғатты қорғаймын, себебі ол менің болашағым, менің өмірім және бүкіл әлемнің болашағы.

Қарсыбай Ақжайық

№90 мектеп-гимназиясы, 4 «Г» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Қазақстан – менің туған елім, оның табиғаты өте әдемі және бай. Керемет таулары, кең дала мен таза көлдері – бәрі де өз сұлулығымен таңғалдырады. Бірақ біздің еліміздің табиғаты тек бізге ғана емес, барлық тіршілік иелеріне керек. Сондықтан да, менің ойымша, Қазақстанның табиғатын таза және әдемі етіп сақтау әрбір адам үшін өте маңызды. Бұл біздің міндетіміз, себебі таза табиғат – біздің болашағымыз. Егер біз табиғатты дұрыс қорғамасақ, онда оның әсемдігі жоғалуы мүмкін. Осылайша, мен өз үлесімді қосуды қалаймын.

Мен «Таза Қазақстанға» өз үлесімді бірнеше жолмен қоса аламын. Біріншіден, мен қоқыс тастамауға тырысамын. Көшеде немесе табиғатта жүргенде қоқыс тастау – бұл үлкен қателік. Сондықтан мен әрқашан өзімнің қоқысымды жинап, қоқыс жәшігіне саламын. Егер қоқыс жәшігі бос болмаса, мен оны өзіммен алып кетіп, кейін алып тастаймын. Бұл өте қарапайым, бірақ өте маңызды іс. Біздің барлық әрекеттеріміз еліміздің экологиясына әсер етеді. Егер әр адам осылай жасаған болса, онда еліміз әлдеқайда таза болар еді.

Екіншіден, мен мектепте және үйде тазалықты сақтауға тырысамын. Мектепте сыныптастарымды және достарымды да тазалықты сақтауға үнемі шақырамын. Егер біреу қоқыс тастаса, мен оларды түсіндіруге тырысамын. Сонымен қатар, мен табиғатты қорғау туралы жиі айтып, өз ойларымды бөлісемін. Бізге табиғат өте маңызды, сондықтан оны қорғау үшін біз әрқашан бір-бірімізге көмектесіп, бірігіп жұмыс істеуіміз керек.

Үшіншіден, мен ағаштар мен гүлдерге қамқорлық жасауға тырысамын. Үйімнің айналасында өсіп тұрған ағаштарға су құйып, оларды күтемін. Өсімдіктер бізге таза ауа береді, сол себепті оларды қорғау өте маңызды. Табиғатты қорғау үшін әр адам өз үйіндегі өсімдіктерге де қамқорлық жасауы керек. Егер барлығымыз осылай жасасақ, Қазақстанның табиғаты жыл өткен сайын әдемірек болар еді.

Мен табиғатты қорғауға және Қазақстанды таза ұстауға осындай жолдармен өз үлесімді қосуды қалаймын. Әр адам өз іс-әрекеті арқылы еліміздің табиғатын сақтауға көмек көрсете алады. Бұл өте қарапайым, бірақ маңызды жұмыс. Егер бәріміз бірігіп, табиғатты қорғап, тазалықты сақтасақ, біздің еліміз нағыз гүлденген, таза және әдемі Қазақстанға айналар еді.

Қазақстанның табиғаты біздің қолымызда. Әрқайсымыз табиғатты сақтап, еліміздің әсемдігін қорғауға үлес қоса аламыз. Мен өз үлесімді қазірден бастап қоса аламын. Кішкентай қадамдар үлкен өзгерістерге әкеледі. Таза Қазақстан – бұл біздің болашағымыз, және біз оны бірге құраймыз.

Ілесбай Жанар

№91 мектеп-гимназиясы, 4 «А» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі....

Табиғат біздің анамыз, ортақ үйіміз. Ол бізге өмір сыйлады. Ол су, ауа, жеміс-жидек секілді байлық берді. Сол үшін біз табиғатқа әрқашан

алғысымызды білдіруіміз керек. Алғысты білдіру тек сөзбен емес, іспен болуы тиіс. Ең бастысы біз табиғатты қорғауымыз керек.

Бірақ кейбір адамдар үшін бұл да жеткіліксіз. Олар өмірдің қадірін түсінбей, қуана да білмейді. Адамдар табиғатқа зиян келтіреді: суды үнемдемейді, бекерге ысырап етеді, гүлдерді жұлып, ағашты кеседі, жан-жануарларды өлтіреді. Оған қоса, түрлі зауыттар ауаны қатты ластайды. Бұл адамдар табиғат пен болашақ туралы ойламайды. Олар тек өздерінің өмірін ойлайды.

Менің ойымша, егер осылай жалғаса берсе, болашақта бәрі жойылуы мүмкін. Өйткені адам өзгермесе, табиғаттың көркемдігінен әлемге тиер пайдасы жоқ, жер беті таза ауасыз қалуы мүмкін. Неліктен таза ауасыз? Себебі ағаш пен өсімдіктер ауаны тазартады, ал адамдар сол ағаштарды өз қажеттілігіне жұмсайды.

Сондықтан біз таза ауасыз қалуымыз мүмкін. Сол сияқты судың таусылу да қауіп бар, өйткені қазіргі таңда көп адам суды дұрыс пайдаланбайды: суды үнемдемей, ағызып қояды. Біз таза су ішіп жүргенімізге қуануымыз керек, себебі жер бетінде көп адам таза су ісуге мүмкіндіктері жоқ, олар далада ағатын кір суды ішеді.

Мен осындай адам болмауға тырысамын. Күнде барлық ісімде табиғатты қорғауға тырысып жүрмін. Өскенде мен табиғатты аялап қорғауға бар күшімді саламын. Табиғатты қорғайтын жандардың да бар екеніне қатты сенемін. Осындай табиғатты шын сүйетін, өмірді шын сүйетін адамдар арқасында табиғатты қорғап, сақтап қаламыз деп ойлаймын.

Болатқызы Жібек

№91 мектеп-гимназиясы, 4 «И» сынып оқушысы

Мен Қазақстанда тұрамын. Біздің еліміз өте үлкен және әдемі. Табиғатымыз бай: ормандарымыз, өзен-көлдеріміз, тауларымыз көп. Осындай көрікті елде өмір сүріп жатқанымызға мен қатты қуаныштымын.

Өкінішке орай, соңғы кезде айналамызда қоқыс көбейіп бара жатқанын байқадым. Бұл — өте қауіпті нәрсе. Сондықтан «Таза Қазақстан» деген тақырып мен үшін маңызды. Менің ойымша, Қазақстанды таза ұстау — бәріміздің міндетіміз. Әр адам өзінен бастау керек. Егер әркім өзі жүрген жерге қоқыс тастамай, керісінше тазалап жүрсе, онда бүкіл ел тап-таза болар еді.

Бір күні мен отбасыммен бірге саябаққа бардым. Адамдар демалып отыр, балалар ойнап жүр. Бірақ айналада қытырлақтың қабығы, бөтелкелер, қағаздар шашылып жатыр. Бұл көрініс менің көңілімді түсірді. Табиғат осындай лас болмауы керек. Мен анаммен бірге бірнеше қоқысты жинап, арнайы жәшікке тастадық. Сол сәтте өзімді жақсы сезіндім, өйткені кішкентай болсам да, табиғатқа көмектестім.

«Таза Қазақстан» тек табиғатты тазалау емес, ол — жүрек тазалығы. Егер адам ішінде мейірімділік пен жауапкершілік болса, ол ешқашан қоқыс тастамайды. Ол тазалықты сақтап, өзгелерге де үлгі болады.

Мектебімізде «Тазалық — денсаулық негізі» деген ұранмен сенбілік ұйымдастырылады. Біз барлық оқушылармен бірге мектеп ауласын тазалаймыз. Бұл жұмыс маған ұнайды, өйткені достарыммен бірге еңбек ету - қуаныш. Сонымен қатар біз табиғатқа көмектесеміз.

Мен егер біз табиғатты қорғай білсек, болашағымыз еліміз көркейеді деп ойлаймын. Таза ауа, таза су, таза орман — бұл біздің байлығымыз. Табиғат бізге тек жақсылық әкеледі: жеміс береді, көлеңке сыйлайды, су береді.

Сондықтан мен табиғатты досымдай көремін. Біз табиғатты қорғауымыз керек. Тазалық — денсаулық кепілі. «Таза Қазақстан» — жарқын болашағымыздың бастауы. Табиғатты қорғайық!

Талдыбаева Сафият

№91 мектеп-гимназия, 4 «Г» сынып оқушысы

Я живу в прекрасной стране — в Казахстане. Мне хочется, чтобы она была чистой и красивой. Я понимаю, что чистота страны начинается с каждого из нас.

Я могу внести свой вклад, если буду каждый день делать простые, но важные дела. Например, не мусорить, убирать за собой, не рвать цветы и не ломать ветки деревьев. Когда я гуляю с друзьями, я слежу, чтобы никто не бросал фантики или бутылки на землю.

Я стараюсь рассказывать другим, почему важно беречь природу. В школе мы обсуждаем экологию, и я делюсь своими идеями. Я верю, что даже один ребёнок может повлиять на других, и тогда вместе мы сделаем Казахстан чище.

Мне хочется стать волшебником и одним взмахом палочки освободить страну от мусора. Но я знаю, что настоящая магия — это когда стараются все. Пусть немного, но зато все.

Мы иногда устраиваем маленькие субботники во дворе и собираем мусор. А дома мы сортируем мусор: отходы — бумагу, пластик и пищевые остатки. Я помогаю родителям сдавать пластиковые бутылки. Весной поливаю цветы и деревья. Я люблю ухаживать за растениями и этим люблю заниматься. Очень нравится ухаживать за цветочками. Когда я вижу, как растёт цветок, меня это очень радует, я понимаю, что сделала что-то хорошее. В школе и в деревне я также помогаю этим своей бабушке.

Чистый Казахстан — это страна, где приятно жить, дышать и радоваться каждому дню. И я хочу быть частью этого большого и важного дела! Я мечтаю, что в будущем будет много парков, деревьев и рек. Что бы к нам приезжали гости со всего мира, и говорили, что у нас в стране, очень красиво и чисто.

Мұратбек Расул

Ақжан Әл-Машани ат. №92 мектеп-лицейі, 3 «В» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін, біз табиғатты жақсы көруіміз керек. Әр адамзат табиғатты қорғау керек.

Қазіргі таңда адамдар қыдырғанда, демалғанда қоқыстарды жинамай кетеді, сол себепті қоршаған орта ластанады. Барлық қалаларда арнайы қоқысқа арналған контейнерлер бар. Адамдар қоқысты соған тастаса, оны қайта өңдеп, пайдалы заттар жасауға болады. Сөйтіп қоршаған орта зиянды қалдықтардан тазарады.

Сонымен қатар, мұғалімдер мектепте оқушыларға табиғатты аялау туралы сабақтарда жиі айтып отырса деп ойлаймын.

Теледидарға, әлеуметтік желілерде, радиода табиғатты ластамау туралы хабарлама жиі айтылу керек деп ойлаймын. Қазіргі заманда адамзат көбісі көлікпен жүреді. Көліктердің түтіні табиғатты ластайды, сол себепті велосипедпен немесе жаяу жүрсек жақсы болар еді.

Қорытындылай келе айтарым, қоршаған ортаны таза ұстау әр адамзаттың міндетті. Қазақстанымыз таза болсын!

Думанқызы Еркенұр

Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі, 4 «Б» сынып оқушысы

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек? Қоршаған орта – біздің өмір сүретін ортамыз: ауа, су, жер, өсімдіктер мен жануарлар. Табиғат бізге таза ауа, таза су, азық-түлік береді. Сондықтан оны қорғау – әр адамның міндеті.

Қоршаған ортаны сақтау үшін алдымен қоқысты кез келген жерге тастамау керек. Қоқысты арнайы жәшіктерге салу керек. Қайта өңдейтін заттарды бөлек жинау керек. Балалар табиғатты бүлдірмей, ағаштардың бұтағын сыртырмай, керісінше отырғызса ауа таза болады. Көліктің орнына велосипедпен немесе жаяу жүру адамға да табиғатқа да пайдалы. Суды үнемдеу, жарықты қажет емес кезде жақпау, қарапайым әрекеттер табиғатты тазартуға көмектеседі.

Табиғатты қорғау – барлығымыздың міндетіміз. Ауа таза болмаса, тыныс алу қиын. Соңғы кездерде табиғат ластанып жатыр. Ормандар өртеніп, өзен-көлдердің бетінде қоқыстар жатыр. Оның бәрі адамдардың кесірінен. Табиғатқа шыққан кезде отты сөндірмеу, қоқысты жәшікке салу, судың бетіне қоқыс тастау жиылеп кетті. Бұның барлығы табиғатты аяламау болып табылады. Біз табиғатты қорғасақ, болашақ адамдарды қорғаймыз. Қоршаған ортаны қорғау тек үлкендерге емес балаларға да керек.

Әр адам баласы қоршаған ортасына көбірек көңіл бөлуі керек. Біздің үйде менің ата-әжеммен ата-анам үнемі айтып отырады. Мектептің өмірінде де көптеген игі іс-әрекеттер жасаймыз. Мысалы: мектеп ауласына, құстарға ұя жасап, табиғатқа бір үлесімізді қостық. Менің қоршаған ортаға қосқан ең алғашқы үлесім деп түсіндім. Болашақта әр адамның денсаулығы мықты болсын десеңіз бәріміз жұмыла қоршаған ортаны таза сақтай білейік!

Мурат Алиана

Ақжан Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі, 3 «Б» сынып оқушысы

Я – школьница, и мне небезразлична природа моей страны. Я хочу, чтобы Казахстан был чистым и красивым. Для этого я могу сделать много полезного.

Во-первых, я всегда буду выбрасывать мусор в урну, а не на землю. Если увижу бумажку или фантик на улице, я подниму и донесу до мусорного бака.

Во-вторых, я могу сортировать отходы: складывать пластик, бумагу и стекло отдельно, чтобы их можно было переработать. Ещё я буду беречь воду и электричество: выключать кран, когда чищу зубы, и гасить свет, выходя из комнаты. А если посадить дерево или цветы во дворе, воздух станет чище.

Я расскажу друзьям и родителям, как важно заботиться о природе. Вместе мы сможем сделать Казахстан ещё чище и зеленее!

Давайте беречь нашу планету!

Көшербай Інкәр

№93 мектеп-лицейі, 4 «Г» сынып оқушысы

Тәрбие тал бесіктен басталады демекші үйде үй тазалап ата-анамызға көмектесіп, сыныпта тақта сүртіп, парта жуып, гүл егіп сенбіліктерге белсене қатысуымыз керек. Еңбекпен баулу ұстаздан оқушының үйренуі, есейіп-ержетуін сезініп білуі. «Тазалық – денсаулық кепілі» деп дана халқымыз босқа айтпаған. Бас қала Астана қаламыз да әр қашанда тап-таза қала. Алуан түрлі ою өрнектеліп гүл егілген. Қыс мезгілі күні-түні жолды қалың қардан тазалап жатқанын көреміз. Көктем айлары мен жаз және қоңыр күзге дейін «Жасыл ел», «Таза қала» т.б. мекемелердің қызметкерлері таң атысы, күн батысы жол желектерін, орман, өзен-көлдердің қоқыстарын тазалайды. Міне, таза еңбек!

Көктем айларында қала әкімдері бастаған ірі мекемелер, аурухана, мектеп қызметкерлері т.б. ұйымдардың шырша, ақ қайың, жеміс-жидек, теректер егіп жататынын жиі көреміз. Бұл келешек ұрпаққа өнеге, аманат және жақсы тәрбие деп білемін. Қаламызда қоқыстарға арнайы орындар жетерлік және қоқыс жәшіктердің қоқысты сұрыптауға арналған түрлері де бар. Қоқыстарды сұрыптап сатып алатын мекемелер де ашылды. Міне осындай жұмыстардың барлығы тұрып жатқан өлкеміздің тазалығына кішкентай болса да үлесін қосып жатыр.

Қазіргі таңда әлеуметтік желіде «Экоқала» атты неше түрлі байқауды көреміз. Бұл әдіс те жастарды тазалыққа, ескі затты қайта өңдеп пайдалануға бірден бір үлкен үлес деп айтар едім. Табиғатты аялап, «Таза Қазақстанда» тұрып, болашағымыздың жарқын болуы тек өз қолымызда.

Серғазы Айша

№93 мектеп-лицейі, 3 «Л» сынып оқушысы

Қазақстан — менің сүйікті Отаным. Біздің елімізде биік таулар, жасыл ормандар, әдемі көлдер мен өзендер бар. Осындай табиғат байлығын сақтау – әр

азаматтың міндеті. “Таза Қазақстан” жобасы осыны еске салады. Мен бұл бастаманы қолдаймын және оған өз үлесімді қосқым келеді.

Мен кішкентай болсам да, табиғатты қорғауға көмектесе аламын. Аулаға қоқыс тастамаймын, керісінше, жатса жинап аламын. Мектепте мұғаліммен бірге сенбілікке қатысып, ағаш егеміз. Үйде ата-анама бөлмені таза ұстауға көмектесемін. Пластик бөтелкелер мен қағаздарды бөлек жинауға үйреніп жүрмін. Бұл да табиғатты қорғауға көмектеседі.

Ең алдымен, адамдар табиғатқа жауапкершілікпен қарауы керек. Қоқысты жерге емес, арнайы жәшіктерге тастау керек. Су мен жарықты босқа ысырап етпеу керек. Табиғатқа шыққанда өсімдіктерді жұлмай, жануарларға зиян келтірмеген жөн. Егер әркім осыны ұстанса, қоршаған орта таза әрі көрікті болады.

Табиғат – біздің өміріміздің бір бөлігі. Онсыз адам өмір сүре алмайды. Ауасыз, сусыз өмір жоқ. Табиғат – біздің байлығымыз. Мен оны қорғау арқылы өз болашағымды қорғаймын деп ойлаймын.

«Таза Қазақстан» – әр адамның жүрегінен басталуы керек. Біз табиғатты сақтасақ, Қазақстан әрқашан жасыл, таза және әдемі ел болып қалады.

Серікқали Айпара

№93 мектеп-лицейі, 3 «Г» сынып оқушысы

Қазақстан – менің туған өлкем. Мен өз елімді, оның сұлу табиғатын, орман-тоғайын, өзен-көлін, кең даласын сүйемін. Табиғат – адамзатқа берілген үлкен байлық. Біз сол байлықты қорғауымыз керек.

«Тазалық – денсаулық кепілі» демекші, егер айналамыз таза болса, ауамыз да таза болар еді. Адамдардың денсаулығы да мықты болады. Ал лас ауа – ауру мен зиянның бастауы болмақ. Қоқыс шашып, суды ластау – өзімізге, айналамызға, қоршаған ортаға, болашаққа зиян келтіреді.

Мен әрқашан айналамды таза ұстауға үлес қосқым келеді. Мектеп ауласында, көшеде қоқыс көрсем, міндетті түрде жәшікке салып жинап жүремін. Сабақта да, үйде де тазалық жайлы үлкендерден көп естимін. Ата-анам мен ұстазым маған: «Бір тал кессең, он тал ек», «Табиғатты қорға, таза ұста» - дейді. Сондықтан мен достарыммен бірге сенбілікке шығып, ауланы тазалап, ағаш отырғызғанды ұнатамын.

Қазір елімізде «Таза Қазақстан!» тақырыбында үлкен бастама жүріп жатыр. Бұл – өте дұрыс және маңызды іс. Барша халық бірлесіп, өз қаласын, ауылын, ауласын таза ұстаса, Қазақстан одан да көркейе түсетіні анық. Мен болашақта табиғат қорғаушысы болғым келеді. Табиғатты аялап, қоршаған ортаны сақтауға үлес қоссам деген ниетім бар. Әр адам өзінен бастаса – еліміз таза болады! Таза ел – бақытты ел! Мен Қазақстанның әрқашан жасыл, таза, әдемі болғанын қалаймын!

Есжан Айлин

№95 мектеп-лицейі, 2 «Ж» сынып оқушысы

«Мен табиғатты қорғаймын, себебі...»

Мен Қазақстанда тұрамын. Біздің еліміз өте әдемі. Ормандар, таулар, өзендер мен көлдер – бәрі бізге табиғаттың сыйы. Біз осындай сұлулықты сақтауымыз керек.

Мен «Таза Қазақстан» деген ұғымды жақсы түсінемін. Бұл – елімізді таза ұстау деген сөз. Қоқысты жерге тастамай, қоқыс жәшігіне салу керек. Ағаштарды сындырып, гүлдерді жұлмау керек. Керісінше, ағаш отырғызып, айналаны көгалдандырған дұрыс.

Мен мектепте және үйде тазалықты жақсы көремін. Біз әр сенбі сайын ауламызды тазалаймыз. Бұл – пайдалы әрі көңілді іс. Егер бәріміз тазалықты сақтасақ, Қазақстанымыз әрқашан таза және әдемі болады. Мен өскенде табиғатты қорғайтын адам болғым келеді. Таза Қазақстан – бәріміз үшін маңызды! Қазақстанды ластамайық!

Хамит Иманали

№95 мектеп-лицейі, 3 «А» сынып оқушысы

«Мен табиғатты қорғаймын, себебі...»

Біздің Қазақстан – өте әдемі, ерекше мемлекет. Біздің елімізде көрікті, демалатын орындар өте көп. Мысалы Бурабай, Баянауыл, Қатонқарағай, Алакөл. Басқа елдің адамдары біздің жерімізге қызығады. Бізде әдемі гүлдер көп өседі. Үлкен-үлкен өзендер, көлдер бар.

Қазақстан – кең байтақ, табиғаты керемет ел. Бірақ қазірде ормандағы ағаштарды адамдар кеседі, өзен-көлдер тартылып жатыр, ауа ластанады. Өйткені көліктер көп, зауыт, фабрикаларда бар. Бұл – тек табиғатқа емес, біздің туыстарымызға, достарымызға, көршілерімізге де жаман әсер етеді. Біздің мақсатымыз – қоршаған ортаны қоқыстан сақтау, жан-жағымызды жақсарту және өз іні мен қарындасымызға таза жер туралы үйрету керек.

Әр адам өз ауласынан, өз отбасынан бастап тазалықты жасаса, бәрінің жағдайы жақсы болушы еді.

Себенова Элина

№95 мектеп-лицейі, 4 «Г» сынып оқушысы

Казахстан - моя Родина, и я горжусь её бескрайними степями, горами, озёрами и чистым воздухом. Но с каждым годом всё чаще вижу, как природа страдает: мусор на улицах, загрязнённые водоёмы, дым от машин и заводов. Я понимаю, что сохранение чистоты страны - это не только задача государства, но и ответственность каждого из нас. Поэтому я стараюсь делать всё возможное, чтобы внести свой вклад в чистый Казахстан.

Мой вклад начинается с малого. Я никогда не бросаю мусор на улице, всегда использую урны. Дома мы сортируем отходы: отдельно пластик, бумагу

и пищевые отходы. Моя сестра участвует в школьных субботниках, акциях по посадке деревьев и уборке территории. Это не просто труд -это забота о нашем будущем. Я также стараюсь рассказывать друзьям и одноклассникам, почему важно беречь природу. Вместе мы проводим эко-дни в школе, делаем плакаты, пишем статьи в школьную газету. Маленькие шаги приводят к большим изменениям, если нас будет много. Чистый Казахстан -это не только убранные улицы, но и чистая вода, воздух, сохранённые леса и животные. Это здоровье людей и будущее нашей страны.

Я верю, что если каждый из нас будет заботиться о природе, то Казахстан станет примером экологической ответственности. Мой вклад - это мои действия каждый день. Я начинаю с себя, потому что люблю свою страну и хочу, чтобы она оставалась красивой и чистой

Кизат Саят

№96 мектеп-гимназиясы, 4 «Б» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ...

Таза Қазақстан- әр азаматтың жауапкершілігі. Бүгінгі таңда еліміз «Таза Қазақстан» бастамасы аясында қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сақтауға ерекше көңіл бөлуде. Бұл-жай ғана акция емес, елдің экологиялық қауіпсіздігіне бағытталған маңызды қадам. Таза Қазақстан – бұл әрбір адамның таза ойы мен таза әрекетінен басталады.

Табиғатты қорғау- бәрімізге ортақ міндет. Қалалар мен ауылдарда санитарлық тазалықты сақтау, ағаш отырғызу, қоқысты тастамау - мұның бәрі табиғатқа деген құрметтің көрінісі. Әр азамат күнделікті өмірінде осы қарапайым істерді атқара отырып, Қазақстанның тазалығына үлес қоса алады. Мысалы, мен өз үлесімді қоқыс тастамау, пластикті аз пайдалану, ағаш егу арқылы қосуға тырысамын. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау- адамдардың денсаулығы мен өмір сапасына тікелей әсер етеді. Лас аула мен ластанған су - түрлі аурулардың экологиялық апаттардың себебі. Егер біз табиғатты бүгін сақтамасақ, ертең оның кері әсері ұрпақтарымызға тиеді. Сондықтан экология - болашақтың кепілі.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол- біздің өміріміздің негізі. Ауасыз өмір сүре аламайтынымыз сияқты, біз табиғатсыз да өмір сүре алмаймыз. Табиғаттың әр ағашы, әр тамшысы- баға жетпес байлық. Сондықтан мен оны аялап, қорғауға тырысамын. Табиғатты сүю- Отанды сүюдің бір бөлігі.

Мұхамет Сафия

№96 мектеп-гимназиясы, 3«Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Мен Қазақстанда туғанымға өте қуаныштымын. Біздің еліміз кең, табиғаты әдемі, ормандары мен таулары көп. Қазақстанның әрбір жері ерекше. Біз осы табиғатты таза сақтап, күтуіміз керек.

Мен өз ауылымда немесе қаламда көшеде жатқан қоқыстарды көргенде, көңілім түседі. Себебі бұл – табиғатты ластау. Ал табиғат – біздің екінші үйіміз. Адамдар ормандарды, өзен-көлдерді, ауаны қорғауы қажет. Егер бәріміз тазалық сақтасақ, еліміз көркейеді.

Біз мектепте «Таза Қазақстан» туралы тәрбие сағатын өттік. Сол кезде ұстазымыз табиғатты қорғау жолдарын түсіндірді. Мысалы, қоқысты қоқыс жәшігіне тастау, пластик бөтелкелерді қайта өңдеуге тапсыру, ағаш отырғызу, су мен жарықты үнемдеу – бұлар бәрі табиғатты сақтау жолдары.

Мен үйде анама көмектесемін, ауладағы қоқысты жинаймын. Мектепте «Таза жұма» деген тазалық күні бар. Сол күні сынып болып айналамызды тазартып шығамыз. Бұл – пайдалы іс.

Мен өскенде табиғатты қорғайтын маман болғым келеді. Бәріміз осылай бір-бірімізге үлгі болсақ, Қазақстанымыз таза әрі көрікті елге айналады.

Табиғат – бізге аманат! Оны таза сақтау – біздің борышымыз.

Муратова Зара

№96 мектеп-гимназиясы, 3 «И» сынып оқушысы

Я очень люблю свою Родину- Казахстан. У нас красивые горы, широкие степи и голубые озёра. Мне нравится гулять в парках, дышать свежим воздухом и любоваться цветами. Но иногда я вижу на улицах мусор, и мне становится грустно. Ведь чистый Казахстан- это не только красиво, но и важно для нашего здоровья и будущего.

Что же могу сделать я, маленький гражданин, чтобы наш Казахстан был еще чище? На самом деле, каждый из нас может внести свой вклад. Во- первых, я всегда стараюсь не мусорить на улице. Если я ем конфету или пью сок, я обязательно найду урну, чтобы выбросить обёртку или пакет. А если рядом нет урны, я понесу мусор до дома и выброшу его там. Во- вторых, я думаю, что очень важно беречь природу. Когда мы ходили на пикник с семьёй, мы никогда не оставляем после себя мусор. Мы забираем с собой все бутылки, пакеты и остатки еды. Еще я стараюсь не рвать просто так цветы и ломать ветки деревьев. Ведь каждое растение- это часть нашей природы и его нужно беречь. Чтобы сохранить природу, нужно много разных вещей. Например, экономить воду и электричество дома.

Я верю, что если каждый человек будет заботиться о чистоте и беречь природу, наш Казахстан станет самым красивым и чистым местом на Земле. И я обязательно буду стараться делать все, что в моих силах, чтобы внести маленький, но важный вклад в большое дело- сохранение чистоты нашего любимого Казахстана.

Қасымбек Зере

№98 мектеп-лицейі, 3 «А» сынып оқушысы

Менің Отаным - Қазақстан. Мен Қазақстанды жақсы көремін. Табиғатымыз әсем, орман-тоғай, өзен-көлдеріміз, асқар тауларымыз еліме көрік беріп тұр. Мен табиғатты сақтап қорғау үшін, гүлдерді, ағаштарды сындырмай, жарықты себепсіз пайдаланбай, суды үнемдеймін. Ауладағы ағаш, гүлдерге күтім жасаймын, қоқыс заттарды қоқыс жәшігіне ғана тастаймын.

Табиғатты сақтау үшін, елімізге көбірек эколог мамандары қажет. Болашақта мен қоқысты өңдейтін жаңа жобалар ашқым келеді. Еліме деген сүйіспеншілік, табиғатқа қамқорлық жасаудан басталады.

Әр адам өз ауласын, өз үйін, қаласын, даласын таза ұстаса, біздің Қазақ елі таза болады. Еліміз көркейіп, табиғатымыз әдемі, болашағымыз жарқын, деніміз сау болады.

Қазақстан-бұл біздің ортақ үйіміз, оны сақтауымыз керек. Таза Қазақстан бұл таза ауа, таза су, таза ой, таза жүрек.

Ержанқызы Айлин

№98 мектеп-лицейі, 1 «А» сынып оқушысы

Менің Отаным – Қазақстан. Мен өз елімді жақсы көремін. Біздің еліміз өте әдемі, кең және табиғаты тамаша. Көп қаланы көрмесем де теледидардан көргенім аз емес. Ормандар, таулар, өзендер – бәрі бізге таза ауа мен сұлулық сыйлайды.

Біз табиғатты қорғауымыз керек. Ұстазым үнемі: «Егер табиғатты сүймесен, еліңді де сүйе алмайсың» дейді. Бірақ мен табиғатты өте қатты жақсы көремін. Еліміз таза болу үшін қоқысты көшеге тастамай, жәшікке салу керек. Ағаштарды сындырмай, керісінше көп отырғызуымыз қажет.

Мен мектепте «Таза Қазақстан» туралы көп нәрсе үйрендім. Мен де елімнің таза болуына көмектескім келеді. Табиғатты аялаймын, қоқыс жинауға көмектесемін. Сонда ғана біздің еліміз таза, көрікті әрі әдемі болады!

Менің арманым — таза Қазақстан!

Жолдыбай Жанайым

№98 мектеп-лицейі, 3 «Ә» сынып оқушысы

Менің жасым кіші болса да, өз Отанымның тазалығына қатты уайымдаймын. Барлық облыс, қала, аудан, ауылдардың өте таза болғанын қалаймын. Адамдардың барлығы бірдей тазалық сақтаса екен деп армандаймын. Қай жерде болсын, тазалық сақтамайтын адамдар бар. Біле тұра, құлақ аспайтындары бар. Мысалы, ең көп таралған ластау түрі, ол-қоқыс тастау. Белгіленбеген жерге қоқыс қалдыру, көшеде жерге тастай салу, демалу, серуендеу орындарында шемішке шағу т.б. «Таза Қазақстан» болу үшін мен де өз үлесімді қоса аламын. Өзімнің дүкеннен алған тәттілерімнің сыртқы жабындарын, қалдықтарын қоқыс жәшіктеріне салып жүру. Жерге ешқандай қоқыс тастамау. Егер көшеде, жерде жатқан қоқыс көрсем көтеріп алып қоқыс

жәшігіне салу, табиғат аясына саяхатқа шыққанда қоқыс қалдырмау. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін, адамдарды тазалыққа, жауапкершілікке шақыру керек. Орындалмаған жағдайда айыпшұл салған дұрыс. Балаларды кішкентай кезінен табиғатты аялауға баулу керек. Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат біздің Отанымыз, анамыз. Табиғат бізге ауа, пана, ол біздің өмір сүретін ортамыз. Әдемі, таза табиғат денсаулыққа пайдалы. Табиғатты аялайық!

Аскаров Азимжон

№98 мектеп-лицейі, 4 «Б» сынып оқушысы

Посади дерево — подари жизнь

Мы живём на прекрасной планете Земля. Вокруг нас — леса, поля, цветы, птицы и животные. Всё это — природа, без которой человек не может жить. Особенно важны деревья. «Посади дерево — подари жизнь».

Однажды учитель сказал нам: «Каждый человек должен посадить хотя бы одно дерево» Я задумался: зачем это нужно? И понял, что деревья — это очень важно. Когда человек сажает дерево, он делает доброе дело. Из маленького саженца вырастает большое и сильное дерево. Оно живёт много лет, помогает людям, животным и даже другим растениям. Деревья дают нам воздух, которым мы дышим, дают тень в жару и делают улицы красивыми. Прошлой весной наша школа проводила экологическую акцию «Зеленый Казахстан». Мы с классом вышли на улицу, чтобы посадить деревья на школьном дворе. Мы сажали саженцы клена и елочку. Сами выкопали ямки, аккуратно поставили саженец, засыпали землю и полили водой. Детям было радостно и интересно, почти у каждого появилось свое дерево, за которым мы ухаживаем уже второй год. Наши саженцы растут с нами вместе. Я почувствовал себя настоящим защитником природы. Теперь я иногда прихожу к дереву, смотрю, как оно растёт, и понимаю: я помог появиться новой жизни. Также в нашей школе есть хорошая традиция, когда выпускники 4,9,11 классов сажают по одной елочке от класса в «Аллее выпускников». Посадить дерево — это просто, но очень важно. Так мы делаем мир лучше. Если каждый человек посадит хотя бы одно дерево, наша Земля станет зеленее, чище и красивее. Деревья — это настоящие друзья людей!

Я мечтаю, чтобы возле каждой школы и дома росли деревья, чтобы дети не забывали о природе и заботились о ней. Ведь делая добро — мы делаем жизнь лучше не только для себя, но и для других. Если каждый человек посадит хотя бы одно дерево, наша Земля станет зеленой и чистой. Я хочу посадить еще много деревьев, чтобы помочь природе и своему городу.

Посади дерево — подари жизнь! Это дело, которое приносит радость и остаётся навсегда.

Жолдыбай Жанайым

№98 мектеп-лицейі, 3 «Ә» сынып оқушысы

Менің жасым кіші болса да, өз Отанымның тазалығына қатты уайымдаймын. Барлық облыс, қала, аудан, ауылдардың өте таза болғанын қалаймын. Адамдардың барлығы бірдей тазалық сақтаса екен деп армандаймын. Қай жерде болсын, тазалық сақтамайтын адамдар бар. Біле тұра, құлақ аспайтындары бар. Мысалы, ең көп таралған ластау түрі, ол-қоқыс тастау. Белгіленбеген жерге қоқыс қалдыру, көшеде жерге тастай салу, демалу, серуендеу орындарында шемішке шағу т.б. «Таза Қазақстан» болу үшін мен де өз үлесімді қоса аламын. Өзімнің дүкеннен алған тәттілерімнің сыртқы жабындарын, қалдықтарын қоқыс жәшіктеріне салып жүру. Жерге ешқандай қоқыс тастамау. Егер көшеде, жерде жатқан қоқыс көрсем көтеріп алып қоқыс жәшігіне салу, табиғат аясына саяхатқа шыққанда қоқыс қалдырмау. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін, адамдарды тазалыққа, жауапкершілікке шақыру керек. Орындалмаған жағдайда айыппұл салған дұрыс. Балаларды кішкентай кезінен табиғатты аялауға баулу керек. Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат біздің Отанымыз, анамыз. Табиғат бізге ауа, пана, ол біздің өмір сүретін ортамыз. Әдемі, таза табиғат денсаулыққа пайдалы. Табиғатты аялайық!

Құлмағамбет Амина
№99 орта мектеп, 4 «Б» сынып оқушысы

«Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?»

Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан кең байтақ жер. Мен Қазақстанда тудым. Біз оны таза ұстауымыз керек. Табиғатымызды қорғау осы елде тұратын әр азаматтың міндеті. Табиғат- адамзаттың өмір сүруінің басты кепілі. Ауа, су, топырақ – бәрі де тіршілік үшін өте маңызды. Алайда соңғы жылдары экологиялық мәселелер ушығып келеді. Қоқыс, ластану, орман-тоғайдың жойылуы, ауа мен судың ластануы- осылардың бәрі еліміздің экологиялық ахуалына кері әсер етуде. Сондықтан «Таза Қазақстан» идеясы- тек мемлекеттік бастама емес, әрбір азаматтың жүрекпен қабылдайтын міндеті болуы тиіс. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін, үнемі еңбектену керек. Біз кішкентай болсақта қоршаған ортаны тазалап, жинап отыруымыз керек. Олар көктемде күн жылынғанда ағаштар отырғызады, мектептің ауласын жинайды. Табиғат біздің екінші анамыз.

«Таза Қазақстан» - елімізде жүргізіліп жатқан маңызды экологиялық бастама. Бұл бағдарламаның мақсаты қалалар мен ауылдарды, ормандар мен өзен- көлдерді қоқыстан тазарту. Ортамызды таза ұстау- денсаулықтың кепілі. Қоршаған ортамыздың ластануы түрлі ауруларға әкеледі. Өмір сүру деңгейіміз төмендейді. «Таза Қазақстан» бастамасы халықты табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға шақырады. Мен отбасыммен демалыс күндері орманға барып демалғанды ұнатамын. Таза ауада серуендеп жүреміз. Отырған орнымызды жинап кетеміз. Сенбі күндері сенбілікке шығамыз. Ауланы тазартамыз. Әрине, тек сенбілікке шығып, қоқыс жинаумен шектелмейді. Бұл- тұрмыста пластик пен қағазды сұрыптау, суды үнемдеу, табиғатты бүлдірмеу сияқты әрекеттерден

тұратын үлкен мәдениет. Мемлекетімізде экологияны жақсарту үшін түрлі бағдарламалар қабылдауда. Қоршаған ортаны қорғау дегеніміз- болашақты сақтау деген сөз деп түсінемін. Мен еліміздің табиғаты әрқашан таза, ауасы таза,суы мөлдір болып қала берсе екен деймін. Сол үшін менде өз үлесімді қосуға дайынмын.

«Таза Қазақстан» -бұл біздің елімізге табиғатымызға деген махаббат пен құрметтің белгісі. Біз бәріміз бірге күш салып, туған жерімізді таза ұстасақ, болашақта Қазақстан экологиялық таза әрі көрікті ел болады. Ендеше, туған жерімізді таза ұстау- парызымыз әрі перзенттік борышымыз. Барлық достарымды Қазақстанды таза ұстауға шақырамын.

Қуанышбай Нұрайым
№99 орта мектеп, 4 «А» сынып оқушысы

Қазақстан - кең байтақ, табиғаты көркем, жері құнарлы, байлығы мол ел. Осындай дархан даламызды болашақ ұрпаққа таза, әрі көрікті күйінде қалдыру- әр азаматтың борышы. «Таза Қазақстан» - бұл жай ғана ұран емес,адамның табиғатқа деген жауапкершілігі деп білемін.

Бүгінгі таңда елімізде экология мәселелері аса өзекті. Қоқыстың көбейуі, ормандардың кесілуі,өзен көлдердің ластануы, ауаның бұзылуы – осының бәрі адамзаттың әрекетінен туындаған. Мұндай жағдайлар табиғаттың тозуына алып келеді. Сондықтан елімізді «Таза Қазақстан» атты экологиялық акциялар мен бағдарламалар қолға алынып отыр. Бұл бастамалар ел тұрғындарын қоршаған ортаны таза, ұқыпты ұстауға, табиғатты аялауға, ауаны ластамауға шақырады және әдетке айналдыруға кеңес береді.

Мектебімізде ұстаздар мен оқушылар сенбілікке шығып, мектеп ауласын қоқыстардан тазартып, ағаштар отырғызып, ақтап, өз үлестерін қосып тұрады. «Таза Қазақстан» тек сенбіліктер мен қоқыс жинаудан тұрмайды. Бұл – адамдардың экологиялық мәдениетін қадыптастыру, күнделікті өмірде табиғатқа зиянын келтірмеу, суды үнемдеу, ағаш отырғызу, қайта өңделетін заттарды қолдану сияқты пайдалы әрекеттерді әдетке айналдыру.

Бұл табиғатпен етене өмір сүруіміз. Ол – біздің денсаулығымыздың кепілі, өміріміздің негізі. Егер қоршаған орта ластанса, ол ең алдымен өзімізге зиян. Сондықтан, «Таза Қазақстан» ұғымы – ұлттың денсаулығы, болашақтың кепілі.

Ойымды қорытындылай келе, әрбір қазақстандық табиғатты аялап, туған жерін таза ұстауға үлес қосуы тиіс. «Таза Қазақстан» - жобасы бұл тек бүгінгі емес, ертеңгі күнге де қажетті игі бастама. Еліміздің әрбір азаматы тазалыққа мән берсе, Қазақстан жері көркейіп, таза әрі жасыл елге айналады. Табиғатты қорғау – өзімізді қорғау екенін ұмытпайық!

Төлеген Данель Қанатқызы
№99 орта мектеп, 4 «Г» сынып оқушысы

Экологический вопрос — это одна из важных тем в наше время. Забота о природе — дело всех людей на Земле.

Мой Казахстан — красивая и большая страна. У нас чистый воздух, красивые горы, прозрачные озёра и просторные степи. Я горжусь, что живу в такой замечательной стране. Каждый человек должен беречь природу. Ведь чистота начинается с нас самих — с нашего двора, улицы, парка. Если мы будем сортировать мусор, сажать деревья и не бросать бумажки на землю, наш Казахстан станет ещё чище. Кроме того, очень важно участвовать в акциях по защите природы. Я стараюсь не мусорить и всегда напоминаю об этом друзьям. Когда мы заботимся о чистоте, мы показываем, что любим свою Родину. Также важно помнить, что природа нуждается в защите. Леса, озёра и реки должны оставаться чистыми. Я думаю, что дети и подростки должны быть примером для других.

Я мечтаю, чтобы Казахстан всегда был зелёным, чистым и красивым. В конце хочу сказать, что только вместе мы сможем сохранить природу нашей страны. Чистый Казахстан — это наше общее будущее

Габдуллина Аиша

100 орта мектеп, 4 «А» сынып оқушысы

Қазақстан – өзінің кең байтақ даласымен, тау мен орманымен, өзен мен көлдерімен мақтана алатын ел. Алайда соңғы жылдары экологиялық жағдай күрт нашарлап барады. Қоршаған ортаның ластануы, табиғаттың бүлінуі біздің болашағымызға қауіп төндіруде. «Таза Қазақстан» – тек қазіргі уақыттағы ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де маңызды жоба. Осы орайда біз оған жаңаша көзқараспен қарауымыз керек. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, оның әрбір бұрышы мен ағашы бізге тиесілі.

Қазіргі кезде тек қалаларды ғана емес, ауылдарды да таза ұстау мәселесі маңызды болып отыр. Әр азамат экологиялық жауапкершілікті сезініп, табиғатқа деген көзқарасын өзгертуі тиіс. Бұл дегеніміз – қоқысты жерге тастамау, қайта өндеу жүйесіне қатысу, экологиялық таза өнімдерге басымдық беру, энергияны үнемдеу, су мен ауа сапасына қамқор болу. Мұның бәрі елдің экологиясын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, балалар мен жастарды экологиялық тәрбиеге баулу, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру да өте маңызды. Егер болашақ ұрпақ табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінсе, олар да таза және жасыл Қазақстанды қалыптастыруға үлес қосатын болады.

«Таза Қазақстан» – бұл тек тазалық шарасы емес, ол біздің қоғамның жалпы мәдениеті мен ойлау деңгейінің көрсеткіші. Әрбір адам өз іс-әрекеттерімен экологияға үлес қосса, еліміздің болашағы жарқын болар еді. Табиғатқа деген құрметіміз болашақ ұрпақтың да, өзіміздің де өміріміздің сапасын арттырады. Сондықтан табиғатты қорғау – барлығымыздың ортақ міндетіміз!

Қаиргелді Аңсар
100 орта мектеп, 4 «А» сынып оқушысы

Қазақстан – кең байтақ, әсем табиғатты ел. Ормандарымыз, өзен-көлдеріміз, тау мен даламыз – барлығы бізге табиғаттың берген сыйы. Алайда қазіргі кезде экология мәселелері жиілеп кетті. Қоршаған ортаның ластануы – адамның денсаулығына, жан-жануарлар мен өсімдіктерге зиян келтіреді. Осыған байланысты елімізде «Таза Қазақстан» атты экологиялық акция қолға алынды.

«Таза Қазақстан» акциясының мақсаты – еліміздің әр аймағын қоқыстан тазарту, табиғатты аялауға шақыру және халықтың экологиялық мәдениетін арттыру. Бұл бастамаға әртүрлі жастағы адамдар қатысып, өз үлесін қосуда. Қалада да, ауылда да тұрғындар сенбілікке шығып, көшелерді, саябақтарды, өзен-көл жағаларын тазалап, ағаш отырғызады.

Мектептерде де экологиялық тәрбие алып, табиғатты қорғау туралы үйреніп жатырмыз. Бұл балаларды кішкентай кезінен табиғатқа қамқор болуға тәрбиелейді. Таза орта – салауатты өмірдің негізі. Егер әр адам табиғатқа жанашырлықпен қараса, еліміз көркейіп, болашақ ұрпаққа жасыл ел болып қалады.

«Таза Қазақстан» – бұл тек тазалық емес, бұл – болашаққа деген жауапкершілік. Табиғатты сақтау – әр азаматтың міндеті. Біз бәріміз бірігіп еңбек етсек, елімізді таза, жасыл, экологиялық қауіпсіз мемлекетке айналдыра аламыз. Таза табиғат – жарқын болашақтың кепілі!

Қайрат Ырысбек
100 орта мектеп, 4 «Ә» сынып оқушысы

Менің атым – Ырысбек. Мен Астана қаласында дүниеге келдім. Қазір №100 Жайлы мектептің 4-сыныбында оқимын. Өз елімді, туған жерімді өте жақсы көремін. Табиғатымыз әрдайым таза әрі әдемі болса екен деймін. Сол себепті мен де «Таза Қазақстан» жобасына өз үлесімді қоса аламын деп ойлаймын.

Мен ең алдымен тазалықты өз үйімнен және мектебімнен бастаймын. Қоқысты ешқашан жерге тастамаймын, әрқашан қоқыс жәшігіне саламын. Ауламызда немесе көшеде жатқан бөтелке, қағаз, қалдықтарды көрсем, жинап, тиісті орынға апарамын.

Сенбі күндері ата-анаммен бірге ауламызды тазалаймыз, ағаштар мен гүлдер отырғызамыз. Мектепте өткізілетін сенбіліктерге белсенді қатысып, достарымды да бірге қатысуға шақырамын. Біз осылай бірге жүріп, қоршаған ортаны таза ұстауға үйренеміз.

Әр адам өзінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін іс жүзінде көрсетуі керек. Қалаларда арнайы орындарда қоқыс жинау мен экологиялық айлықтар өткізу сияқты шаралар табиғатқа қамқорлықты арттырады.

Менің ойымша, еліміздің әрбір азаматы табиғатты аялап, тазалықты сақтаса, Қазақстанымыз одан да көркейіп, жұрт қызығатын әдемі елге айналады.

Мен кішкентай болсам да, табиғатты қорғауға үлес қоса аламын. Бұл менің елім үшін жасаған алғашқы қадамым!

Бисен Айару
№101 орта мектеп, 4«В» сынып оқушысы

Қазақстанның табиғаты бай, бірақ соңғы жылдары экологиялық ахуалы нашарлап барады. Қоршаған ортаны қорғау -әр азаматтың міндеті . «Таза Қазақстан» бастамасы елді көркейтуге, еліміздегі ауыл-аймақ, қала, облыс, республика аймағындағы табиғи ресурстарды қорғау мен сақтауға, үнемдеуге бағытталған. Оның нәтижесі – әр адамның әрекетіне байланысты. Мен өз үлесімді табиғатқа қамқорлық жасау арқылы қосамын. Қоқысты жерге тастамай, оны сұрыптап жинаймын.

Сонымен қатар отбасыма, туыстарыма табиғатты қорғаудың маңыздылығын үнемі айтып, оларды да іске қосамын. Қоршаған ортаны таза сақтау – әр адамның күнделікті ісіне айналуы қажет. Ең алдымен, қоқысты арнайы жәшіктерге тастап, оны сұрыптап жинау қажет. Пластик, қағаз, шын сияқты қалдықтарды қайта өңдеуге жіберу арқылы табиғатқа түсетін жүкті азайта аламыз. Сондай-ақ суды үнемдеп пайдалану, қажетсіз шамдарды сөндіру, көлікті аз қолдану – бәрі де қоршаған ортаға пайдалы әрекеттер. Егер барлығымыз осы ережелерді ұстансақ, елімізді таза және жасыл күйінде сақтай аламыз.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі, ол біздің өміріміздің негізі ғана емес, болашақ ұрпаққа қалатын аманат. Табиғат бізге таза ауа, су , азық береді. Егер , біз оған қамқор болмасақ, ол да бізге кері әсерін тигізеді. Сондықтан, мен айналамды таза ұстауға, ағаштарды сындырмауға, қоқыс тастамауға тырысамын. Табиғатты қорғау - бұл тек міндет емес, әр жүректен шығатын ізгі ниет. Біз табиғатты сақтаған соң, ол да бізге жарқын болашақ сыйлайды.

Қараман Айеркем
№101 орта мектеп, 4 «Б» сынып оқушысы

Қазақстан – менің Отаным. Біз табиғаты әсем, кең-байтақ жерде өмір сүріп жатырмыз. Орман, өзен, көл, таулар – табиғат сыйы. Сондықтан біз өз елімізді таза ұстау керекпіз. Табиғатты ластамау – әр адамның міндеті.

Қоқысты жерге тастамай, арнайы жәшіктерге салу, ағаш отырғызу, суды үнемдеу – осының бәрі « Таза Қазақстан» үшін қажет. Егер адам өз айналасын таза ұстаса, еліміз көркейе береді. Мен өз ауламды тазалап, айналамдағы адамдарға үлгі болуға тырысамын. Болашақта еліміздің таза болғанын қалаймын. Әр адам табиғатты қорғауға өз үлесін қоса алады.

Мектептерде экологиялық тәрбие беру өте маңызды. Біз өзімізден кіші балаларға табиғатты сүйуді үйретуіміз қажет. Таза ауа мен мөлдір су – денсаулығымыздың кепілі. Қоршаған ортаны сақтау ұрпақ алдындағы

борышымыз. Қазақстанның көркем табиғатын келер ұрпаққа сол күйінде жеткізу барлығымыздың міндетіміз деп білемін.

Мукаммедияров Марлен
№101 орта мектеп, 4 «П» сынып оқушысы

Что я могу сделать, чтобы внести свой вклад для улучшения экологии Казахстана

Я хочу, чтобы Казахстан был чистым, зелёным и красивым. Природа - это наш дом. Она даёт нам воздух, воду, еду и красоту. Я стараюсь помогать природе каждый день.

Я не бросаю мусор на улице, всегда кладу его в урну. Когда мы с семьёй бываем на природе, мы убираем все за собой и даже чужой мусор, если видим его на земле.

Сохранять чистоту очень важно. Для этого нужно не только самим не мусорить, но и говорить об этом другим. Надо беречь воду, выключать свет, когда он не нужен, не ломать деревья и не рвать цветы зря. Если мы будем сажать деревья и ухаживать за ними, наш Казахстан станет еще красивее.

Я люблю природу и хочу ее защищать, потому что без неё не было бы жизни. Я хочу, чтобы животные жили в лесах, птицы пели на деревьях, а дети могли гулять по чистым улицам. Поэтому я стараюсь каждый день сделать что-то хорошее для нашей природы.

Сабек Балым Алтайқызы
№102 орта мектеп, 3 «А» сынып оқушысы

Менің Отаным – Қазақстан. Бұл әлемдегі ең әдемі, ең байтақ елдердің бірі. Қазақстанның табиғаты алуан түрлі. Мұнда биік таулар, кең дала, өзен-көлдер мен ормандар бар. Бірақ табиғат әрқашан таза әрі көрікті болуы керек. Сол себепті елімізде «Таза Қазақстан» атты үлкен экологиялық бастама қолға алынған. Бұл бағдарлама аясында еліміздің барлық аймақтарында сенбіліктер өткізіліп, өзен-көлдер, саябақтар мен ормандар қоқыстан тазартылады. Біз мектепте «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, мектеп ауласын тазалаймыз. Мұғалімдеріміз бізге қоқысты қалай дұрыс сұрыптау керектігін үйретеді. Мысалы, қағазды, пластикті және әйнекті бөлек жинау керек. Бұл заттар қайта өңдеуге жіберіліп, жаңа заттар жасауға көмектеседі.

Егер біз табиғатты ластасақ, жануарлар мен өсімдіктерге зиян келеміз. Тіпті адамдардың денсаулығы да нашарлайды. Сондықтан біз тазалықты бала кезден бастап үйренуіміз керек.

Мен өз қаламдағы тазалықты сақтауға тырысамын.

Айманбек Каусар
№102 орта мектеп, 3 «Ә» сынып оқушысы

Қазақстанға қандай үлес қоса аламын?

Мен Қазақстанда дүниеге келдім. Өз Отанымды өте жақсы көремін. Болашақта еліміздің дамуына үлес қосқым келеді. Ол үшін мен қазір жақсы оқып, тәртіпті болуым керек.

Мен күнде мектепке барып, білім аламын. Ұстаздарым үйреткен әрбір сабақты мұқият тыңдаймын. Себебі білімді болсам, болашақта дәрігер, ұстаз немесе ғалым бола аламын. Сонда мен елге көмектесемін.

Сондай-ақ мен табиғатты қорғауға, қоқыс тастамауға тырысамын. Бұл да еліміздің таза әрі әдемі болуына көмектеседі.

Менің арманым — Қазақстанды әлемге таныту. Ол үшін шет тілдерін үйреніп, елім туралы шетелдіктерге айтып бергім келеді.

Мен кішкентай болсам да, елім үшін үлкен істер жасай аламын. Ол — жақсы оқып, тәртіпті болып, ата-анам мен ұстаздарымды тыңдау.

Бауыржан Айназ
№102 орта мектеп, 4 «Ә» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын

Табиғат – бізді қоршаған әсем әлем. Ол – ормандар, таулар, өзендер мен көлдер, гүлдер мен ағаштар, жануарлар мен құстар. Табиғат – біздің өміріміздің ажырамас бөлігі. Адамдар таза ауа жұтып, таза суды ішіп, табиғаттың берген сыйымен өмір сүреді. Сондықтан табиғатты қорғау – әр адамның міндеті деп ойлаймын.

Мен табиғатты өте жақсы көремін. Әсіресе көктем мен жаз мезгілінде табиғат тіптен құлпырып кетеді. Айнала жасыл түске оранып, құстар ән салып, гүлдер түрлі-түске боялады. Осындай көркем табиғаттың әдемі болып қалуы үшін біз оған қамқорлық жасауымыз керек.

Мен табиғатты қорғау үшін өз үлесімді қосуға тырысамын. Мысалы, қоқысты кез келген жерге тастамаймын, оны арнайы жәшікке саламын. Үлкендермен бірге сенбіліктерге қатысып, ауланы, саябақты тазалаймыз. Ағаш отырғызу шараларына қатысамын. Үйде суды ысырап етпеймін, жарықты да тек қажет кезде ғана жағамын. Бұл да – табиғатты сақтау жолы.

Сыныптастарыммен бірге табиғат туралы суреттер салып, өлеңдер жаттап, экологиялық тәрбиеге арналған іс-шараларға қатысамыз. Мектептегі мұғалімдер бізге табиғатты аялаудың маңызын түсіндіреді. Сол арқылы біз оны қорғауды үйренеміз.

Табиғатты қорғамасақ, ормандар азайып, жануарлар жоғалып кетуі мүмкін. Ауа мен су ластанады, адамдар да ауыра бастайды. Сондықтан табиғатқа жанашырлықпен қарау – болашақ ұрпаққа аманат.

Мен өскенде табиғатты қорғайтын маман болғым келеді. Мүмкін орманшы, мүмкін биолог болармын. Бірақ қандай маман болсам да, табиғатқа деген махаббатымды жоғалтпаймын. Табиғатты сүю – Отанды сүюмен тең.

Қорытындылай келе, табиғат – біздің екінші үйіміз. Біз оны қалай қорғасақ, ол да бізге сондай қамқорлық жасайды. Әр адам табиғатқа жанашыр болса, Жеріміз көркейіп, болашағымыз жарқын болады. Мен табиғатты қорғаймын және барша адамды табиғатты аялауға шақырамын

Сейіл Мариям Жандосқызы

№106 орта мектеп, 3 «З» сынып оқушысы

Казахстан — моя Родина. Я люблю свою страну. У нас много красивых мест: горы, реки, озёра и леса. Чтобы природа оставалась красивой, её нужно беречь и не мусорить.

В нашей стране проходит акция «Чистый Казахстан». Люди убирают мусор, сажают деревья, ухаживают за парками и дворами. Я тоже стараюсь помогать: не бросаю мусор, убираю возле дома и в школе.

Если каждый будет заботиться о природе, Казахстан станет ещё чище и красивее. Давайте вместе сделаем нашу Родину чистой!

Дәулетқұл Бакдәулет

№106 орта мектеп, 3 «Қ» сынып оқушысы

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер – еліміздің ең өзекті тақырыптарының бірі. Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Адамзаттың денсаулығы мен болашағы тікелей қоршаған ортаның тазалығына байланысты. Осы орайда Қазақстанда «Таза Қазақстан» атты экологиялық бастаманың қолға алынуы өте маңызды әрі дер кезінде жасалған қадам деп есептеймін.

«Таза Қазақстан» — бұл тек бір реттік акция емес, бұл – қоғамды қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға тәрбиелейтін кешенді бағдарлама. Оның мақсаты — елді мекендерді күл-қоқыстан тазартып, табиғатты аялауға, экологиялық мәдениетті арттыруға шақыру. Бұл бастама аясында ормандарды қоқыстан тазарту, өзен-көл жағалауларын күтіп ұстау, ағаш отырғызу және халықты экологияға бейжай қарамауға үндеу жүргізілуде.

Мұндай игі істерге әр азамат өз үлесін қоса алады. Мысалы, қоқысты арнайы орындарға тастау, қалдықтарды сұрыптау, су мен энергияны үнемдеу сияқты қарапайым әрекеттер арқылы үлкен өзгерістерге жол ашуға болады. Бұл тек экологияға ғана емес, болашақ ұрпаққа да қалдыратын аманатымыз болмақ.

Қорытындылай келе, "Таза Қазақстан" бастамасы – әрбір қазақстандықтың жүрегінде жауапкершілік сезімін оятатын маңызды іс-шара. Табиғатты қорғау – тек мемлекеттік емес, бүкіл халықтың міндеті. Еліміздің ертеңі таза ауада, жасыл табиғат аясында өмір сүретін ұрпақтың қолында.

Өркен Айша
№106 орта мектеп, 3 «Д» сынып

Мен Қазақстанды жақсы көремін. Біздің еліміз кең, табиғаты әдемі, өзен-көлдері көп. Табиғатты таза сақтау – әрбір адамның міндеті. Сол үшін елімізде «Таза Қазақстан» деген жақсы бастама бар.

«Таза Қазақстан» дегеніміз – көшелерді, ормандарды, өзен-көлдерді қоқыстан тазарту. Біз қоқысты жерге тастамауымыз керек. Ағаш отырғызып, гүл егу – табиғатты қорғаудың бір жолы.

Мен өз отбасыммен бірге сенбі сайын ауламызды тазалаймыз. Мектепте ұстаздарымыз бізге табиғатты сүюді үйретеді. Егер бәріміз табиғатты қорғасақ, еліміз таза, әдемі болады.

Мен таза Қазақстанды армандаймын!

Жасталап Шұғыла Назарбекқызы
№107 орта мектеп, 4 «Ә» сынып оқушысы

Қазақстан – кең байтақ даласы, таза ауа мен табиғи ресурстарға бай мемлекет. Бірақ соңғы жылдары экологиялық жағдайдың нашарлауы, табиғатқа қатысты жауапсыздықтың артуы ел үшін үлкен қауіпке айналып отыр.

Қазіргі уақытта еліміздің болашағы мен табиғи ресурстарын қорғау мәселесі өзекті болып табылады. Сондықтан «Таза Қазақстан» ұғымы тек экологиялық тазалықты ғана емес, сонымен қатар табиғатқа деген жауапкершілік пен еліміздің дамуы үшін қажет болашақ ұрпаққа таза орта қалдыруды білдіреді. Таза Қазақстанды қалыптастыру үшін әрбір азаматтың атқаратын рөлі өте маңызды. Әркім өзінің күнделікті өмірінде қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тырысуы керек. Қалдықтарды бөлек жинау, қайта өңдеу, табиғатты қорғау шараларына қатысу сияқты қарапайым іс-әрекеттер арқылы экологиялық сананы арттыруға болады. Мысалы, қоқыс төгетін орындарға барып, әр түрлі қалдықтарды дұрыс жоюды үйрену, энергия мен суды үнемдеу, көгалдандыру жұмыстарына қатысу сияқты қадамдар еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуға әсер етуі мүмкін.

Қорыта айтқанда «Таза Қазақстан» – бұл еліміздің болашағы үшін маңызды мақсат. Таза ауамен тыныс алып, табиғи байлықтарды сақтап, экологиялық жауапкершілікті арттыру арқылы біз таза және тұрақты Қазақстанды құра аламыз. Болашақ ұрпақ үшін жасалған әрбір қадам еліміздің экологиялық жағдайын жақсартып, біздің табиғатқа деген сүйіспеншілігіміз бен жауапкершілігіміздің көрінісі болмақ.

Полатхан Медина
№107 орта мектеп, 3 «А» сынып оқушысы

Табиғат – адамның өмір сүруіне қажетті ең қымбат байлық. Ауамыздың таза, суымыздың мөлдір, орманымыздың жайқалып тұруы – барлығы біздің табиғатқа деген қамқорлығымызға байланысты.

Мен, «Таза Қазақстанға» көмектесу үшін айналамды таза ұстаймын. Қоқысты жерге тастамаймын, арнайы жәшіктерге саламын. Пластик пен қағазды бөлек жинап, қайта өндіретін жерге апарамын.

Ағаш отырғызу іс-шараларына қатысып, өзгелерге табиғатты аялауды насихаттамын. Табиғатты қорғау әрбір азаматтың парызы.

Біз бүгін табиғатты қорғасақ, ертең табиғат бізді қорғайды.

Мұратбек Айару

№107 орта мектеп, 4 «А» сынып оқушысы

Мен Қазақстанда тұрамын. Біздің еліміз өте әдемі. Табиғатымыз – кең дала, биік таулар, мөлдір өзендер мен таза ауа. Осындай әсем табиғатты сақтау – бәріміздің міндетіміз.

Кейде көшеде, саябақта немесе орманда шашылып жатқан қоқысты көремін. Бұл – табиғатқа зиян. Егер әр адам қоқысты жерге тастамай, тазалықты сақтаса, еліміз бұрынғыдан да көркейе түседі.

Мектепте бізге табиғатты қорғау туралы көп айтады. Мен өз ауламды таза ұстаймын, қоқысты қоқыс жәшігіне саламын. Ата – анама көмектесемін. Достарыммен бірге сенбіліктерге қатысамын.

Менің арманым – Қазақстанның барлық аймағы таза, жасыл және әдемі болса екен. Ол үшін бәріміз бірігіп табиғатты аяулауымыз керек.

Сондықтан мен күнде ауламды қарап, жерге тасталған қағаз не бөтелке көрсем, көтеріп қоқыс жәшігіне саламын. Әр адам осылай істесе, табиғатымыз әрдайым таза болады. Мен достарыма да тазалықты сақтауды үйретіп жүрмін. Біз бірге ағаш егіп, гүл отырғызып сенбілікке қатысамыз. Осындай жақсы істер арқылы елімізді таза, көрікті және жайлы мекенге айналдыра аламыз. Тазалық тек – тек қоршаған ортада емес жүрегіміз де болуы керек.

Мен табиғатты жақсы көремін сол үшін мынандай қысқа өлең жолдарын да шығардым:

Таза болсын туған жер,

Шашпа қоқыс таза жүр.

Ауламыз да тау да таза

Сонда жайнап тұрар біз.

Бәріміз бірге табиғатты қорғасақ, біздің Қазақстанымыз жасыл, таза, әдемі болады. Таза Қазақстан – біздің ортақ үйіміз!

Айтпай Дамир

№108 орта мектеп, 3 «Ә» сынып оқушысы

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау еліміздің басты міндеттерінің бірі. Табиғат-адамзаттың өмір сүру ортасы, ал оны таза ұстау әр адамның міндеті. Осы орайда Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» атты экологиялық бастама елімізді жасыл әрі таза болашаққа бастайтын маңызды қадамдардың бірі. «Таза Қазақстан» тек қоқыс жинау немесе сенбілік өткізу ғана емес, бұл елдің-тоғайын ,ауыл мен қаласын экологиялық тұрғыда сауықтыруға бағытталған шара. Әсіресе болашақ жастарға таза қоршаған орта қалдыру басты мақсат.

Қазақстан кең байтақ ел. Оның жері де,суы да мол. Бірақ соңғы жылдары адамның араласуынан табиғатқа зиян келіп жатқаны жасырын емес. Өзендер ластанып, ормандар оталып, қоқыстар көбейіп кетті. Мұның бәрі қоршаған ортаға ғана емес адам денсаулығына да кері әсерін тигізеді. Сондықтан «Таза Қазақстан» - әрбір адамзатты ойландыратын әрекетке шақыратын бастама.

Кусаинов Батыр

№108 орта мектеп, 3«Ә» сынып оқушысы

Мен Қазақстанымды өте жақсы көремін. Табиғатымыз әдемі, орман-тоғайларымыз, өзен-көлдеріміз көп. Бірақ, сол табиғатты таза ұстау әр адамның міндеті. Мен де «Таза Қазақстан» жобасына өз үлесімді қоса аламын. Ең алдымен,өзім тұратын үйдің ауласын таза ұстаймын. Қоқысты жерге тастамай, арнайы жәшікке саламын. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін қоқыс тастамау керек. Ағаштарды сындырмай, гүлдерді жұлмай, оларды қорғау қажет.

Табиғатқа серуенге шыққанда да өзімізден кейін қоқыс қалдырмауымыз керек. Егер әр адам осындай қарапайым ережелерді ұстанса, еліміз әрқашан таза әрі көрікті болады. Табиғат-біздің болашағымыз. Оны қорғау- барша халықтың борышы.

Таза Қазақстан -таза болашақ. Әрбір адам өз үлесін қоса алса еліміз гүлдене түседі. Мен кішкентай болсам да, табиғатты сүйемін және оны қорғауға тырысамын.

Мұхан Әли

№108 орта мектеп, 3 «Ә» сынып оқушысы

Менің отаным – кең байтақ Қазақстан. Қазақстан – табиғаты тамаша орман – тоғайы, өзен – көлі, биік таулары мен шөбі шүйгін даласы бар ғажайып мемлекет. Осындай көрікті жеріміздің әрқашан таза әрі сұлу болып тұруы бізге байланысты. Табиғатты қорғау әр адамның міндеті.

Мен «Таза Қазақстан» бастамасын жақсы көремін. Бұл елімізді таза, көркем етуге жасалған іс-шара. Мен бұл бастамаға өзімнің кішкентай болсада үлесімді қоса аламын. Мысалы ауладағы қоқыстарды жинауға көмектесемін, мектеп ауласында тазалықты сақтаймын. Сонымен қатар табиғатқа зиян келтірмей, оны қорғауға тырысамын. Қағазды, суды, жарықты үнемдеймін.

Үйде, мектепте қажет емес заттарды босқа қолданбаймын. Егер көшеде бөтелке, қоқыс көрсем, оны көтеріп қоқыс жәшігіне саламын. Достарымада солай істеуді айтамын.

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін, біз бірнеше маңызды нәрсені есте сақтауымыз керек. Бірінші, қоқысты кез-келген жерге тастамау, қоқыс жәшігіне тастау керек. Екіншіден, ағаштарды сындырмай отырғызу керек. Үшіншіден, су мен ауаны ластамау керек.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі табиғат-біздің ортақ үйіміз. Таза табиғат бізге денсаулық, таза ауа, жақсы көңіл-күй сылайды. Егер, біз табиғатты қорғамасақ, болашақта ауамыз ластанып, өсімдіктер мен жануарлар азайып кетуі мүмкін.

Мен өскенде де табиғатты қорғайтын азамат болғым келеді. Табиғатты жақсы көретін, жан-жануарларға қамқор болатын адам боламын. Мен өз елімнің таза, көрікті болуына өз үлесімді қосамын!

Абдулла Раяна Игілікқызы
№109 орта мектеп, 3 «Б» сынып оқушысы

Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?

Мен Қазақстанның таза болғанын қалаймын. Қазақстандағы әр адам әрдайым қоқысты арнайы қоқыс тастайтын жәшікке тастау қажет. Болашақта Қазақстанның лас болғанын қаламаймын, мысалы үйде қоқыс тастауға ерініп, жерге тастай салмаймыз, әрдайым қоқыс тастайтын жәшікке салу керек.

Мен Қазақстанды жақсы көремін, таза Қазақстанды жақсы көремін!

Біз ағаштарды, гүлдерді, көлдерді, өзендерді аялап сақтауымыз керек. Кейде тауға шыққанда қоқысты қайда тастауды білмей, көлдерге өзендерге тастап жатамыз, бұл да қателік. Қай жерде де таза Қазақстан, таза аймақ болу керек. Әр жерде қоқыс жәшігі бар, бірақ сондада қоқыс тастайды. Адамдар сіздерге айтарым: елімізді таза ұстайық! Жеріміз таза, суымыз мөп-мөлдір, жайқалған жап жасыл ағаштарымен бағалы. Менің елім ең таза ел деп ойлаймын. Болашақта біз ең таза, ең көрікті ел болуымыз керек. Қазақстанның ауасы таза. Оның бәрі ағаштардан, көлдерден өзендерден келеді. Егер біз ағаштарды кесіп, өзендерді ластап жүрсек ауа ешқашан тазармайды. Оның бәрі еңбекпен келеді. Адамдар, достар, сіздерден сұрарым: қоқыс жинап жүрейік!

Қазақстанымыз таза болу үшін тазалықты өзімізден бастасақ екен, достар!

Тұран Алина
№109 орта мектеп, 4 «Б» сынып оқушысы

Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

Мен табиғатты жақсы көремін. Табиғат – бұл көк аспан, жасыл орман, тап-таза су, жайқалған гүлдер мен ән салған құстар. Табиғат болмаса, біз де өмір сүре алмаймыз.

Мен табиғатты қорғаймын, себебі ол — біздің үйіміз. Ағаштар бізге оттегі береді, өзендер шөлімізді қандырады, ал жануарлар мен құстар жерімізді көрікті етеді. Егер біз табиғатты ластасақ, онда бәрі жойылып кетуі мүмкін. Отбасымызбен үйде қоқысты бөліп жинаймыз: бөтелкені бөлек, қағазды бөлек тастаймыз. Су мен жарықты бекерге жақпаймын. Далада қоқыс көрсем, жерге тастаймын. Үйде жарықты босқа жақпай, суды да үнемдеп пайдаланамын. Мен ағаш отырғызып, құстарға жем шашып, табиғатқа қамқор боламын. Егер әр адам табиғатты сүйіп, қорғай білсе, болашағымыз жарқын болады. Мен болашақта орманшы немесе эколог болғым келеді. Сонда мен елімді таза сақтауға көмектесемін. Мен табиғатты жақсы көремін, сондықтан оны қорғауға тырысамын

Таза Қазақстан — бұл менің арманым! Ол үшін әрқайсымыз табиғатты қорғауымыз керек.

Ақылбеков Таир

№109 орта мектеп, 3 «К» сынып оқушысы

Я живу в красивой и большой стране — в Казахстане. Мне очень хочется, чтобы моя Родина всегда была чистой, зелёной и уютной. Я понимаю, что чистота зависит не только от взрослых, но и от нас, детей.

Каждый человек может внести свой вклад. Например, я стараюсь не мусорить на улице, всегда выбрасываю мусор в урну. Дома я помогаю маме убирать, сортирую бумагу, пластик и стекло. Это помогает переработке отходов.

Ещё я участвую в школьных субботниках. Вместе с одноклассниками мы убираем двор школы, сажаем деревья и цветы. Это очень интересно и весело, а ещё мы делаем доброе дело для природы.

Я также могу рассказать друзьям и родственникам, почему важно сохранять природу. Чем больше людей будет заботиться о чистоте, тем чище станет наш Казахстан.

Мы ещё дети, но даже мы сможем помочь нашей стране быть чистой. Я не бросаю мусор на улицу, всегда убираю за собой. Если вижу бумажки или бутылки на земле, я поднимаю их и выбрасываю в мусорку.

Я верю, что даже маленькие поступки могут изменить мир. Если каждый из нас будет стараться, то наша страна станет ещё красивее и чище. Я горжусь тем, что могу внести свой вклад в чистый Казахстан!

Балмагамбетова Айым

№112 орта мектеп, 4 «З» сынып оқушысы

Казахстан — моя Родина. Это большая, прекрасная и богатая природными ресурсами страна. Наши бескрайние степи, величественные горы, чистые реки и озёра делают Казахстан поистине уникальным. Мне хочется, чтобы он всегда оставался таким — зелёным, чистым и красивым.

Однако в последнее время всё чаще можно заметить, как люди оставляют мусор в лесах, на берегах водоёмов, бросают отходы прямо на землю. Это огорчает. Пластик, который разлагается сотни лет, может нанести огромный вред животным и растениям. Брошенная бутылка или пакет — это не просто мусор, это угроза жизни для природы.

Я считаю, что чистота страны начинается с каждого из нас. Если каждый человек будет ответственно относиться к окружающей среде, убирать за собой, сортировать мусор, сдавать пластик и бумагу на переработку — тогда наша страна действительно станет чище.

В нашей школе мы участвуем в экологических акциях: убираем территорию, сажаем деревья и цветы. Мне нравится участвовать в таких мероприятиях. Я понимаю, что, делая даже небольшой вклад, я помогаю своей стране, своей планете. Это вдохновляет.

Моя мечта — чтобы люди больше заботились о природе. Ведь охрана окружающей среды — это не просто забота о красоте, это забота о здоровье людей, о будущем Казахстана. Чистый воздух, чистая вода, зелёные парки — всё это нужно не только нам, но и следующим поколениям.

Сохраняя природу, мы выражаем уважение к нашим предкам и любовь к Родине. Казахстан достоин того, чтобы быть чистым, ухоженным и процветающим. И я готова внести свой вклад в этот путь — с маленьких, но важных шагов.

Дегенбай Райан

«SMQ» дарынды балалар мектеп-интернаты, 3 сынып оқушысы

Біз далада жүргенде су қоймаларында, ормандарда және көшелерде қоқыстың шашылып жатқанын көреміз. Бұл – адамның табиғатқа деген немқұрайлығының салдары. Сондықтан қоршаған ортаны сақтау үшін ең алдымен, қоқыс тастауды тоқтатуымыз керек. Қоқысты жерге емес, арнайы жәшіктерге тастайық. Қолымыздан келсе, айналамызды тазартып жүрейік.

Халқымызда «Судың да сұрауы бар» деген сөз бар. Су – тіршілік көзі. Оны ластанбай, қорғау – біздің парызымыз. Зауыттарды табиғатқа зияны тимейтін аймақтарға орналастырып, жасыл желекпен қоршау қажет.

Егер әрқайсымыз табиғатты аяласақ, еліміз көркейіп, Қазақстан таза, әрі жасыл елге айналады.

Жұмабай Раяна

«SMQ» дарынды балалар мектеп-интернаты, 3 сынып оқушысы

Әр адам өз Отанының таза болғанын қалайды. Бірақ әрекет жасамайды. Таза Қазақстан — бұл салауатты өмір. Біз өзімізден кейін жинап жүрсек, басқа адамдар да өздерінен кейін жинайды. Кейбір адамдар «қоқыс жинайтын адамдар бар» деп, жерге қоқыс тастай салады. Біз ондай болмауымыз керек. Ағаштарға

рақмет. Олар түрлі-түрлі зауыттардан келетін, көліктерден шығатын ауаны өздеріне алып, бізге таза ауа береді. Қазақстанда көп қала бар, бірақ біз барлық жерді тазалай алмаймыз. Сол үшін менің идеямды қабыл алыңыздар.

Басқа қалалардағы жолдас, туыс адамдарға айтып, табиғатты тазалай аламыз. Қоқыс тастап, біз табиғатқа тек зиян келтіреміз. Шіркін, біздің табиғатымыз тек аялап, көңіл бөліп, ләззат алуды ғана талап етеді ғой. Әр қазақстандық өз үлесін қосуды өзінен бастау керек.

Қоқыспен ластанбау, табиғатқа аса ізетпен қарау, қоқыс көрсек, жинап жүру де кіреді. Сонда ғана біз дамимыз, әйтпесе тек патриот болудан пайда жоқ. Айыппұлмен шешілмеген мәселені тек сыйластықпен шешуіміз керек.

Қуанышбек Айғаным

«SMQ» дарынды балалар мектеп-интернаты, 4 сынып оқушысы

Егер мен «Таза Қазақстан» жобасының мүшесі болсам, мен ағаш отырғызып, күн, жел, су энергияларын пайдаланып, қала тұрғындарын осыны пайдалануға үгіттеп, темекі шекпей, электр көліктерімен жүріп, пластик және қайта өңделмейтін қоқыстардың санын азайтып, қажет болмаған заттарды қайта пайдаланар едім.

Табиғатқа көмек көрсету керек. Себебі табиғат жалғыз, ал біз көппіз. Егер табиғат болмаса, біз де жоқпыз. Экологияны қорғау — біздің міндетіміз. Қазақстанның тазалығы — өз қолымызда.

Алдағы уақытта экологияның дамуына өз үлесімді қосамын.